Проведенный нами анализ глагольной лексики помог убедиться в такой специфике ее употребления, которая подтвердила мысль о принадлежности произведения О. О. Сулейменова «Азия» к научно-публицистическому стилю речи. Использование глаголов речемыслительного действия, тщательный отбор нужного значения и определение его грамматической формы в должной мере способствовали исполнению авторского замысла.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Сулейменов, О. О. «Азия». – Алматы, 2002.
- 2 Словарь иностранных слов / Главн. ред. Ф. Н. Петров. – М., 1991. – 600 с.
- 3 **Виноградов, В. В.** Русский язык (грамматическое учение о слове). – М., 1972. – С. 337-511.
- 4 **Ожегов, С. И.** Словарь русского языка. – М. : Русский язык, 1984. – 797 с.
- 5 **Розенталь, Д. Э.** Практическая стилистика. – М., 1986.

Материал поступил в редакцию 23.11.15.

*Г. Қ. Алтынбекова*

**О. Сулейменовтың «Азия» шығармасындағы етістік лексикасының семантикалық құрылымы**

Оңүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент қ.  
Материал 23.11.15 баспаға түсті.

*G. K. Altynbekova*

**A semantic structure of verbal vocabulary in «Asia» by O. Suleimenov**  
South-Kazakhstan State Pedagogical Institute, Shymkent.  
Material received on 23.11.15.

*Мақаланың нысаны О. О. Сулейменовтың «Азия» шығармасы болып табылады. Түсіндірме сөздіктердің негізінде етістік лексикасының семантикасын анықтап, автор стилстикалық талдаудың аспектісін қарастырды. Бұл шығарманың жанрлық тектілігін дәлелді тезисі болды.*

*The object of the analysis was the work of O. O. Suleimenov «Asia». With the help of dictionaries, the author has established the semantics of the verbal vocabulary used in the work and appealed to the stylistic aspects of the analysis to make a convincing thesis of the work's genre affiliation.*

УДК 81'42:81'276.6

**О. К. Андрющенко**

к.ф.н., доцент кафедры русского языка и литературы, Павлодарский государственный педагогический институт

## **АССОЦИАТИВНОЕ ПОЛЕ КОНЦЕПТА «КРАСОТА» В РУССКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКОВОМ СОЗНАНИИ**

*Статья посвящена описанию ассоциативного эксперимента по выявлению национально-культурной специфики концепта «красота». Автором выявляются общие и специфические черты данного концепта в русской и английской культуре. Проведенное исследование показало, что метод свободных ассоциаций является одним из самых мощных инструментов исследования специфики языкового сознания в малых социальных группах.*

*Ключевые слова: концепт, ассоциативный эксперимент, опрос, ассоциат.*

Ассоциативный эксперимент – это прием, направленный на выявление ассоциаций, сложившихся у индивида в его предшествующем опыте. В психологическом словаре ассоциативный эксперимент определяется как особый метод исследования мотивации личности [1].

Обычно различают три вида ассоциативных экспериментов:

- свободный, в котором испытуемому предлагают ответить словом – R, первым пришедшим в голову при предъявлении слова – S, ничем не ограничивая ни формальные, ни семантические особенности слова – R;
- направленный, в котором экспериментатор некоторым образом ограничивает выбор предполагаемой R, накладывая определенные ограничения (например, отвечать только существительными и т.д.);
- цепной, в котором испытуемому предлагают ответить любым количеством слов – R<sub>i</sub>, первым пришедшим в голову при предъявлении слова – S, ничем не ограничивая ни формальные, ни семантические особенности слов.

Свободный ассоциативный эксперимент широко известный и давно используемый в психолингвистике (см. обзор литературы: Залевская, 1979) [2], в семасиологии (см. описание: Левицкий, Стернин, 1989) [3], а в последнее время – в когнитивной лингвистике. По мнению Р. М. Фрумкиной, «ассоциации могут сказать нам очень многое о тех неосознаваемых структурах, в которых мы мыслим окружающий нас мир» [4, с. 32].

С целью выявления разнообразия ассоциативных связей концепта «красота» нами был проведен ассоциативный эксперимент. Испытуемым предлагалось записать первые пришедшие на ум реакции на указанное слово – стимул. При обработке результатов эксперимента учитывались все ассоциаты, в том числе и единичные. В эксперименте участвовали 119 испытуемых: студенты I-IV курсов филологического факультета и школьники 8-11 классов гимназии для одаренных детей № 3 г. Павлодара. Возраст испытуемых: 14-20 лет.

Общее число реакций – 595.

Число разных реакций – 154.

Число единичных реакций – 76.

При обработке результатов сходные по смысловому содержанию ассоциаты обобщались. Полученные данные были распределены по семантическим группам:

#### 1) Когнитивные ассоциаты (всего 288):

- Ассоциаты, связанные с человеком: мама (82), девушка (12), женщина (25), сестра (5), бабушка (9), учительница/преподаватель (15), кумир (2).
- Ассоциаты, связанные с природными явлениями (13): жара (1), солнце (2), рассвет (1), месяц (1), вечер (1), звезды (1), воздух (1), тепло (5)
- Ассоциаты, относящиеся к животному миру (4): бабочка (2), лебеди (2), кошка (3), львица (1), змея (2).
- Физиологические ассоциаты (38): секс (8), свидания (6), прикосновение (1), прогулки (2), поцелуй (10), встречи (6), наслаждение (3).
- Семейные ценности (55): семья (22), свадьба (2), брак (1), пара (2).

- Негативные ассоциаты (43): слезы (4), ссоры (5), терпение (2), переживание (1), обиды (2), страдания (1), сложности (1), равнодушие (1), бессонница (1), тоска (1), разлука (6), ревность (5).

- Красота как материальная ценность (15): богатство (1), ценности (2), конфеты (1), платья (1), подарки (2), деньги (1), розы (3), цветы (4), торт (12).

#### 2) Эмоциональные и «чувственные» ассоциаты:

- Этические и эстетические ассоциаты (ассоциаты-синонимы) (97): гармония (56), звезда (29), мир (4), жизнь (17), уважение (16), доверие (15), поддержка (3), внимание (2), забота (5), страсть (7), симпатия (5), воспоминание (2), влечение (3), мечта (6), игра (2), ласка (6), дружба (16), душа (2), имя (3) (Ануар, Саша, Карина), взаимоотношения (11), надежда (3), романтика (2), ответственность (2), притяжение (3), сердце (4),

- Ассоциаты, связанные с эмоциями и оценкой (172): верность (14), радость (15), счастье (25), популярность (31), безумие (1), вдохновение (1), волнение (1), молодость (1), нежность (18), искренность (4), смех (2), взаимопонимание (24), понимание (20), отношения (8), добрая (4), честная (1), чувства (25), легкая (1), эмоции (3), открытая (1), преданность (2), лучшее (1), незабываемые моменты (2), хрупкая (1), шикарная (1), умная (1), жертвенная (1), долгая (1), первая (2), прекрасная (4), бесконечная (1), храбрая (1), благополучная (1), большая (1), клева (1), яркая (1), безответная (2), вечная (2).

- Ассоциаты по цвету: красная (5).

- Ассоциаты по вкусу: сладкая (1), горькая (1)

- 3) Индивидуальные ассоциаты (28): смысл, старость, свет, стрела, сообщения, звонки, защита, расстояние, дорогой, точка, подвиг, взгляд, развлечения, мысли, круглый, нить, недоверие, невесомость, интерес, рождение, конкретность, удача, разговоры, достоинство, окружение, опора, он и я, стихи.

Представленные группы формируют ассоциативно-когнитивную модель концепта «красота». Ассоциативно-вербальная сеть концепта «красота» включает несколько участков. Базовый состав ассоциативного поля формируется следующими ассоциатами-синонимами: человек, гармония, чувство. Красота связана с чувствами, которые оцениваются положительно (счастье, радость, теплота, нежность); отрицательно (страдание, тоска), а также с чувствами, которые получают свою оценку в конкретной ситуации (страсть, самопожертвование). Этические и эстетические категории: понимание, доверие, преданность являются сопутствующими признаками данного чувства. Мнение молодых людей подтверждает данную семантику концепта – группа ассоциатов-синонимов является одной из самых больших. Наличие негативных ассоциатов доказывает существование когнитивной метафоры красоты как уникального, редкого явления, не подвластного воле человека. По мнению респондентов, указавших значительное количество негативных ассоциатов, красота является даром, а люди, обладающие им – счастливыми.

Исключительность красоты подтверждается следующими ассоциатами: волшебство, клева, жизнь, он и я, гармония, яркость, редкость, популярность, поклонники и др.

Ассоциаты, указывающие на семейные ценности отмечены многими респондентами, что говорит о тесной связи красоты с личной жизнью, успешность которой зависит от внешности человека. Чувственная природа красоты отражается в следующих ассоциатах: страсть, поцелуй, прикосновение, клева. Данная группа когнитивных ассоциатов является самой многочисленной, что демонстрирует обширные связи концепта «красота» с другими концептами и их характеристиками с точки зрения синтагматики.

Уникальность красоты, ее избранность и иррациональность подтверждается рядом ассоциаций: ссоры, обида, равнодушие, тоска, бессонница и др. Такие ассоциации отражают наивно-языковое представление русского народа о красоте как непостоянном и не зависящем от воли человека явлении.

Анализ ассоциатов к слову-стимулу «красота» позволяет выявить ассоциативное значение концепта: красота – гармония, единственная в своем роде особенность, вызывающая у человека позитивные эмоции, удовлетворяющая эстетические потребности человека, доставляющих удовольствие и радость чувствам (глаз, ухо), интеллекту.

Анализ ассоциативного поля англоязычных респондентов (52 человека) показал, что в понятийном ядре английского концепта такой признак красоты, как её внутренний, духовный характер, выражен более ярко и сопровождается этической оценкой (возвеличивающих душу).

Также в понятийном ядре английского концепта выражен признак интенсивности этической оценки данного феномена, отсутствующий в понятийном ядре русского концепта.

Среди того, что может быть красивым, чаще всего назывались в порядке убывания частотности: природа, цветы, дети, женщины, отношения, архитектура (nature, flowers, babies, mothers, women, relationship, architecture).

Частично выявленные в результате анкетирования понятийные признаки соответствуют понятийному ядру анализируемого концепта. Так, природа, цветы, архитектура относятся к категории красивого по признаку «комбинация качеств, доставляющих удовольствие и радость чувствам (глаз, ухо), интеллекту»; дети, женщины – по признаку этическая характеристика (поскольку и те и другие чаще всего являются объектами любви и обожания).

Как показал их анализ, всеми респондентами выделяются значения:

beauty – комбинация качеств, доставляющих удовольствие и радость чувствам (глаз, ухо), интеллекту: the best (4), unforgettable moments (2), fragile (5), chic (12), clever (9), obligatory (1), long (3), first (7), wonderful (15), endless (9), brave (8), safe (10), large (4), bright (3), unreciprocated (6), eternal (6).

beauty – совокупность качеств, возвеличивающих душу: mutual relations (2), hope (9), romanticism (20), responsibility (13), attraction (9), heart (10).

beauty – этическая оценка: handsome (25), beautiful (30), womanlike (38), iking (7), remembrance (9), appetence (10), dream (12), game (2), caress (2), friendship (7).

beauty – изящное, превосходное качество: loyalty (18), gladness (12), happiness (23), popularity (28), madness (15), inspiration (5), agitation (9), youth (4), tenderness (5), sincerity (2), laughter (6), mutual understanding (6), understanding (5), relations (14), kind (18), is honest (4), feelings (8), easy (5), emotions (15), open (5), devotion (9).

Эти признаки составляют понятийное ядро концепта «beauty» в английском языке. Такие признаки, как: beauty – пропорция, симметрия; beauty spot – родинка; beauty shop – салон красоты, – составляют периферию понятийного ядра концепта «beauty».

Таким образом, в сознании носителей английского языка красота выступает не просто как внешний признак человека, а именно человека успешного, наделенного хорошими внутренними качествами. Необходимо оговориться, что ассоциаты, характеризующие английское языковое сознание, были записаны не у носителей языка, а у казахстанцев, изучающих английский как иностранный. Следовательно, претендовать на выводы, не требующие дальнейшего исследования, мы не можем. Анализ проводился с целью сравнения современного понимания концепта «красота» молодежью, одинаково хорошо владеющей обоими языками. Образный и аксиологический анализ концепта «красота» исследовался нами на примере паремиологического фонда русского и английского народов, который по причине ограниченного объема статьи, сюда не вошел.

Анализ ассоциативного поля «красота» показал, что современные носители русского и английского языков воспринимают данное понятие как гармонию, единственную в своем роде особенность, вызывающую у человека позитивные эмоции, удовлетворяющую эстетические потребности человека, доставляющих удовольствие и радость чувствам, интеллекту.

Ассоциативно-вербальная сеть концепта «красота» в обоих языках включает несколько участков. Базовый состав ассоциативного поля формируется следующими ассоциатами-синонимами: человек, гармония, чувство. Красота связана с чувствами, которые оцениваются положительно (счастье, радость, теплота, нежность); отрицательно (страдание, тоска), а также с чувствами, которые получают свою оценку в конкретной ситуации (страсть, самопожертвование). Этические и эстетические категории: понимание, доверие, преданность являются сопутствующими признаками данного чувства. Мнение молодых людей подтверждает данную семантику концепта – группа ассоциатов-синонимов является одной из самых больших.

Наличие негативных ассоциатов доказывает существование когнитивной метафоры красоты как уникального, редкого явления, не подвластного воле человека. По мнению респондентов, указавших значительное количество негативных ассоциатов, красота является даром, а люди, обладающие им – счастливыми.

Проведенное исследование показало, что метод свободных ассоциаций является одним из самых мощных инструментов исследования специфики языкового сознания в малых социальных группах. Подводя итог вышеизложенному, мы можем сделать вывод о том, что в настоящее время происходят существенные изменения в содержании образов языкового сознания носителей культуры: молодые люди ассоциируют «красоту» не только с традиционным пониманием данного концепта, но и связывают его с индивидуальным представлением о данном чувстве, наделяют его новыми признаками (к примеру, интересны ассоциации душа, скромность, ум, мир, природа, указывающих не на внешнюю сторону красоты, а внутреннюю, духовную). Таким образом, проведение свободного ассоциативного эксперимента позволяет не только изучить предмет речи с точки зрения языка, но и выявить частотные ассоциации у носителей языка с помощью ассоциаций, что впоследствии помогает воссоздать целостную семантическую модель исследуемого концепта в сознании носителей языка.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Психологический словарь под ред. В. П. Зинченко, Б. Г. Мещерякова. – 2-е изд., перераб. и доп. – М. : Педагогика – Пресс, 1996. – 440 с.
- 2 **Залевская, А. А.** Межъязыковые сопоставления в психолингвистике. – Калинин, 1979.
- 3 **Левицкий, В. В., Стернин, И. А.** Экспериментальные методы в семасиологии. – Воронеж, 1989.
- 4 **Фрумкина, Р. М.** Психолингвистика: Учеб. для студ. высш. учеб. заведений. – М. : Издательский центр «Академия», 2001. – 320 с.

Материал поступил в редакцию 21.06.15

*О. К. Андриющенко*

**Орыс және ағылшын тілдік сана сезімдеріндегі «сұлулық» концептісінің ассоциативтік шеңбері**

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.  
Материал 21.06.15 баспаға түсті.

*О. К. Andryushchenko*

**Associative field of the concept of «beauty» in the English and Russian linguistic consciousness**

Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.  
Material received on 21.06.15

*Ұсынылған мақалада «сұлулық» концептісінің ұлттық-мәдениеттік ерекшеліктерін анықтау үшін жасалған ассоциативтік эксперименттің сипаттамасы талқыланған. Автор орыс және ағылшын мәдениеттеріндегі «сұлулық» концептісінің жалпы ортақ және спецификалық ерекшеліктері анықтаған. Кіші әлеуметтік топтамаларының тілдік сана-сезімдеріндегі ерекшеліктерін анықтауына бағытталған зерттеу жұмыстары нәтижесінде еркін ассоциация әдісі ең қолданымды екендігін көрсетті.*

*The article describes the associative experiment aimed at determination of the cultural identity of the concept of «beauty». The author reveals the general and specific features of this concept in the Russian and English culture. The study showed that the method of free association is one of the most powerful tools for research of specifics of language consciousness in small social groups.*

ӘОЖ 821. 512. 122 (091)

**К. С. Әбдіқалық<sup>1</sup>, Қ. Т. Жанұзақова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., профессор м.а., қазақ әдебиеті кафедрасы; <sup>2</sup>ф.ғ.д., профессор м.а., қазақ әдебиеті кафедрасы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

## **СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МӘТІНДІК АЙЫРЫМДАР**

*Бұл мақалада Сүйінбай Аронұлы шығармаларының мәтіндік айырымдарына талдау жасалынады.*

*Кілтті сөздер: тестология, толғау, жинақ, тұрақты мәтін, қате, мәтін тарихы, айтыс, т.б.*

Сүйінбай Аронұлының шығармалары әр кезеңде түрлі жинақтарда жарияланып келгені белгілі. 1931 жылы С. Сейфуллиннің «Қазақтың кеспе әдебиеті» деген халық әдебиетіне арнаған жинағында ақынның «Шапырашты



Сүйінбайдың қартайғанда айтқаны» деп аталатын өлеңі жарияланса, 1935 жылғы алғаш рет І. Жансүгіров пен Ф. Ғибатованың шығаруымен «Сүйінбай ақын» деген жинақ жарық көрді. Содан бері Сүйінбай шығармаларын жариялау мен жинақтарын шығару ісі үзбей жалғасын тауып келеді. «Үш ғасыр жырлайды» /1965/, «Айтыс» /1965, 1988/, «Бес ғасыр жырлайды» /1989/, «Ай, заман-ай, заман-ай» /1991/, «Жеті ғасыр жырлайды» /2004/, тағы басқа жинақтарда жарияланған шығармаларын айтпағанда, ақынның 1975 жылғы «Жазушы» баспасынан шыққан «Ақиық» жинағынан бастап өз алдыны бірнеше шығармалар жинағы жарық көрді. Ал осы шығармалар жинағы қайдан, кімнен алынды дегенде, зерттеушілердің айтуына қарағанда, оны Қазақстан ҒА мен Қырғызстан ҒА-ның сирек кездесетін қолжазбалар қоры мен ақынның туған келіні М.Малыбаевадан алынған бірнеше қолжазбасының негізінде осы жинақтар құрастырылған көрінеді.

Сүйінбай Аронұлы шығармаларын «Бес ғасыр жырлайды» /1989/ жинағы мен «Он ғасыр жырлайды» /2006/ жинағындағы нұсқалармен салыстырғанда өлең жолдарындағы сөздер мен сөз тіркестері ғана емес, тұтас өлең жолдарының өзі өзгеріске ұшырағанын аңғарамыз. Мысалы, ақынның «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» деп аталатын өлеңінің 13-жолы 1989 жылғы жинақта «*Жақсы адам қай жерден ажырайды*» [1] деп берілсе, 2006 жылғы жинақта «*Нышаны кем болса да адамдықтың*» [2] деп берілген. Өлеңнің 27,28-жолдары 1989 жылғы жинақта:

Жақсы болар баланың жүзі жақсы,

Орыстың күймей піскен бөлкесіндей (320-бет)

– деп берілсе, 2006 жылғы жинақта:

Жақсының айтқан сөзі тиянақты,

Түйенің аумайтұғын өркешіндей (197-бет),

– деп өзгертіліп берілген.

Сондай-ақ ақынның «Жұмыққа» өлеңінің 7-жолы 1989 жылғы нұсқада «*Өмірді келген, кеткен аңдамайсың*», 11-жолы «*Қиял мінез, томырық, от пен жалын*» деп берілсе, 2006 жылғы нұсқада «*Өмірді келген-кеткен аңламайсың*», «*Қиял мінез, томырық мұз секілді*» деп берілген. Сонда өлең жолдарындағы сөздер мен сөз тіркестерінің өзгеріске ұшырауынан гөрі, тұтастай өлең жолдарының ауыстырылып берілуі ойға қонымсыз. Бірақ өзгертілген өлең жолдары шығарманың идеялық-мазмұнына соншалықты нұсқан келтірмейді. Десек те келешекте Сүйінбай Аронұлы шығармаларының ғылыми басылымын әзірлеуде текстологиялық принциптерге жүгіне отырып, мәтін тұрақтылығына мұқият көңіл бөліну қажет.

Ақын мұраларының ішінде «Сүйінбай мен Тезек төре айтысының» мәтіні де әр жинақта әр түрлі берілген. Тіпті, газетте жарияланған осы айтыстың мәтіні де бір бөлек. Олай болса, ақынның «Жазушы» баспасынан шыққан «Айтыс» /1965, 1988/, «Ақиық» /1975/, «Сүйінбай. Шығармалары» /1990/, «Сүйінбайдың шығармалары» /1993/, 1996 жылғы «Білім» баспасынан

шыққан «Сүйінбай. Таңдамалы шығармалары» және «Қазақ әдебиеті» газеті /1988, 18 ноябрь/ мен «Жетісу» газетіндегі /1990, 23 қаңтар/ нұсқаны қолға алып, мәтіндік айырымдарына тоқталайық. Бұл арада 1988 жылғы жинақ пен «Қазақ әдебиеті» газетіндегі және 1990 жылғы жинақтық нұсқаның мәтіні бірдей. Ескере кететін жайт, алда кездесетін «Жетісу» газетіндегі нұсқаны 1990 жылғы нұсқа деп аламыз.

Сүйінбайдың бұл айтысы «Қазақ әдебиеті» газетінің /1988, 18 ноябрь/ «Жыр-шежіре» айдарында С. Садырбаевтың дайындауымен басылып, онда «Бұл айтыстың тұрақты көркем текстологиясы жасалды. Соны оқушының назарына ұсынып отырмыз» [3,10 б.] делінген. Бұдан кейін «Жетісу» газетінің /1990, 23 қаңтар/ «Әдеби дерек» айдарында «Өлеңнің қызыл желі» деген тақырыпта С. Дәуітовтің дайындауымен бір нұсқасы жарияланды. Онда ел аузынан және Жамбылдан естіген халық ақындарының жырларын Қазақ ССР Ғылым академиясы кітапханасының сирек кездесетін қолжазбалар қорына өткізген Кенен Әзірбаев материалдарының ішінен «Сүйінбай мен Тезектің айтысы» және «Сүйінбайдың Тезектің өлген баласына көңіл айтқаны» деп аталатын екі шығармасын алып бергендігі туралы айтыла келіп, «Осы материалдардың өзіндік көркем ерекшелігі – мұнда кейбір сөз, кейбір шумақ, өткір айтылған сын, әдемі әзіл-қалжың Сүйінбайдың басқа айтысында жоқ. Сондықтан бұл айтысты баспасөзде жариялауды мақұл көрдік. Бұл еңбек ақынның алдағы уақытта басылып шығатын көркем текстологиясын жасауға әбден қажет деп білеміз» [4,4 б.] делінген.

Сонымен «Сүйінбай мен Тезек төре айтысының» мәтіні бұл газетте 158 жолмен, ал «Қазақ әдебиеті» газетінде /1988, 18 ноябрь/ 261 жолмен берілген. 1988 жылғы жинақ пен «Қазақ әдебиеті» газетінен кейін сегіз жылдан соң осы С.Садырбаевтың құрастыруымен жарық көрген 1996 жылғы жинақта бұл айтыс 248 жолдан тұрса, алдыңғы 1965 жылғы жинақта 86 жол, 1975 жылғы жинақта 198 жолмен берілген.

Барлық нұсқаларда айтыс Тезек төренің екі ұрысына ұрысып жатқанынан басталады. Бұл мәтін 1975, 1996 жылғы жинақтарда 28 өлең жолынан құралса [5], 1988 жылғы нұсқаларда 38 өлең жолынан, «Жетісу» газетінде /1990, 23 қаңтар/ 20 өлең жолынан тұрады. 1965 жылғы жинақта берілмеген. Мысал ретінде бірінші шумағының мәтінін толық келтірсек, 1975 жыл мен 1988 жылғы нұсқаларда:

Арғы атам *Әділ төре*, Тезек атым,

Асып тұр *Ұлы жүзден салтанатым*.

*Біріңнің* басың жарық, қолың сынық,

*Ұялмай не деп келдің*, екі қатын (293-б.)?!)

– деп басталса, 1990 жылғы нұсқада:

Арғы атам *хан Абылай*, Тезек атым,

Асып тұр *бұл үш жүзден салтанатым*.



Екі ұрың, қолың сынық, басың жарық,  
Қашипсың жылқышыдан екі қатын (4-б.),

– деп берілген. 1996 жылғы жинақта:

Абылай – арғы затым, атым Тезек,  
Жан бар ма өлмейтұғын темір өзек.

Біріннің басың жарық, қолың сынық,  
Ұялмай не деп келдің, екі кезеп (77-б.),

– деп беріледі. Барлық нұсқаларда бірдей екінші шумақ 1990 жылғы нұсқада жоқ. 1975 жылғы мен 1990 жылғы нұсқада бірдей берілген үшінші шумақ 1996 жылғы жинақта кездеспейді, ал 1988 жылғы нұсқаларда ол шумақ алты жолға ұзарып, яғни, «Қоянның сүйегіндегі сүйегің бар, Сендерді шешелерің ұл деп тауып» деген екі өлең жолы қосылған. 1975 жылғы жинақтағы «Шымылықтай екеуіңнің жүрегің бар» деген бірінші жолы қалған нұсқаларда «Шымылықтың жүрегіңдей жүрегің бар» деп берілсе, «Қалжа қой сен туғанда жеген шығар» /1975, 1990/ деген өлең жолындағы «сен туғанда» сөз тіркесі 1988 жылғы нұсқаларда «екеуіңе» деп берілген. Екі адамға қарап айтып жат-қаннан кейін «екеуіңе» сөзі орынды шығар. «Қаштың ба жыл-қышыдан, жаман мұндар» /1975, 1990/ деген соңғы тармағы 1988 жылғы нұсқаларда «Қаштың ба қорқақтықтан, өңшең мұндар» деп өзгертіліп берілген.

1975 жылғы жинақтағы «Бірталай Албан, Дулат ел емес пе» деп басталатын 8 жол өлеңнің мәтіні әр нұсқада әр түрлі өзгеріске ұшырап, тіпті, 1988 жылғы нұсқаларда 16 жолға ұзартылып берілген. Сондай-ақ «Мен іздеп екеуіңді бармас па едім» (1975, 1988) деп басталатын өлең шумағының мәтіні де 1990 жылы мен 1996 жылғы нұсқаларда бірдей емес.

Тезек төренің екі ұрыдан кейінгі Сүйінбайға айтқаны 1965 жылғы нұсқада 6 шумақ, 1975 жылғы нұсқада 8 шумақ, 1988 жылғы нұсқаларда 6 шумақ, 1990 жылғы нұсқада 9 шумақ, 1996 жылғы нұсқада 10 шумақпен беріліп, өлең мазмұны да біркелкі емес. 1975 жылғы нұсқадағы төртінші, алтыншы шумақтар 1988 жылғы нұсқаларда орынсыз қысқартылса, керісінше 1975 жылғы нұсқадағы бесінші шумақтың «Орта жүз Ұлы жүзден төмен екен» деген бірінші жолы 1988 жылғы нұсқаларда «Қараша хан Әділге келген екен» деп, сондай-ақ 1975 жылғы нұсқадағы жетінші шумақтың екінші жолындағы «ат-шапанын», сегізінші шумақтың екінші жолындағы «денесін» деген сөздер 1988 жылғы нұсқаларда «киімін тонап», «киі-мін» деп орынды түзету енгізілген. 1990 жылғы нұсқадағы тоғыз шумақтың мәтіні басқа нұсқалардан мүлдем бөлек. 1996 жылғы нұсқадағы екінші шумақтан бастап сегізінші шумаққа дейін 24 өлең жолы 1965 жылғы жинақтағы өлең мәтінімен бірдей, қалған өлең жолдарындағы мәтін басқа нұсқалардан айырмашылық танытады.

Сүйінбайдың бірінші жауабы 1965 жылғы нұсқада 46 жол, 1975 жылғы нұсқада 22 жол, 1988 жылғы нұсқаларда 55 жол, 1990 жылғы нұсқада

49 жол, 1996 жылғы нұсқада 56 жолмен берілген. 1988 жылғы нұсқалардағы «Басыңа не кун туды ұрлық қылып» деген жолдан бастап «Албан, дулат, шапырашты ел емес пе» деген өлең жолына дейінгі 34 жол 1975 жылғы нұсқада кездеспейді, керісінше соңынан санағанда «Бетіндегі көбігі төре емес пе?!» /1975/ деген үшінші өлең жолы 1988 жылғы нұсқада алынып қалған. 1996 жылғы нұсқадағы алдыңғы 24 өлең жолы 1965 жылғы нұсқамен сөзбе-сөз дәл келеді де, одан кейінгі 10 шақты өлең жолы өзгертіліп, қалған өлең жолдарының мәтіні басқаша мазмұнмен өрілген. 1990 жылғы нұсқадағы өлең жолдарының мәтіні де жинақтық нұсқалармен бірдей емес. Алайда, мұндағы:

Қайтарма Сүйінбайды торықтырып,  
Елден жылқы қоймадың торып тұрып.  
Әзірет Сұлтан, Мекеге барып па едің  
Екі атты не қып тұрсың зорықтырып?

– деген алтыншы шумағының мәтіні С. Мұқановтың «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» /2000/ атты еңбегінде берілген осы айтыстың үзіндісімен (190-б.) сәйкес келеді.

Сүйінбайдың екінші жауабы 1965, 1975, 1990 жылғы нұсқаларда кездеспейді. 1988 жылғы мен 1996 жылғы нұсқаларда 12 жолмен әрі екеуінде де мәтін бірдей берілген. Осыдан кейінгі Тезек төренің жауабы да үш нұсқада /1975, 1988, 1996/ 12 өлең жолымен өзгеріссіз бірдей беріліп, 1965, 1990 жылғы нұсқаларда кездеспейді.

Сүйінбайдың үшінші жауабы 1975 жылғы нұсқада 12 жол, 1988, 1996 жылғы нұсқаларда 14 жол, 1990 жылғы нұсқада 13 жолмен беріліп, 1965 жылғы нұсқада кездеспейді. Өлеңнің бірінші, екінші жолдары 1975, 1988 жылғы нұсқаларда «Мынауың құнан қой ма, дөнен қой ма? Мойнында мылтығы бар мерген қой ма?» деп берілсе, 1990, 1996 жылғы нұсқаларда «Япырым-ау, мына қойың мерген қой ма? Аң атып талай қызық көрген қой ма?» деп беріледі. Соңғы нұсқасы түсініксіз. Өлеңнің үшінші шумағы 1996 жылғы нұсқада:

Тақсыр-ау, бұл заманның күйін ойла,  
Елдің шетін күзетсіз босқа қойма.  
Жаугершілік болғанда сені асырар,  
«Мерген қойды» қонаққа өлсең сойма.  
Демесең, Сүйінбайды ұшықтайын,

Қоя бер мына қойдың көзін жойма (83-б.),  
– деп /1975, 1988 жылғы нұсқаларда да/ беріледі. 1975 жылғы жинақта өлеңнің соңғы екі жолы кездеспейді, үшінші жолдағы «сені» сөзі «ханды» деп берілген. 1988 жылғы нұсқаларда бірінші жолдағы «бұл» сөзі түсіп қалса, төртінші жолдағы «өлсең» сөзі «босқа» деп түзетілген. Ал 1990 жылғы нұсқадағы мәтін:

Атаң мұндай болып па еді, хан Абылай  
 Пейілің қашса берекең кетер былай.  
 Қарашың мен бұқараң қырылмай ма,  
 Өкпе болған кеселді қой етін жеп.  
 Төре, құдай болсаң да тартаңшы, ойбай (4-б.),

– деп мүлдем басқаша берілген.

Тезек төренің Сүйінбайға әйелі мен қызын мақтауды өтінгендігі туралы бір шумақ өлеңі барлық нұсқаларда /1975, 1988, 1996/ бірдей берілсе, 1990 жылғы нұсқада Тезек төре оларды керсінше жамандауды өтінген және ол кара сөзбен берілген. Сүйінбайдың бұған жауабы 1975, 1988, 1996 жылғы нұсқаларда мәтіні бірдей бес шумақпен берілсе, 1990 жылғы нұсқада үш шумақпен, яғни, басқа нұсқалардағы екінші, үшінші, төртінші шумақтар кездеспей, керсінше басқа нұсқаларда жоқ бір шумақ берілген. Мәселен,

Болған соң бойың үйір бір жатасың,  
 Жатуға менде бірге шошырмын-ай.  
 Ұрының лайықты қатыны деп,  
 Құдайым дәл өзіңе қосуын-ай!

Мұндағы екінші тармақ басқа нұсқаларда соңғы өлең жолында берілген. Сондай-ақ бірінші шумақтың «*Жаманды* жаман дейтін *заман* бар ма?!» /1975, 1988, 1996/ деген екінші жолы 1990 жылғы нұсқада «*Қызыңды* жаман дейтін *адам* бар ма?!» деп берілсе, «*Болған соң төре қызы* амал бар ма?!» деген төртінші жолы 1990 жылғы нұсқада «*Құдай ханиша қылғасын* амал бар ма?!» деп берілген.

Тезек төренің Сүйінбайға сары атты ұсынып, сый-құрмет көрсеткендігі туралы үш шумақтан құралған сөздері 1975, 1988, 1996 жылғы нұсқаларда ғана кездеседі және мәтіндері де бірдей. Тек екінші шумақтың «Жарамды *мінетін бір* ат берейін» /1975/ деген үшінші жолындағы «*мінетін бір*» деген сөз тіркесі 1988, 1996 нұсқаларда «*жол жүріске*» деп өңделген. Сүйінбай мен сары аттың жауаптары да 1975, 1988, 1996 жылғы нұсқаларда ғана кездесіп, мәтіндерінде айырмашылық жоқ. Сүйінбайдың сөзінің бір шумағы ғана 1965 жылғы нұсқада ұшырысады.

Сүйінбай мен қаракер аттың сөйлескен сөздері де әр нұсқада әр түрлі беріледі. Мәселен, Сүйінбайдың айтқаны 1965 жылғы нұсқада 8 жол, 1975 жылғы нұсқада 12 жол, 1988 жылғы нұсқаларда 28 жол, 1990 жылғы нұсқада 4 жол, 1996 жылғы нұсқада 8 жолмен берілсе, қаракер аттың жауабы 1965 жылғы нұсқада 4 жол, 1975 жылғы нұсқада 8 жол, 1988 жылғы нұсқаларда 6 жол, 1990 жылғы нұсқада 4 жол, 1996 жылғы нұсқада 5 жолмен беріліп, мәтіні де біркелкі емес. Ал оған Сүйінбайдың жауабы 1965 жылғы нұсқада жоқ, қалған нұсқаларда /1975, 1988, 1996/ 8 жолмен және мәтіндері де бірдей берілсе, 1990 жылғы нұсқада Сүйінбай қаракер атқа үш рет жауап қатады, мәтіндерін де айырмашылық бар. Айтыстағы Тезек төре мен Сүйінбайдың

соңғы сөздері тек 1975, 1988, 1996 жылғы нұсқаларда ғана кездеседі және мәтіндері де бірдей берілген.

Жалпы, Сүйінбай мен Тезек төре айтысының әр жақтан жиналған түрлі нұсқасы болса да, шығарма мәтінінің тарихын терең зерттей отырып, бұл мұраның тұрақты мәтінінің жасалынуы әрі келешекте шығатын ақын шығармаларының жинағында осы мәселенің ескерілуі қажет деп ойлаймыз.

Қорытындылай келгенде, тұрақты мәтін қалыптастыру текстология ғылымында қаншалықты қиындықпен іске асырылатыны белгілі десек те, Сүйінбай шығармаларының келесі басылымында әр жинақта әр түрлі берілген сөздер мен сөз тіркестерінің, қалып кеткен өлең жолдары, артық сөздер және сөз ішіндегі әріп (емле) қателерінің ең дұрысы өз қалпына келтірілсе деген ниет білдіреміз.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бес ғасыр жырлайды. – Алматы : Жазушы, 1989.
- 2 Он ғасыр жырлайды. – Алматы : Жазушы, 2006.
- 3 Қазақ әдебиеті. – 1988. – 18 ноябрь.
- 4 Жетісу. – 1990. – 23 қаңтар.
- 5 Сүйінбай. Таңдамалы шығармалары. – Алматы : Білім, 1996. – 152 б. – ISBN 574040195X.

Материал 12.11.15 баспаға түсті.

*К. С. Абдикалык, К. Т. Жанузакова*

### Текстовые различия произведений С. Арон-улы

Казахский государственный  
 женский педагогический университет, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 12.11.15.

*K. S. Abdikalyk, K. T. Zhanuzakova*

### Textual differences in the works of S. Aronuly

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.

Material received on 12.11.15

*Статья посвящена рассмотрению текстологических различий произведений С. Арон-улы*

*The article deals with textological differences in the works of S. Aronuly.*

### А. Б. Бакраденова

п.ғ.к., профессор, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.

## БАЛАЛАР ӨЗ АҚЫНЫН ТАНИ МА... Ж. СМАҚОВТЫҢ ПОЭЗИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫН ҚАБЫЛДАТУ МӘСЕЛЕСІНЕ

*Мақалада танымал балалар ақынының мектеп жасына дейінгілерге арнап жазған поэзиялық туындыларының балабақшада жүйелі түрде берілмеуі, қазіргі уақытта шығармалардың балалардың жас ерекшелігіне қарай ұсынылуы ескерілмейтіні қарастырылған.*

*Кілтті сөздер: бала тілі, ішкі ұйқасты, ырғақты өлең; поэтикалық стиль, сөз мәнері*

Қазақтың кара баласы өз тілінде еркін сөйлеп, төрткүл дүниенің кереметін ана тілінде танудың орнына бүгінде ғаламторға таңылуда. Осыған карап, қазақ тілінде балаларға арнап тақпақ-өлеңдер, ертегі-әңгімелер жазған ақын-жазушыларымыздың мұрасы қайда дерсіз?!

Жаңа заманның балаларына не ұсыну керек, қай стильде, қандай формада оқыту керектігін әлі де босаң болжаймыз, тіпті оқыту бағдарламаларына дұрыс ұсынбай келеміз. Әдебиеттегі жас буын болса, қазіргі балаға қажетті мазмұн мен формаға аяқ баса алмай жүрген сияқты. Қоғам да, заман да басқа, ұсыныстардың сұранысқа сай болу талаптарын ескеруді бәріміз білеміз. Осы жағдайға орай ізденген бала қазақтың емес, шетелдің туындысымен теледидардан, ғаламтордан сусындауға мәжбүр. «Балалардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту» тақырыбында диссертация қорғаған менің жан-дүниемді ауыртатын мәселе – балалар ақындарының туындыларын балдырғандарға балабақшадан бастап жүйелі түрде таныстыра алмай жатқандығымыз.

Көптеген балалар ақындарының өлеңдері – баланың өміртанымдық әліппесі іспетті. Ойыншыққа жан бітіреді, жан-жануарлармен таныстырады, тәртіпті, үлгілі бала мен шалдуар баланы қатар алып, шендестіреді. Сәбилердің 1, 2-ші топтарында қуыршақтармен ойнатылатын ойындардың түрлері көп. Сол ойындардың қайсысы қай ақынның өлеңімен жетектеліп, көрнектеледі екен?

Өткен ғасырдың 80-ші жылдары, бүгінге қарағанда, ақындар да, ғалымдар да бұл мәселені түсініп, бүлдіршін тілін дамытуды жақсы бастаған еді. Мектеп жасына дейінгі бала тілін алғаш зертеген ғалым Б. Баймұратова 70-80 жж. бағдарламаға белгілі балалар ақыны Ж. Смақовтың «Қаз-қаз бас», «Торғай» өлеңдерін енгізген болатын. Ақын өлеңдері балалардың аузынан түспейтін өлеңдеріне айнала бастаған.

Бірақ қазіргі бағдарламада Жақан ақын шығармалары мүлде түсіріліп қалған. Балалар әдебиетін зерттеушісі Құлбек Ергөбеков: «Балалар әдебиеті бізде әлі оқушысының жас мөлшеріне қарай толығырақ жіктеліп, сараланып жетпеген. Ал, Жақан өз талантының бейімін тапқан, бейіміне қарай өз оқушысын тапқан ақын еді. Бесіктен белі шықпаған сәби мен бастауыш сынып оқушылары аралығындағы жас мөлшерін қанағат тұтқан оның бар жыр-мұрасы осы аралықтағы бөбектерге арналады. Бұл – өзін де, өзгені де сыйлаудың әдемі үлгісі», – деп бағалады [1, 118]. Аз өмір сүрсе де, Жетісу өңірінде ерекше танымал болған, мектеп жасына дейінгі балаларға мәңгілік қолдануына жарайтын туындылар қалдырған балалар ақыны Ж. Смақовты барша бүлдіршіндерге жақын ету – педагогтік парызымыз.

Ақын мұрасын қарастырып көргенімізде «У-У», «Бөпем», «Әй-әй», «Қаз-қаз» осындай бөбектердің тілін ширатуға, ойната отырып, қимылын дамытуға арналғандығына көз жеткіздік.

«У-У»,

Желдей гуле,

Уілде, бөпем, уілде, бөпем...

(дл-дл-дл...)

Кәне, жаным, күлші, бөпем, күл, күл!

Өлеңді сәби үніне, үліне, тілі шығар-шықпас кезеңіндегі былдырлаған үніне құруда – әдебиетке Жақан Смақовтың балалар әдебиетіне әкелген үлкен жаңалығы еді. Ішкі ұйқасты, ырғақты берік қалайтын ақын әр жолдың аяғын сәби үніне, сәби тіліне, былдырына айналдырып, «уілде, бөпем, уілде, у-у-у, гуілде, бөпем, гуілде, гу-гу-гу» деп өлеңдеткен болатын.

Бұл өлең бала тілінің дыбыстық жағынан жетілдіруге сұранып тұр. Қуыршақты қолына алғызып ойнату үстінде тәрбиеші 2-3 жасар балаға дауысты дыбыстарды созып айтуға, сөйтіп дикциясын қалыптастыруына болады. Жас бала қимылы ширақ мысықты, күшікті, «шиқ-шиқ» еткен сары үрпек балапанды қорықпай бас салады. Ал олардың жұмсақ ойыншық түрлерімен, бірдеңеге үйретіп жүріп, сүйретіп жүріп ойнайды. Осы орайда сол жұмсақ ойыншықтармен баланы ойната отырып әуенді жыр жазған Жақан Смақовты естігендей боласың.

«Әй-әй

Әй-әй бала, әй бала,

Мысығың сенің Әй-әй ме?

Тырнамай ма, аяй ма? деп келетін ырғақты әуенмен бала құлыншағымен, қуыршағымен сөйлеседі. Қала баласын төрт түлікпен осылайша тілдік қатысымға түсіру олардың сөйлеу тілін бекітумен қатар, дыбыстарды, сөздерді таза дикциямен, мәнерімен айтуға итермелейді. Ең негізгісі қазақы рухқа бейімдейді.



Жоғарыдағы өленді баланы сөйлетуге еліктете отырып, әрі сұрақ, әрі таңғала сөйлеу әуенімен кезектете ауыстыра отырып, жатқа айту баланы елендетпей қоймайды. Алғаш естігенде қосылып айтпай да қою мүмкін, ал қайта-қайта баланың ыңғайлы сәтін, ойынға беріле бастаған көңілді сәтінде айтқызуға тырыссаңыз, 3-4 рет айтылғаннан кейін ол бала буындарды үлкеннен бұрын-ақ айтып кететін болады. «...баланың ойын қанағаттандырып, әрдайым көңілді сәттер ұйымдастыруды ойлау керек» деп «Алғашқы қадам» бағдарламасында ұсынылса да, дәл осындай бала психологиясын баурап алатын шығармалар қолданыстағы бағдарламада аздық етіп отырғаны шындық.

Ж. Смақов туындыларының ішінде сәбиді қуантатын, ойнататын өлеңдерді таңдап алып, оларды қажетті жерде ойнақы үнмен айта жөнелу ырғаққа еліктегіш баланы соның өзіне оңайлау жерлерін қайталап бірге айтуға еліктетеді. Мысалы, «Бөпе» өлеңі арқылы сәби кейінірек өзінің дене мүшелерін атайтын болады. «Қуыршақты уату» «Қуыршақты ұйықтату», «Қуыршақты ойнату», «Қуыршақты киіндіру» т.б. рөлдерді қыз балаларға бөліп беріп, олармен бірге сөзбен демей отырып ойнау үстінде ақынның мынандай өлеңдерін қолдануға болады:

«Дың-дың» –

Қоңырауымын.

«Дың-дың» –

Соғыламын.» деп қолға алған сылдырмақты, қоңырауды сылдырлату;

Жақан ағаларының бақайлар мен башайларды санауға құрылған «Санамак» атты өлеңін тәрбиеші әндете отырып, жылы суды аяқ-қолдарына шашырата отырып айтса, балалар шаттанып, шаршап тұрғандарының өздері жадырап шыға келеді деп ойлаймыз.

«Балбөбек» және қазіргі ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беруде «Алғашқы қадам» (1-3 жас), «Зерек бала» (3-5 жас) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларының «Қатынас» саласы бойынша сәбилер тобында: «Шағын тақпақтар мен өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Тақпақтап, ұйқасты сөздер айтып ойналатын ойындарды балалар қызығатындай етіп өткізу керек. Сол арқылы баланың тілі дамиды. Қол мен саусақты жаттықтыруға арналған ойындар мен ойыншықтарды қатыстырып шағын оқиғалар құрастыру, өздері білетін ертегілерді драмалау. Сөйлеу барысында дауыс ырғағы мен қарқынын қадағалап, кейіпкерлердің бейнесін, мінез-құлқын дұрыс жеткізуге жаттықтыру» деп жазылған [7, 85].

Ж. Смақовтың «Бала, бала, балақан, қане, қайсы алақан?» деп басталатын «Жалау» атты өлеңі бой сергіту ретінде барлық топтарда қолданылып келеді. Ал бұл өлеңнің Жақан ағаларының екендігін тәрбиешілер де біле бермейді. Бағдарламада ұсынылған «Жалау» атты өлең орыс тіліндегі бағдарламадағы А. Бартонікі атымен беріліп келеді. «Өзі бір кезде уыз дәмін алған ауыз

әдебиеті ақынның өлең-жырларын қанаттандырар рух, нәрлендірер бұлақ секілді. Ақын Жақан Смақовтың бөбектерге арналған өлеңдерінің бірі – «Сылдырмақ». Қай сәби болсын бесікті анасымен бірге тербескенде сылдырмаққа қызықпай тұра алмайды. Бала тербеткен бесік әуенімен сылдырмақ та сылдырлайды. Осы әуенді ақын өлеңде жақсы келтірген. Ізденгіш, эмоцияға берілгіш балаларға тәрбиеші осы сәтті пайдаланып, өлеңді дер кезінде айта қойса, олар құлақ түре қалады: «Сылдырмақ Сылдырлап, Бесікте тұрады. Бөпешім Былдырлап Сылдырмақ ұрады... Бір жолға салсаңыз да, өлеңнің ырғағы сақталып тұр. Сәби әрекетмен дүниені, ортаны тануды өз ойыншығынан бастаған. Сәби мінезіндегі өсу, даму кезіндегі алғашқы сезім, көңіл ерекшеліктерін байқататын детальдарды дәл ала отырып, қаламгер сәбидің (лирикалық қаһарманның) психологиясының жай көзге көріне бермейтін (мән бермейтін) тұстарын поэтикалық түрде, көркем суреттейді» деп зерттеушілер дәл таныған, қызықтап бағалаған өлеңді тәжірибеге енгізу қажет деп білеміз [4, 35].

Ж. Смақов өлеңдерінен мазмұнды-рөлдік ойынға «Паровоз», «Сылдырмақ», «Айтшы, әжетай», «Кішкене әліппе», «Самолет» өлеңдерін пайдалануға болады. Бұл өлеңдер арқылы 4-5 жастағы балалар оқуға еліктейді, кітаппен достасады, сондықтан «Мектеп» ойынында «Қуыршақпен кітап оқиық» деген ақынның келесі өлеңін ұсынған жөн: «Бұзау М-ны ө-ге қосып, «Мө» дейді»; Бота: Б-ны Ө-ге қосып, «Бө» дейді» деген жолдармен буын құбылысын бекіту, «Ал мен М-ны А-ға қосып, «Ма». – деймін. «Ма-ма-деймін. «Мама» деймін» – бұл буындардан сөз шыға келді. Сауат ашудың өзін өлеңге салуы-тәрбиешіге сауат ашу сабағына қосқан тәсіл десе болады.

«Паровоз» өлеңінде Жақан Смақов поэзия тілін ойынның түр-түріне салған. Әрине, ойын баласы ән ырғағымен ойнағанды қатты ұнатады, Мысалы, ақынның «Пойыз» өлеңі былай құрылған:

Қатар-қатар тұрайық,

Кәне, кәне, сұрайық:

Кімнің болса бойы ұзын –

Паровозы пойыздың?!

Тәрбиеші бойы ұзын баланы көрсетеді. Мысалға (Мараттың бойы ұзын) деуі мүмкін. Балалар тәрбиеші көрсеткен баланы паровоз етіп қояды. Ал қалғандары соның соңынан етектерінен ұстап тұра бастайды.

Ал, паровоз, баста алға,

Бәрімізді басқар да!

«пш-пш, пш-пш!» – біз кеттік, (2 рет)

Жүрісті біз үдеттік...

«Ақын өлеңдері өз қатарластарында көп ұқсай бермейді, бұл өзгешілдік қаламгер шығармаларының бесік жасындағы сәбиден 5-6 жастағы, мектеп жасына дейінгі балдырғандарға арналатындығынан келіп шығады. Дүниеге

жаңа келген сәбиден бастап, еркелігі басылмаған 5-6 жастағы балдырғандарға арнап шығарма жазатын қаламгерлер сирек, бұл кезеңдегі бүлдіршіндерге жыр арнап, көнілін аудару үшін баланың психологиясын жас ерекшелігіне қарай бағдарлай білу керек. Жаңа, тың қолданыстарды өлеңде балдырған танымына лайықтай білу, шығарманы мүлдем ойламаған ерекше мазмұнмен байланыстыру ақын шеберлігін танытады» деп, қазақ балалар лирикасын зерттеген керекулік ғалым Б. Қапасова ақын өлеңдерінің өміршеңдігін танытты [4, 56].

Белгілі әдебиет зерттеушісі Ш. Ыбыраев қазақ халық ойындары жинақталған «Ақ сандық, көк сандық» кітабына жазған алға сөзінде [6, 3] қаламақтардың үлгісін береді. Санамақ санауға үйретуді көздесе, қаламақ балаларға тығылмақ, соқыртеке ойындарында іздеушіні тағайындау үшін қажет екендігі түсіндірілген. Ж. Смақов сонымен қатар ғасырлар бойы ойнатылып келе жатқан соқыртеке ойынына жаңаша өң берген ақын. Ақынның санамағы:

«Бұзау, Бота, Қозы, Лақ,  
Тоқты, Серке, Құланшақ,  
Торпақ, Тана, Тай, Тайлақ,  
Құнан, Дөнен, Бесті бар –  
Бәрін білін, естіп ал!  
Сүзегенсін, тентек Теке аппақ,

Ізде оларды, ұста оларды, бақ-бақ!» [6, 27] – деп санаудан басталады да, ойын тәртібі бойынша ойнайтын балалар қатарға тұрғызылады. Ең соңғы аты аталған бала «Соқыр теке» болады.

Далада ойналғанда жерге шеңбер сызылады. Ойын басқарушы ортаға көзі орамалмен таңылған «Соқыр текені» шығарады. Содан кейін балалар:

«Соқыр теке, бақ-бақ,

Қайдан бізді тақпақ?! – деген өлеңді барлығы қосыла айтады. Өлең айтылып болысымен, шеңбердің ортасында қалған «Соқыр теке» балаларды ұстауға ұмтылады. «Соқыр теке» ұстаған бала оның орнына тұрады, ойын әрі қарай жалғаса береді.

Қазақ ойындарының ішінде асық ойынына үлкен мән берілгендігі белгілі. Қазіргі баспасөз беттерінде бұл ойынның қазақ баласына қажетті ептілік, батылдық, мергендік, жалпы адалдық, адамгершілік, салмақтылық сияқты қасиеттерге баулитыны, өзге Европа елдері ойындарынан да асып түсетіні насихаттала бастады. Ал қала балабақшалары түгілі, ауылда да асық ойнау, тоғызқұмалақта жарысу қалып бара жатыр. Ақын Ж. Смақов ауыл балаларының бір кездегі сүйікті ойынын «Талапай» деп атап, ойынды былайша сипаттаған.

Талапай-ау, талапай,  
Табылды ойын, алақай!...

«Хан» қойған ат шоңқайып,  
Омпы түссе омпайып –  
Талапайға басамыз.

Халық ауызында «Хан талапай» аталған ойынның жүргізілу барысын өлеңге шап-шақ етіп салған да қойған. Осы өлеңді оқи отырып, ойын жолын дәлдеп көрсетсе, қайырмасын ересек топ балаларына ойын арасында айтқызып отырса, тәрбиеші ұтар еді. Халқымызда ертеден келе жатқан өлеңді сақтаумен қатар ақын жаңаша құрылымда келесі қимыл ойын мазмұнын да ұсыныпты:

Өлең «Қасқыр қақпан» деп аталады. Ойынды тәрбиеші жүргізуі керек.  
«Қасқыр түссе қораға,  
Ұстамасқа бола ма?  
Қол ұстасып тұрайық,  
Қасқыр қақпан құрайық.  
Кәне, кәне, тұрайық,  
Қасқыр қақпан құрайық». Тәрбиеші өлеңдете отырып, балаларды ойын ойнауға шақырады.

*Балалар хормен:*

Қасқыр, қасқыр, келіп көр,  
Қақпанымыз, берік бол!  
Біздің қақпан болаттай,  
Тұра аламыз бірлесіп (2 рет)  
Сұр қасқырды жолатпай.

Әрі ақын, әрі ғалым зерттеуші А. Әлтайдің тілімен айтсақ, «ақынның табиғат құбылыстарын ойын элементтерімен сабақтастырып, пейзаждық поэзиядағы ізденістерге қадам басуы да бар» [3, 184]. Ғалым ақынның бұл ойы Ж. Смақовтың жыл мезгілдерін жұмбаққа құрғандығына берген бағасынан да білінеді.

«Бұл қай мезгіл, балалар, Қайсың, кәне табасың?!» деп келетін риторикалы өлең тәрбиешінің жыл мезгілдері туралы ұйымдастырылатын оқу-тәрбие іс-әрекетін ойынмен бастауына қолдануына өте тиімді. Бүгінгі интелектісі жоғары, жан-жақты дамып келе жатқан балаларды тәрбиелеуде поэтикалық әуенді осындай өлеңдер таптырмас құрал екендігі сөзсіз.

Біз қарастырған ойын өлеңдері балаларды халықтық тәрбиеден алшақтатпай, олардың жан-дүниесін ұлттық танымға жетелей алады. Ақын кішкене кейіпкерлерінің балалық қылықтарына сүйсінтеді: кейде балдырған мінезіне жақынырағын зілсіз мысқылмен қағытып, әзілдеп те қояды, енді бірде пәк бала көңілін жағымсыз мінездерден сақтандырады, адамдық қасиеттерге шақырады. Алайда ақын бүлдіршіндерді жақсы қасиеттерге шақырса да, жағымсыз қылықтан сақтандырса да, ол мақсаттарын құрғақ



уағыз негізінде емес, балалар танымына лайық жанды бейнелер арқылы танытады. Ендеше, ақын таныған балалар Жакан ағаларын да өлеңдері арқылы мүдірмей тануы керек.

Ж. Смақовтың қатарында бүкіл тәжірибелі ғұмырын сәбилерге арнап келген М. Әлімбаев, М. Жаманбаинов, Ә. Дүйсенбиев, Ә. Табылдиевтердің шығармаларын, бағдарламада көрсетілмесе де, балалар «Сүйікті ақынымыз» деп танитындай жүйеде ұсынуды, практика жүзінде оқу-тәрбиеде қолдануды балабақша әдіскерлері, тәрбиешілері есте ұстауы ләзім деп білеміз.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Ергөбеков, Қ.** Мейірім шуағы. – Алматы : Жазушы, 1985.
- 2 **Баймұратова, Б.** Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы. – Алматы : «Рауан», 1991.
- 3 **Әлтай, А.** Қазақ балалар поэзиясы: генеологиясы, типологиясы, поэтикалық дамуы : Монография. – Астана : Фолиант, 2009.
- 4 **Қапасова Б. Қ.** Жакан Смақов өлеңдерінің ерекшеліктері// Жоғары оқу орны Хабаршысы. – №2. – 2005. – Б. 7.
- 5 **Темірбаева, Б. Ж.** Смақов-бүлдіршіндер ақыны. Филол. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дай. канд. дисс. авторефераты. – Алматы, 1992
- 6 Ақ сандық, көк сандық. – Алматы : Жазушы, 1988.

Материал 18.09.15 баспаға түсті.

*A. B. Bakradenova*

**Узнают ли дети акына. К проблеме восприятия детьми дошкольного возраста поэтических произведений Жакана Смакова**

Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 18.09.15.

*A. B. Bakradenova*

**Whether the children recognise the akyn... To the question of children's perception of poet Zhakhan Smakov**

Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.  
Material received on 18.09.15.

*В статье поднимаются проблемные вопросы по ознакомлению и подаче детям дошкольного возраста произведений известных казахских детских поэтов. По мнению автора проблема состоит в том, что в современный период не учитываются критерии по подбору*

*стихотворений по возрастным особенностям детей, а так же не прослеживается принцип системности в обучении. Указывая ряд приемлимых произведений Ж. Смакова, автор предлагает их методику в разных формах организованной деятельности детей и в свободное время.*

*The article rises the problems in acquainting kindergarten children with well-known Kazakh children authors/poets. From the author's point of view the issue lies in not taking into account the age of children when choosing poems, as well as not respecting the principle of system work in teaching. Denoting a number of interesting work for the children, the author suggests the method in various children activities.*

УДК 894.342.+(7.031.2.+7.046.)

**М. Н. Баратова<sup>1</sup>, Н. К. Жусупов<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>к.ф.н., профессор; <sup>2</sup>д.ф.н., профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар

## КАЗАХСКИЕ АКЫНЫ В РУКОПИСЯХ МАШХУР ЖУСИПА

*В данной статье рассматриваются казахские акыны в рукописях Машхур Жусипа.*

*Ключевые слова: акыны, стихи, касса, дастаны, собирательская деятельность, экспедиционный метод, стационарный метод.*

Машхур Жусип, наряду с образцами айтыса акынов, записывал и произведения акынов, вышедших из их уст или написанных ими. Так, например, в рукописях акына очень много стихов, касса и дастанов акынов-жырау: стихи Бухар жырау, ходжы Мадели, акына Сакау, Ахан сери, Шернияз и т.д., произведения акына Сапак из рода Конырат, девушки Умсин из рода Уйсин и ходжы Заман, Тогжан, ходжы Калдыбая, акына Шоже, Камбара Жанака из рода Аргын, Сабырбая из рода Найман, Тубека из рода Найман, девушки Опан из рода Найман, ходжы Орынбая, ходжы Шортанбая, Жамшыбая из рода Кулик, Балта из рода Каракесек, Котеша, Акмоллы [1].

Вместе с тем, Машхур Жусип собирал стихи акынов о паломничестве Исы Шорманулы, о том, что говорили брат Сакен (потомок Шормана – Н. Ж.), Шакарим, Байтас, Абай, Акылбай, акын Оске из рода Кипчак, девушка Тагги, Кобланды, Суюнбай, Сырынай, Магжан, Жаяу Муса, акын Арыстан, Акбура-Борибай, Султанмахмут, Сарсекей из рода Канжыгалы

господину Исе, Олжабая, правнука Богенбая из рода Канжыгалы, Арипа и других акынов [2]. Это говорит о том, что после Казанской революции (1917 г. – Н. Ж.) и до последних дней своей жизни Машхур Жусип не переставал заниматься собирательской деятельностью.

Қалай десек те, құс – бақыт пен рухани, заттық байлықтың, дәулеттің бейнесінде танылып, соның символы ретінде түсініледі. Мұның өзі халықтың жақсылықты әрқашан жоғарыдан, көк әлемінен күтуімен, үміттенуімен, сенуімен байланысты болса керек. Ал құстың метафора ретінде қолданылуында, символдық мәнде жұмсалғанындай санамен түсініп білуге болмайтын мән орын алмайды. *Құс* сөзінің метафоралық мағынасының қалыптасуы ұқсастық заңына негізделеді. Мәселен, Мұрат ақынның:

*Дүние деген ұшқан құс,*

*Байқай алмай қаларсың*

*Басыңнан шарлап өткенін,*

– деген өлең жолдарындағы дүние сөзі «өмір, тірлік» мәнінде қолданылып, ұшқан құсқа баланып тұр. Өмірдің мәңгілік еместігін ақын осы балама бейне негізінде көрсетеді.

Демек, ғаламды көркемдікпен тануға бағытталған метафора және символ бір мақсатқа негізделгенмен, әрбірі өзіндік сипатымен, өзіндік болмысымен айқындалады. Ол сипатты төмендегідей анықтауға болады:

1. Сөз мағынасының метафоралық тәсіл негізінде ауысуында ұқсастық заңы орын алса, символда ол жоқ, бұл басты айырмашылық.



2. Символ белгісіз бір нәрсеге нұсқау жасайды, ал метафора басқа белгісіз нәрсені көрсетпейді. Керісінше, метафораға белгілілік сипат тән.
3. Метафора шындықты тануды тереңдетеді, ал символ одан алшақтатады.
4. Метафора тілдегі мағынаны білдіреді, ал символ жалпы идеяны көрсетеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Байтұрсынов, А.** Шығармалар: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы, 1989. – 224 б.
- 2 **Жұмалиев, Қ.** Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы, 1960. – 364 б.
- 3 Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1998. – 304 б.
- 4 **Михайлова, А. А.** Символ, аллегория, притча //Знамя, 1966. – №11. – 213-230 с.
- 5 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы, 1996. – 240 б.
- 6 **Тодоров, Ц.** Теория символа. – М., 2000. – 384 с.
- 7 **Лосев, А. Ф.** Проблема символа и реалистическое искусство. – М., 1976. – 367 с.
- 8 **Каракузова, Ж. К., Хасанов, В. М.** Космос казахской культуры. Алматы, 1993, 77 с.
- 9 **Толыбеков, С. Е.** Кочевое общество казахов в XVIII и начала XIX вв. – Алматы, 1971. – 634 с.
- 10 **Мокшенин, В. М.** В глубь поговорки. – М., 1975. – 174 с.
- 11 **Залеский, Б.** Қазақ сахарасына саяхат. – Алматы, 1991. – 131 б.
- 12 Аристотель. Сочинения. – М., 1983. – 830 с.
- 13 Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 1997. – 256 б.
- 14 **Арутюнова, Н. Д.** Теория метафоры. – М., 1990. – 512 с.

Материал 29.09.15 баспаға түсті.

*Қ. А. Доскенова, Қ. Т. Қаирбаева*  
**Символ, аллегория и метафора**

Медицинский университет Астана, г. Астана.  
 Материал поступил в редакцию 29.09.15.

*K. A. Doskenova, K. T. Kairbayeva*  
**Symbol, allegory and metaphor**

Astana Medical University, Astana.  
 Material received on 29.09.15.

*В данной статье рассматриваются особенности и различия свойственные символу, метафоре, аллегории.*

*Peculiarities and differences characteristic to the symbol, metaphor and allegory are studied in this article.*

ӘОЖ 81'1

**А. Ербол<sup>1</sup>, Б. М. Қадырова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>магистрант; <sup>2</sup>к.ф.н., доцент, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

## КОМПЬЮТЕРЛІК ЛИНГВОДИДАКТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Берілген мақалада автор компьютерлік лингвистиканың қалыптасу тарихына шолу жасаған және ақпараттық-компьютерлік технологияларды қолдану арқылы лингвистикалық білімді оқыту мәселелерін қарастырған.*

*Кілтті сөздер: компьютерлік лингвистика, ақпараттық-компьютерлік технология, лингводидактика, лингвистикалық білім, компьютерлік құралдар.*

Тілдерді оқыту үрдісіне компьютерлерді ендірудің теориялық мәселелері компьютерлік лингводидактиканың зерттеу пәні болып табылады. Қазіргі кезде оны анықтаудың екі қыры бар: алгоритмдік және когнитивті-интеллектуалдық. Олардың негізінде жасалған оқытудың компьютерлік құралдары келесі параметрлермен ерекшеленеді:

– тілдерді меңгерту үрдісінде компьютердің функционалды мүмкіндіктерін жүзеге асыру деңгейі;

– компьютерді қолданушы мен компьютердің өзара қарым-қатынасының интерактивтілік деңгейі;

– танымдық әрекеттің түрлі модельдеріне бейімделу [1].

Компьютерлік лингводидактика тілді үйретуде компьютерді қолданудың теориясы мен практикалық мәселелерін зерттеумен айналысатын лингводидактиканың бір саласы. Ол қазіргі ақпараттық технологиялар заманында айрықша өзекті бола түсті. Компьютерлік лингводидактика қолданбалы және математикалық лингвистиканың дамуымен және жасанды интеллект, компьютерлік бағдарламалар дизайны, компьютерлік оқыту теориясы мен практикасы мәселелерімен тығыз байланысты дамуда. Тілді

компьютер арқылы оқыту мәселелерімен айналысатын ғалымдардың бірі М. Леви «адам мен компьютердің» ара қатынасын зерттеуде компьютерлік лингводидактиканың психологиямен де байланысы барын айтады. Ол өзінің «Компьютерді қолдану арқылы тілді үйрету: контекст және концептуализация» атты монографиясында (1997) лингводидактиканың өзге ғылым салаларымен байланысын былайша көрсетеді [2] М. Леви. *Компьютерлік лингводидактиканың өзге ғылымдармен байланысы:*



Компьютерлік лингводидактика саласының сан алуандылығы компьютерлік оқытумен айналысатын практик оқытушылар мен мұғалімдердің білімдерінің де жан-жақтылығын талап етеді.

Алғашқы кезде компьютерлік технологиялар лингвистикада және оны оқытуда пайдалану, лингвистикалық зерттеулерді, білім беруді компьютерлендіру аясында қарастырылғанмен, ХХ ғасырдың 80 жылдарында компьютерлік лингводидактика тілді оқыту әдістемесінің дербес саласы ретінде қалыптасты.

Ақпараттық технологияларды тілді үйретуде қолдану біздің елімізде негізгі екі бағыт бойынша даму үстінде: ана тілін оқытуда және екінші шет тіліне үйретуде. Бүгінде бұл екі бағыт бойынша көптеген компьютерлік оқу материалдары жасалып жатыр. Олардың қатарында мемлекеттік тілді оқытуға арналған Қ. Қадашеваның үш деңгейлік, Ф. Оразбаеваның алты деңгейлік кешенді оқулықтар жүйесі бар. Сондай-ақ, мемлекеттік тіл орталығынан ересектеге арналып жазылған «Жаңа толқын» электрондық оқу-әдістемелік кешенін, басқа да мемлекеттік іс қағаздарын үретуге бағытталған көптеген оқулықтарды айтуға болады. Жалпы білім беретін орта мектептің қолданыста жүрген оқулықтары негізінде де соңғы кезде электрондық оқулықтар даярлана бастады.

Компьютерлік лингводидактикада бұл оқу құралдарын жіктеудің, жүйелеудің көптеген түрлері бар. Оның көп болуы да заңды, себебі компьютерлік технологиялар дамып, білім беруде кең тарала бастады.

М. А. Бовтенконың еңбегінде компьютерлік материалдар мақсатына және олардың оқу үдерісімен үйлесуіне, тіл үйренушінің дербес әрекеті мен белсенділік деңгейіне қарай 4 топқа жіктеліп беріледі:

\* жаттықтыру-бекіту материалдары (жекелеген дағдыларды қалыптастыруға бағытталады, бұл бағдарламалар оқу үдерісіне ендіріп, үйлестіруге ыңғайлы болып келеді);

\* «тьюторлық» (оқу үдерісінде даралап оқытуға мүмкіндік береді, дәрісханада оқытуға қосымша көмек болады);

\* модельдік (зерттеу жүргізуге, түрлі процестерді имитациялауға, осылайша өз бетімен әрекет ету барысында дербес ойлауға ықпал етеді, логикалық ойлауын дамытуға мүмкіндік береді);

\* оқу ойындары (модельдік оқу материалдарына ұқсас, бірақ мұнда бәсекелестік элементтері мен мақсаты басым болады) [3].

Компьютерлік оқулықтар мен оқу құралдарын жасауға арналған А. И. Башмаковтың еңбегінде компьютерлік материалдарды жіктеуде педагогикалық мақсат-міндет басшылыққа алынады және мынадай жіктеу үлгісін ұсынады:

- теориялық дайындықты мақсат ететін құралдар (компьютерлік оқулықтар, компьютерлік оқыту жүйелері, білімді бақылауға арналған компьютерлік жүйелер);

- практикалық дайындықты мақсат ететін құралдар (компьютерлік епестер/практикумдар, компьютерлік тренажерлер);

- көмекші құралдар (компьютерлік лабораториялық практикумдар, компьютерлік анықтамалықтар, мультимедиялық сабақтар);

- кешенді құралдар (компьютерлік оқу курстары).

Компьютерлік материалдарды жіктеудің қосымша белгілері ретінде автор тағы да мыналарды келтіреді:

- телекоммуникациялық технологияларды пайдалану: автономиялық/желілік (аймақтық/жаһандық желілерге арналған оқу материалдары);

- ақпаратты ұсыну формасы (мультимедиялық/мультимедиялық емес) т.б.

Компьютерлік құралдар арқылы оқытуға арналған жіктемелердің көптігі және оларды талдауға деген ұмтылыс оларды топтастырудың жанрлық, типтік белгілерін зерттеуге деген үрдістің барын байқатады.

Сонымен қорыта келгенде, компьютерлік оқу құралдарының жіктелісін мынадай үш топқа біріктіруге болады:

1) ақпаратты біртектес жолмен ұсынатын оқу материалдары; мұндай оқу құралдары оқыту мазмұнына, жолдарына ешқандай жаңалық қоспайды, тек оны таратудың және сақтаудың қосымша жолын ұсынады.

Мұндай оқу материалдарын жазбаша басылымның электрондық нұсқасы деуге келеді.

2) гипер- және гипермедиа мәтіндер; оқу материалдарының бұл түрінде ақпарат біртектес жолмен берілмейді, мультисенсорлық жолмен ұсынылады. Ол білім алу үдерісін даралауға және белсендіруге мүмкіндік береді.

3) оқу үдерісін басқарып, тіл үйренушілердің әрекетін интерактивтік режимде ұйымдастыру мақсатында қолданылатын компьютерлік оқу материалдары. Мұндай оқу материалдарына оқу бағдарламалары, компьютерлік тренажерлер, модельдік бағдарламалар жатады.

Алайда бұлай үшке бөлудің өзі шартты, себебі оқу материалдарының әрқайсысы таза осы қалпында кездесе бермейді. Тек оның берілуіндегі басым белгілеріне қарай сөз қозғауға болады.

Сондай-ақ, бұл компьютерлік материалдар оқу үдерісінің нақты бір кезеңдеріне байланысты қолданылады да, кезеңдік сипат алады. Сол себепті компьютерлік материалдарды презентациялық, жаттықтыру, жаттықтыру-бақылау, бақылау және кешенді оқу материалдары деп те ажыратуға болады.

Тілді үйретуде компьютерлік оқу материалдарын қолданудың өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары бар. Компьютерлік оқу материалдарын жазбаша басылымдармен, аудио-, видеокурстармен салыстырғандағы басты ерекшелігі – оның оқу материалын ұсынудың технологиялық және әдістемелік артықшылығында. Бұл артықшылықтарға мына белгілері негіз болады:

- *даралап оқыту мүмкіншілігі;*
- *кең көлемді ақпаратты ұсыну мүмкіндігі;*
- *мәтінді, дыбысты, мультипликацияны, видео материалдарды қолдану арқылы түрлі қабылдау каналдарына әсер ету, яғни мультисенсорлық ықпал ету мүмкіндігі;*
- *тапсырмаларға оралу мүмкіндігі;*
- *кері байланыстың жеделдігі;*
- *синхрондық және асинхрондық режимде қашықтан оқыту мүмкіндігі;*

Компьютер әсіресе, тіл үйренушілердің әр түрлі тілдік жаттығу жұмыстарын орындау кезінде одан көп көмегін тигізеді. Негізінен мына әдіс-тәсілдер қолданылады:

1) Сұрақ-жауап диалогы, тапсырманың мәні компьютердің сұрағына тура жауап беру; сұрақ құрастыру үшін негізгі тілдік мәтін пайдаланылады.

2) Таңдап алынған жауаптар диалогы. Жауап беруші ұсынылған жауаптар тізбегінен өз жауабын таңдайды.

3) Бос орынды толтыруға арналған жаттығулар.

4) Сөздікті қаншалықты меңгергендігін бақылауға арналған жаттығулар: компьютер аударуды керек ететін сөздер тізімін ұсынады; орысша-қазақша жазылған сөздер ұсынылады. Олардың ішінен дұрыс эквиваленттерін тауып, жұп құрау қажет [4].

Компьютерлік оқу материалдары өзіне ғана тән көптеген белгілерге ие болып келеді. Олардың ең бастылары: интерактивтілік; мультисенсорлық ықпал ету; бейімділік; ақпараттың қалыптан тыс берілуі (нелинейность); дизайн ерекшелігі; оны пайдаланушының бағдарлама туралы білімінің болуы т.б. Бұл белгілердің электрондық оқу материалдарында болуы оның тіл үйренушіге ықпалын күшейте түседі.

Қазақстандық тілдік тұлғаның бойында қалыптасуға тиісті негізгі құзыреттіліктерді назарға ала отырып, компьютерлік оқыту бағдарламаларына келесі талаптар қойылады:

1. Тіл үйренушілердің қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруға барлық қажетті жағдайларды жасау.

2. Үйренушілердің ақпараттық және мәдениеттік білімдерін көтеру.

3. Тіл үйренушілердің логикалық, рефлексиялық ойлауын дамыту.

4. Ақпараттық ортада өзін-өзі мәдени дамытудың психологиялық алғышарттарын қалыптастыру.

5. Оқу уәждемесін арттыру және өнімді оқу-танымдық әрекетті дамыту.

6. Қазақ тілін өз бетімен автономды түрде оқу технологиясын меңгерту.

7. Эмпатия мен толеранттықты қалыптастыруға әсер ету.

8. Мәдениеттер диалогы субъектісінің тұлғасын қалыптастыруға әсер ету [5].

Компьютерлік оқыту дегеніміз- оқытудың техникалық құралдарының бірі компьютер мүмкіндіктерін қолдану болып табылады. Оны қазіргі уақытта электронды оқыту деп атауда. Электронды оқыту жүйесі рецептивті және интерактивті болып екіге бөлінеді. Интерактивті жүйе дербес компьютерді қолдану, бейнемагнитофон, бейне дискілі құрал, теледидар кешендері негізінде құрылады, білім алушы мен техника құралдары арасында екі жақты қарым-қатынас орнайды, көрнекілік пен кері байланысты қамтамасыз етеді. Олай болса, оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын техникалық және адам ресурстарын және олардың өзара әрекеттесуін ескере отырып, білім беру формаларын оңтайландыру үшін рецептивті немесе интерактивті түрдегі электронды оқытуды жасау және жүзеге асырудың жүйелі әдісі деп санауға болады. Электрондық оқулық – ғылыми-педагогикалық құрал.

Электрондық оқулықтардың тиімділігі:

– теориялық материалды өз бетімен оқып үйренуге, зерттеуге мүмкіндік береді;

– сабақты иллюстрациялық материалдармен жабдықтауға көмектеседі;

– сабақта және сабақтан тыс уақытта өз бетімен әр түрлі деңгейлі шығармашылық тапсырмалар орындауға мүмкіндік береді [6].

Ғалым Қ. Қадашева былай дейді: «Жаңаша жаңғыртып оқыту, жоғары белсенділікті дамыту және деңгейлік оқыту әдістемелерін жоғары дәрежеде дамыту оқытудың техникалық және электронды құралдарын жан-жақты

пайдаланғанда ғана толық орындалады [7, 148]. Бірақ оқытудың жаңа техникалық және электронды құралдарын тиімді пайдалану оқытушының шеберлігіне байланысты.

Мультимедиялық технологиялардың қызықты мүмкіндіктері электрондық оқу құралдарын жасауды және де басқа оқып үйренуге арналған құралдар жасауда көп қолданылады. Мультимедиялық технологияларды кеңінен қолдану оқытудың қазіргі компьютерлік технологияларын дамытудың жаңа бағыттарын дамытуға зор үлес қосып келеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту үдерісі оқытушының жаңаша оқу қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашуы керек [6].

Содай-ақ, компьютерді тілді оқытуда тиімді қолдану оның қолданбалы лингвистикалық аспектісінің де жеткілікті болуын қажет етеді. «Тіл білімінде сандық, математикалық, ойлауды жиі қолданып, оны мейлінше нақты ғылымдарға жақындату» (Бодуэн де Куртене) ісі кейінгі кезде қазақ тіл білімінде қарастырыла бастады. Бұл бағыттағы А. Жұбановтың зерттеулері айрықша назар аудартады. Статистикалық, математикалық әдістерді тілге әкелу бір жағынан қазақша мәтін түзу үдерісін зерттеуге әкелсе, екінші жағынан тілдің сапалық қызметін сандық көрсеткіштермен нақты көрсету мүмкіндігі болады. А. Жұбановтың сөзімен айтқанда «тілдің аса күрделі түрдегі сан алуан параметрлі көп қабатты жүйе екенін ескерсек, онда ықтималдық теория, математикалық статистика, ақпарат теориясы және т.б. ғылыми салалар әдістерін қолданудың мүмкіндігі кең екені байқалады. Әсіресе, бұл әдістер сөйлеу тәжірибесінде жиі кездесетін белгілі бір кешенді шарттарға байланысты тілдік кездейсоқтық құбылыс заңдылықтарын қарастырғанда ыңғайлы» [8,19]. Мұндай зерттеулер тілдің теориялық қырларын қарастыруда басшылық жасайды, компьютердің лингвистикалық базасын қалыптастыруға негіз болады. Ал оның дидактикалық қырын, компьютерге жазылған оқу мәтіндерін дидактикалық арнайы мақсатқа бағындырып орналастыру, оқытушыға ықпалын, оқуға тиімділігін камтамасыз ету бөлек мәселе.

Сонымен оқыту үрдісінде компьютерді басқа құралдармен салыстырғанда оның басымдылығы жоғары:

- әр түрлі жұмысты тез және қысқа мерзімде орындай алуы;
- бейнелеу мүмкіндігінің жан-жақтылығы;
- дидактикалық мүмкіндігінің жоғары деңгейлігі.

Тіл меңгертуде компьютерді қолдану мынадай мүмкіндіктер береді:

- тіл үйренушінің өз бетімен жұмыс істей алуы;
- компьютердегі сілтемелерге сүйене отырып, өз іс-әрекетін өзінің басқара алуы;

- өз қатесін өзі тексеріп, өзі түзете алуы;
- тапсырмаларға қайта орала алуы;

Қазіргі жоғары оқу орындарына дендеп ене бастаған қашықтан оқыту жүйесі, мектептердегі электрондық оқу құралдары компьютерлік лингводидактиканы ғана емес, жалпы компьютерді дидактиканың құралы ретінде пайдалануда психологиялық, педагогикалық, нейрофизиологиялық, психолингвистикалық аспектілерін кешенді түрде зерттеуді қажет етеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Городецкий, Б. Ю.** Компьютерная лингвистика: моделирование языкового общения. – Новое в зарубежной лингвистике. Вып. XXIV, Компьютерная лингвистика. – М., 1989.
- 2 **Левин, М.** Компьютерді қолдану арқылы тілді үйрету: контекст және концептуализация. Монография. – М., 1997.
- 3 **Бовтенко, М. А.** Компьютерная лингводидактика. Учебное пособие. – М., Флинта, 2005.
- 4 **Айтбаева, Б. М, Ордабаева, З. З.** Қазақ тілін оқытуда инновациялық технологияларды ұтымды пайдалану. – Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, 2012.
- 5 **Құрманбаева, Ш. Қ.** Қазақ тілін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану. – С. Аманжолов атындағы ШҚМУ, 2007.
- 6 **Мусағалиев, Б. К.** Ақпараттық технологияларды сабақта қолдану. – Батыс Қазақстан облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, 2014.
- 7 **Қадашева, Қ.** Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. – А., 2000.
- 8 **Жұбанов, Қ. А.** Қолданбалы лингвистика: Қазақ тілінің статистикасы. – А., Қазақ университеті, 2004.

Материал 12.11.15 баспаға түсті.

*А. Ербол, Б. М. Кадырова*

### Основные проблемы компьютерной лингводидактики

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 12.11.15.

*А. Erbol, B. M. Kadyrova*

### Main problems of computer linguodidactics

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.  
Material received on 12.11.15.



*В данной статье автором дается описание возникновения компьютерной лингвистики и проблемы обучения лингвистическим знаниям с использованием информационно-компьютерной технологии.*

*In this article, the author describes the emergence of computational linguistics and learning problems of linguistic knowledge, using information and computer technology.*

ӘОЖ 81'373

### **Қ. С. Ерғалиев<sup>1</sup>, Е. Б. Асанбаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>фил.ғ.к., Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.;

<sup>2</sup>магистрант, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

## **ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПАТТЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ**

*Мақалада публицистикалық тақырыпаттың зерттелу жайы сипатталған.*

*Кілтті сөздер: публицистикалық тақырыпат, мәтін, қазақ тіл білімі, лингвистика, грамматикалық, стилистикалық, публицистикалық стиль.*

Тақырыпат публицистикалық мәтіннің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі ретінде ғалымдардың назарын ертеден аударғаны белгілі. Қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, Ә. Болғанбаев, М. Балақаев сынды ғалымдар бастап, кейіннен Т. Қордабаев, Р. Сыздықова, С. Исаев, Ғ. Қалиев, Б. Әбілқасымов, А. Алдашевтар жалғастырған зерттеушілер тобы публицистикалық мәтінді, жалпы баспасөз тілін грамматикалық, стилистикалық, лексика-семантикалық және жанрлық қырларын қарастырады.

Әлемдік тіл білімінде де осындай сипаттағы еңбектер көптеп жарияланды. Десе де, газет тақырыпатынан бұрын ғалымдардың назары алғаш баспасөз тілінің өзіне түсті. «Баспасөз тілі заманауи тілден көрініс беріп қоймай, оны қалыптастырады» [1, 52], сондықтан оны тереңірек зерделеу бірден өзекті мәселелердің біріне айналды.

Дүниежүзілік лингвистикада БАҚ-тағы, соның ішінде газет-журнал беттеріндегі жаңалықтардың өндірісі, мазмұны және құрылым мәселелерін зерттеуге деген ғалымдардың үлкен қызығушылығы 1970 жылдардың ортасынан бастап байқала бастады. Батыс әлемінде лингвистика әлеуметтік

ғылымдардың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатындықтан, көптеген жұмыстар социологиялық бағытта жазылды. Сол себепті де бұл тақырыптағы зерттеулердің бастамасы көбіне-көп социологиялық, структуралистік мектептердің өкілдеріне тиесілі (Tudor, 1974; Königsberg, 1987; Livingstone, 1990; Hayward, 1996). Алғашқы ғылыми зерттеулер жаңалықтарды жинақтау, өңдеу және басып шығару, бұл үрдістің өзіндік ерекшеліктерін тануға бағытталды (Tunstall, 1971; Boyd-Barret, 1980 т.б.). Енді бір топ ғалым баспасөздегі жаңалықтарға идеологиялық тұрғыда сараптама жүргізумен айналысты (Hall, 1981; Cohen, Young, 1981). Бұл бағыттағы зерттеулер кейін де жалғасын тауып, күні бүгінге дейін жарияланып келеді (Hodge, Kress, 1988; Neale, 1980).

Уақыт өте келе ғалымдар баспасөз тілін лингвистиканың жекелеген салалары мен аспектілері тұрғысында зерделей бастады. Айталық, бірқатар зерттеулер (Tuchman, 1978; Fishman, 1980) газеттегі хабарламаларды этноәдіснамалық тұрғыда қарастырса, енді бірі ондағы дискурс мәселесіне назар аударды (Wodak, 1989, Dellinger, 1995 т.б.).

Кейінгі уақытта ғылым дамып, лингвистикада жаңа салалар пайда болған соң, БАҚ-ты, әсіресе ондағы баспасөз тілін түрлі аспектіде зерттеуге арналған еңбектер саны да еселеп артты. Олардың барлығын тізіп жазып, жекелей сараптама жүргізу қиынға соқтыратыны хақ.

Көршілес орыс тіл біліміне келер болсақ, мұнда да публицистикалық мәтін түрлі қырынан ғалымдардың зерттеу назарына ілінді. Баспасөз тілі Г. О. Винокурдың лексикология және әдеби тіл тарихына арналған жалпы еңбектерінде зерделенді. Ол сан алуан жазба әдебиеті жанрларының арасынан газет тілінің өзіндік белгілерін анықтауға тырысты. Баспасөз тілін функционалды-стилистикалық тұрғыда зерттеуге негіз салған ғалымның бұл бастамасы кейін 60-70 жылдары В. Г. Костомаров, В. П. Вомперский, Д. Э. Розенталь, Г. Я. Солганик, А. А. Абрамович және т.б. еңбектерінде жалғасты. Бұл кезде газет жанры стилистика тұрғысынан, жазба әдебиетінің бір бөлімі ретінде зерттелгенмен, сол кездің өзінде А. И. Ефимов: «уақыт өте келе, тиісті материалдар жинақталып, қажетті зерттеулер жүргізілген соң стилистикадан оның ғылыми тіл стилистикасы, публицистикалық тіл стилистикасы, фольклор шығармаларының стилистикасы және т.б. сияқты құрамдас бөліктері бөлініп шығып, жеке дара салаға айналуы мүмкін» [2], – деп болжап кеткен.

Мұнда газет тілін зерттеуге арналған алғашқы монографиялар мен ғылыми еңбектер 1970 жылдары жариялана бастады. Солардың бірі – В. Г. Костомаровтың «Русский язык на газетной полосе» атты еңбегі. Автор баспасөздегі екі өзара кереғар үрдіс – экспрессияға және стандартқа деген талпынысты атап өтіп, оны публицистикалық стильдің конструктивті принципі ретінде қарастырады. Газет тіліне қарым-қатынас теориясы

тұрғысынан талдау жасай келе, автор: «коммуникацияның газеттік үлгісі үшін бұқаралық, қабылдаушы аудиторияның әр алуандығы, сәйкесінше, оқырмандардың интеллектуалды деңгейі, жалпы арнайы дайындығы, ақпаратты қабылдаудағы көңіл-күйі, жасына еш бағытталмаушылық тән» [3, 63], – деп атап өтеді. Бұл кезде мерзімді басылымдар саны аз болғандықтан, оқырмандардың ілтипатына деген айтарлықтай бәсеке де болмады, сол себепті автордың бұл сөзін аталмыш кезеңнің төңірегінде қарастырған жөн.

Бұл еңбек лингвистердің газет тілін зерттеуге деген қызығушылығын оятып, көптеген еңбектердің (В. В. Ученова, Е. И. Пронина, М. И. Стюфляева, т.б.) жариялануына негіз болды.

Баспасөз тілін прагматика сынды жаңаша қырынан зерттеуді негізге алған елеулі еңбектердің бірі – М.М.Молчанованың «Прагматика публицистического текста (метаязыковой аспект)» атты докторлық диссертациясы. Мұнда ғалым мерзімді басылым тілін зерттеудің тарихына үңіліп, оны прагматикалық аспектіде зерттеудің, ондағы адресант пен адресат арасындағы қатынастың өзектілігін атап көрсетеді: «Біздің ойымызша, адресат факторы журналисті өз мәтініне тілдік әрекет өнімі ретінде семантикалық, синтактикалық, прагматикалық сәйкестік тұрғысында баса назар аударуға итермелейді. Мұндағы соңғы аспектіні қарастыру жеке тұлға психологиясын зерттеу және оның әлеуметтік өзара әрекетіне талдау жасаумен тікелей байланысты» [4, 29]. Автор публицистикалық мәтінді журналист пен оқырманның сөйлеу әрекетінің өнімі әрі нысаны ретінде таниды: адресат үшін ол тілдік қарым-қатынас түгелдей заттанып, қағаз бетіне түскен объект түрінде ұсыналады. Мұнда мәтіннің бүтіндігі, қисындығы, бөлектігі және метареферендігі (модальділігі) сияқты белгілері өңделген қалпында жалпы тілдік әрекетті және оның жеке қырларын сипаттайды.

Кейінгі уақытта орыс тіл білімінде жалпы газет тілін зерттеуге арналған тағы көптеген еңбектер шығып, бүгінгі таңға дейін жариялануын жалғастыруда.

Қазақ тіл біліміне келер болсақ, төл ғалымдарымыз да публицистикалық мәтіннің прагматикалық қырын тану үшін көп күш салуда. Ғалым Б. Қ. Момынова 1999 жылы С. Исаевтың кеңесшілігімен «Қазақ газеттерінің лексикасы: жүйесі мен құрылымы» атты докторлық диссертация қорғап, кейін кітап етіп шығарады. Автор «Қазақ» газетінің негізінде баспасөз мәтіндерінің құрылымына, мазмұндық ерекшеліктеріне тоқталып, сонымен қатар тілшілердің онда қолданатын тілдік бірліктеріне лексика деңгейінде талдау жүргізеді [5].

Кейін баспасөз тілін зерттеу мәселесі төңірегінде М. Мұқашеваның «Научно-популярная периодика Казахстана: истоки, становление и перспективы развития» (1999), Ф. З. Жақсыбаеваның «Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығатын газет материалдары

бойынша)» (2000), Б. Ж. Райымбекованың «Газетный текст на русском и казахском языках» (2000), С. Иманбердиеваның «Бұқаралық ақпарат құралдарында кездесетін логоэпистемалардың трансформациялануы (газет материалдары бойынша)» (2004) атты ғылыми еңбектері баспа бетін көрді.

2010 жылы Н. Ж. Дәулеткереева «Газет баспасөзіндегі қайталамалардың прагматикалық мәні» атты кандидаттық диссертациясын қорғайды. Ғалым қазақ баспасөзіндегі қайталамалардың қолданылуы, олардың мәтіннің прагматикалық әлеуетін арттырудағы ролін саралай келе, қайталамалардың бірнеше түрін бөліп көрсетіп, әрқайсысының жанрлық қолданысын сөз етеді [6].

Нақты публицистикалық тақырыпқа келетін болсақ, о баста газет тақырыпатының жеке өзі, әсіресе оның прагматикалық табиғаты назардан тыс қалып келді. Мұнда да мақала атауларының танымдық қырлары, ондағы адам факторынан гөрі олардың құрылымдық, стильдік ерекшеліктері көбірек зерделенді. Көптеген лингвистердің зерттеулеріне өзек болып, талай даулы пікірталастарға себепші болған мәселелердің бірі – газет тақырыпатының синтаксистік құрылымы. Егер кейбір ғалымдар (G. O. Curme [7], В. Г. Адмони [8], Ф. Ф.Фортунатов [9], В. А. Богородицкий [10], Н. П. Харченко [11], т.б.) мақала атауын сөйлем қатарына жатқызса, О. Есперсен [12], Е. С. Истрина [13] оны сөйлем деп атау қателік деп, ал А. А. Шахматов [14] бастаған бір топ ғалым тақырыпатты мүлде синтаксис аясына жатқызбау керектігін сөз еткен. В. В. Виноградов [15] тақырыпатты сөйлемнің ерекше түріне жатқызған.

Газет тақырыпаты мәтін теориясы тұрғысынан қарастырылған алғашқы еңбектердің бірі ретінде Генрих Штрауманның «Newspaper headlines» атты кітабын атауға болады. Мұнда ғалым ағылшын газеттеріндегі мақала атауларының семантикасын жағдаят, мәнмәтін және мәдени негіз қырларынан қарастырады [16]. Осы еңбектің негізінде кейін публицистикалық тақырыпаттар тілін зерттеуге арналған ғылыми ізденістер саны еселеп арта түсті. Әлемдік лингвистикада аталмыш саладағы құнды еңбектер көп, олардың негізгілері: R. E. Garst және T. M. Bernstein «Headlines and Deadlines» (1961), Van Dijk, A. Teun «News as Discourse» (1988), A. Bell «The Language of News Media» (1993), A. Bell «Approaches to Media Discourse» (1996), D. Reah «The Language of Newspapers» (1998), D. Dor «On newspaper headlines as relevance optimizers» (2003) және т.б. Бұлардың барлығы публицистикалық тақырыпаттың прагматикалық табиғатының ашылуына сеп тигізген әрі бүгінгі таңдағы осы іспеттес зерттеулерге теориялық негіз болған еңбектер ретінде жоғары құндылыққа ие.

Көршілес орыс тіл білімінде де газет тақырыпаттарын зерделеуге арналған едәуір ғылыми жұмыстар жарияланған. Айталық, тақырыпаттың мәтін теориясы тұрғысындағы ролін И. Р. Гальперин, В. А. Кухаренко, Э. А. Лазарева қарастырса, оның атқаратын қызметтері жайлы зерттеулер

В. Г. Костомаров, Н. П. Пешкова, М. Ф. Ненашева, С. И. Костыгина, Л. А. Манькова, Э. А. Лазарева, И. А. Сырова, О. В. Григоренконың еңбектерінде жарық көрді. Ал А. С. Алисултанов, Л. Г. Нечаев, Т. А. Чекенова, В. А. Лукин бірқатар зерттеулерін публицистикалық тақырыпаттың мәтінмен арақатынасын зерделеуге арнаған. Одан басқа газет тақырыпатын талдауға бағытталған бірқыдыру монографиялар мен диссертациялар да жарияланды (Г. Г. Хазагерова, А. Э. Долгирева, Т. Н. Ишмекеева, А. А. Лютая, Э. Х. Алиева, т.б.).

Э. Х. Алиеваның «Прагматика газетного заголовка (на материале современных русских и английских газет)» атты диссертациясы – публицистикалық тақырыпатты прагматикалық аспектіде біршама терең қарастырған еңбектердің бірі. Мұнда автор прагматика саласының мәні, қалыптасу тарихы, өзіндік ерекшеліктерін саралай келе, оның әлем жаңалықтарынан хабар беруші бұқаралық ақпарат құралы – газет бетінде, дәлірек айтқанда, ондағы мақала атауында қаншалық көрініс табатындығына талдау жасайды. Нәтижесінде ғалым мынадай қызықты, бірақ әбден орынды тұжырымға келеді: «В нашем понимании прагматика текста не сводится к его экспрессивности, поскольку экспрессивность текста достигается чисто лингвистическими средствами. Прагматика, помимо экспрессивности, включает в себя экстралингвистические факторы, такие, например, как выбор шрифта, формат, верстку, цвет и даже качество бумаги» [17, 9].

Аталмыш еңбекте газет тақырыпатының прагматикалық әлеуетін арттыруда қолданылатын құралдар лингвистикалық және экстралингвистикалық деп бөлінгенімен, ғалымның өзі мұндай тақырыпаттарда, әдетте, бірден бірнеше прагматикалық элемент қолданылатындығын айтады [17, 26].

Қазақ тіл білімінде де газет тақырыпаты жеке өзі біраз ғылыми жұмыстың зерттеу объектісіне айналды. Г. К. Ихсанғалиеваның «Функционально-прагматический анализ заголовков (на материале казахстанских газет и телепрограмм)» (2000), Р. Т. Қожабекованың «Баспасөз бетіндегі тақырыптардың фразеологиялану ерекшелігі» (2002) атты диссертацияларды осы мәселені сөз еткен алғашқы еңбектердің қатарына жатады.

Ерекше тоқталып өтуді қажет ететін еңбектердің бірі – Қ. Ө. Есенованың «Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы» атты докторлық диссертациясы. Автор бұл еңбекте БАҚ, газет тілі я публицистикалық мәтін деген түсініктердің орнына «медиа-мәтін» терминін қолдануды жөн көріп, бұл туралы: «Осы топтың (журналистердің) жинау, талдау, саралау, іріктеу сияқты сатылардан өткізіп барып көпшілікке ұсынатын түпкі өнімін медиа-мәтін деп атауға болады. <...> Сөйтіп, БАҚ арқылы таралатын аудиалды және визуалды түрде қабылданатын хабарламалардың бәрі біріге келіп вербалды және медиалық белгілердің жиынтығы ретінде медиа-мәтін ұғымын құрайды» [18, 3], – дейді.

Қ. Есенова аталмыш еңбектің үлкен тарауларының бірін мақала атауларының прагматикалық қырын тануға арнап, оны «Қазақ газеттеріндегі тақырыпаттық кешеннің прагматикасы» деп атайды. Мұнда ол тақырыпат кешенінің әрбір сатысына, олардың маңызы мен атқаратын міндеттеріне тоқталады. Ғалымның көрсетуі бойынша, «Тақырыпат медиа-мәтіннің ажырамас маңызды бір бөлігі бола отырып, атауыштық, ақпараттық және прагматикалық қызметтер атқарады» [18, 38]. Диссертацияда газет тақырыпаты прагматикасындағы тыныс белгілері, фразеологизмдер, сөзойнатым және бейлингвистикалық құралдардың ролі сарапқа салынып, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері талданған.

Н. Ж. Дәулеткереева өзінің диссертациялық жұмысы аясындағы зерттеулерін әрі қарай тарқатып, «Газет тақырыпаттарындағы қайталамалардың прагматикалық қызметі» атты ғылыми мақаласын тілдік қайталамалардың публицистикалық мақала атауларында қолданылу ерекшеліктерін, олардың оқырман санасына, мақаланы қалай қабылдауына әсерін сөз етуге арнайды. Ғалымның ойынша, қазіргі баспасөз тақырыпаттарында кездесетін тілдік қайталамалар оқырманның назарын аудару, мәтінде берілетін негізгі ойдан хабар беру, негізгі мәтінге сілтеме жасау, адресант көзқарасы мен характерін таныстыру сияқты қызметтерді атқарады [19, 65].

Публицистикалық тақырыпаттың прагматикалық, танымдық қырлары әлі де толық ашылмағанымен, аталмыш еңбектер осы бағыттағы ізденістерге жол бастап, бүгінде бұл тақырып әлемдік тіл білімінде үлкен өзектілікке ие болып отыр.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Кузнецов, В. Г. Функциональные стили современного французского языка. – Москва, 1991.
- 2 Ефимов, А. И. Стилистика художественной речи. – Москва, 1957.
- 3 Костомаров, В. Г. Русский язык на газетной полосе. – Москва, 1971.
- 4 Молчанова, М. М. Прагматика публицистического текста (метаязыковой аспект): дисс. ... докт. фил. наук. – Краснодар, 2000.
- 5 Момынова, Б. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы) / Б. Момынова. – Алматы : Арыс, 1999. – 227 б.
- 6 Даулеткереева, Н. Ж. Қазақ баспасөзіндегі қайталамалардың прагматикалық мәні (2007-2009 жылдар): фил. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Алматы, 2010. – 25 б.
- 7 Curme, G. O., and Kurath, H. A Grammar of the English language; Volume 3, Syntax, by G. O. Curme. – New York, 1931.
- 8 Адмони, В. Г. Грамматический строй как система построения и общая теория грамматики. – Москва, 1988.

10 **Богородицкий, В. А.** Некоторые вопросы синтаксиса, морфологии и семасиологии в применении к русскому языку: (Из чтений на учит. курсах в Казани в авг. 1915 г.) // Журнал министерства народного просвещения. 1915. – Ч. 47. – № 12. Отд. 2. – С. 179-199.

11 **Харченко, Н. П.** Заглавия, их функции и структура (на материале научного стиля современного русского языка): автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Ленинград, 1968. – 21 с.

12 **Есперсен, О.** Философия грамматики /Пер. с англ. В. В. Пассека и С. П. Сафроновой; Под ред. и с предисл. Б. А. Ильиша. – Москва : Изд-во иностранной литературы, 1958.

13 **Истрина, Е. С.** Вопросы учения о предложении по материалам архива А.А.Шахматова // А.А. Шахматов (1864-1920). Сб. статей и материалов. – Москва-Ленинград, 1947. – С. 317-337.

14 **Шахматов, А. А.** Синтаксис русского языка // Ред. и коммент. Е. С. Истриной. – 2. изд. – Ленинград : Учпедгиз, 1941. – 620 с.

15 **Виноградов, В. В.** Из истории изучения русского синтаксиса (от Ломоносова до Потемби и Фортунатова). – Москва : Издательство Московского университета, 1958. – 400 с.

16 **Straumann, H.**, Newspaper Headlines, a Study in Linguistic Method, G. Allen and Unwin, 1935. – P. 264.

17 **Алиева, Э. Х.** Прагматика газетного заголовка (на материале современных русских и английских газет): автореф. дисс. ... канд. фил. наук. – Москва, 1992.

18 **Есенова, Қ. Ө.** Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы: филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2007. – 345 б.

19 **Даулеткереева, Н. Ж.** Газет тақырыптарын дағы қайталамалардың прагматикалық қызметі // «Шоқан тағылымы-17» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. «Қазақ филологиясы» секциясы. Т 3. – Көкшетау, 2013. – 328 б.

Материал 09.09.15 баспаға түсті.

*К. С. Ергалиев<sup>1</sup>, Е. Б. Асанбаева<sup>2</sup>*

### **История исследования публицистических заголовков**

<sup>1</sup>Павлодарский государственный педагогический институт;

<sup>2</sup>Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 09.09.15.

*К. С. Yergaliyev<sup>1</sup>, Y. B. Asanbayeva<sup>2</sup>*

### **The history of exploring publicistic headlines**

<sup>1</sup>Pavlodar State Pedagogical Institute;

<sup>2</sup>S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 09.09.15

*Статья анализирует историю исследования публицистических заголовков в мировой лингвистике.*

*The article analyses the history of exploring newspaper headlines in world linguistics.*

УДК 811.512

**Г. К. Жумагулова**

к.ф.н., доцент, Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауэзова, г. Шымкент

### **СМЫСЛОВЫЕ ИНТЕРПРЕТАЦИИ КОСВЕННЫХ ПОБУДИТЕЛЬНЫХ РЕЧЕВЫХ АКТОВ В КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ**

*Данная статья посвящена проблемам семантической интерпретации косвенных речевых актов. Понятие косвенный речевой акт рассматривается автором в аспекте парадигмы буквального и коммуникативного значения языковой формы.*

*Ключевые слова: косвенный побудительный речевой акт, вопрос-побуждение, коммуникативное значение.*

Косвенный речевой акт имеет место в том случае, «если нет соответствия между коммуникативной функцией и типом предложения» [1, с.16]. Иными словами, понятие косвенного речевого акта основывается на противопоставлении первичного (буквального) и вторичного (фактического, коммуникативного) значения языковой формы, между которыми существует определенная связь, выявляемая в процессе коммуникации.

Проблема косвенных речевых актов, как ее сформулировал Дж. Серль, «заключается в выяснении того, каким образом говорящий может с помощью некоторого высказывания выражать не только то, что оно непосредственно означает, но и нечто иное», итогом «каким образом



становится возможным понимание слушающим косвенного речевого акта» [2, с. 159].

Был предложен ряд подходов к решению этой проблемы, которые различаются: а) отношением к вопросу о соотношении буквального значения и коммуникативного смысла в пределах одной формы, б) объяснением процесса интерпретации косвенного речевого акта [3].

В российском языкознании проблема косвенного речевого акта получила интерпретацию с позиции теории транспозиции, согласно которой значение транспонированных предложений (т.е. таких предложений, которые по своим формальным признакам принадлежат к одному прагматическому типу, а употребляются с иллокутивной силой другого прагматического типа) рассматривается как результат действия многих факторов лингвистического и нелингвистического характера [4, с. 281].

В зарубежной лингвопрагматике широкое распространение получил логико-инференциальный подход трактовки косвенных речевых актов, в рамках которого между буквальным (прямым) и косвенным (контекстуальным) значениями высказывания устанавливаются отношения речевого имплицирования. Так, по мнению Дж. Серля [2] косвенный речевой акт имеет место в том случае, «когда один иллокутивный акт осуществляется посредством, путем осуществления другого». При косвенном выражении говорящим своего коммуникативного намерения одному иллокутивному акту соответствуют два иллокутивных акта: первичный (косвенный), вторичный (прямой), т.е. высказывание обладает одновременно двумя иллокутивными силами [2, с. 186].

Для выявления коммуникативного смысла высказывания предлагается процедура логического вывода, которая основана на знаниях теории речевых актов, принципов речевого общения в духе принципа сотрудничества П. Грайса, фактологической фоновой информации и на способности слушающего к логическому мышлению (умению делать выводы и умозаключения). Заметим, однако, что при формулировании теоретических выводов Дж. Серль получает правила («обобщения»), которые оказываются в конечном счете связанными с условиями успешности речевых актов.

В иных теоретических позициях проблема косвенных речевых актов рассматривается в концепциях Р. Конрада [5], которые включают язык в сферу человеческой деятельности вообще и рассматривают речевое поведение в более широком неязыковом контексте.

С точки зрения Р. Конрада, решающую роль в интерпретации предложения (высказывания) как косвенного речевого акта играют ситуация общения, наличие «схем поведения» с «некоторой заранее заданной иерархией цели».

Анализируя случай использования пассажирами вопроса «Вы выходите?» для побуждения адресата к действию (которое заключается в том, чтобы уступить дорогу выходящему пассажиру), Р. Конрад приходит к заключению, что косвенных речевых актов не существует как таковых, что «под косвенными речевыми актами имеются в виду потенциальные, т.е., собственно говоря, пропущенные, воображаемые, а не реальные речевые акты», они, однако, существуют в сознании коммуникантов как «запланированные» [5, с. 358]. Вопрос воспринимается адресатом как первый шаг в осуществлении сложного намерения, как своего рода «разведка», за которой должен последовать следующий шаг – выражение собственно побуждения совершить действие, об условиях успешности выполнения которого запрашивалось в высказывании. Адресат, воспринимая высказывание, отражающее первый шаг в осуществлении речевого намерения говорящего, в силу логического вывода, а чаще в силу устойчивой речевой привычки, предвидит и второй шаг. Далее, действуя по принципу вежливости, адресат реагирует уже на второй, не выраженный в данный момент шаг, в реализации коммуникативной задачи говорящего, о чем свидетельствует перлокутивный эффект речевого акта, когда адресат выполняет действие, которое не названо, но на которое намекает высказывание. Известно, что обычной реакцией на вопрос «Вы выходите?» (при отрицательном ответе) служат действия адресата, который освобождает путь к выходу.

Косвенный речевой акт может рассматриваться и как особая речевая стратегия, именуемая стратегией намека (Hinting Strategy – [6, р. 97]), которая заключается в том, что производимый иллокутивный акт предназначается для выполнения вспомогательной роли в осуществлении другого иллокутивного акта. Эффективность стратегии намека основана на действии принципа релевантности П. Грайса («Не отклоняйся от темы»), благодаря которому слушающий воспринимает имеющийся речевой акт как предваряющий иллокутивный акт, который «прокладывает дорогу» последующему иллокутивному акту.

В речевой практике преобладает редуцированная схема, когда желаемый эффект достигается с помощью осуществления не основного, а подготовительного речевого акта. Именно это широко распространенное явление и получило название косвенного речевого акта.

Столь резкое различие взглядов на природу явления, именуемого косвенными речевыми актами, во многом, кажется, объясняется тем, что приводимое Р. Конрадом в качестве примера высказывание имеет иной статус, нежели высказывание, анализируемое Дж. Серлем. Очевидно, что ситуации с вопросом «Вы выходите?» и с вопросом «Вы не могли бы передать соль?» имеют существенное различие, которое заключается в степени информированности говорящего о возможностях и будущих действиях адресата.

Ситуация в транспорте имеет все параметры ситуации вопросительного речевого акта (наличие информационной лакуны в знаниях говорящего и стремление заполнить ее с помощью речевых действий адресата [7]), и соответственно высказывание «Вы выходите?» выполняет свою первичную иллокутивную функцию информативного вопроса.

В ситуации за столом наличие у адресата возможности совершить действие, о котором говорится в высказывании, очевидно для говорящего. Стало быть, в этой ситуации «блокируется» основное условие успешности интеррогативного речевого акта (говорящий не обладает информацией), и вопрос перестает быть вопросом.

Доказательством того, что вопросительное высказывание теряет свою интеррогативную силу, служат следующие обстоятельства: 1) ответная реакция адресата (его «да» или «нет») не является ответом на запрос об информации, а выступает в качестве согласия «да, конечно»), или отказа «нет, извините, не могу») выполнить просьбу; чаще всего согласие сопровождается или заменяется желаемым действием, а отказ сопровождается извинением и объяснением причин; 2) вопрос-побуждение является «положительно ориентированным», в английском языке об этом свидетельствует употребление неопределенных местоимений *some, something* вместо обычных для интеррогативов *any, anything*: *Can you lend me some money?* [4, с. 278-279]; 3) когда у говорящего отсутствует информационная лакуна, требующая заполнения, вопросительное высказывание свободно сочетается с лексическим маркером просьбы – *please*.

Вопросительные предложения, выполняющие функцию побуждения, обладают также рядом семантико-синтаксических особенностей. Вопросы-побуждения строятся по определенным структурным схемам: а) неместоименные вопросы, в которых начальная позиция заполняется модальными предикатами возможности, долженствования, желания и предикатами обладания: *Will you step aside? Can you read this for me? Must you make so much noise?*; б) разделительные вопросы (в предложениях с предикатами в будущем времени): *You will tell a word for me, won't you?*; в) местоименные вопросительные предложения высокой степени идиоматизации: *Why not to X? What about X?*; г) косвенные вопросы, вводимые оборотом *I wonder*: *I wonder if you could possibly help me with these terms*.

Субъектом вопроса-побуждения является непосредственный участник коммуникации, выраженный в предложении личным местоимением 2 л.; предикат обозначает контролируемые действия, физически выполнимые данным субъектом. Глагольный предикат обычно употребляется в форме настоящего или будущего времени индикатива или в сослагательном наклонении.

Из сказанного следует, во-первых, что коммуникативная ситуация накладывает отпечаток на лингвистические и прагматические характеристики высказывания, во-вторых, в ситуации, когда блокируются условия успешности, характерные для данной формы, высказывание выполняет иную, косвенную коммуникативную функцию, которая определяется актуальной ситуацией; в таких случаях высказывание приобретает иллокутивную силу, соответствующую ситуации употребления, в-третьих, в тех случаях, когда высказывание выполняет свою первичную коммуникативную функцию, но при этом служит основанием для последующего речевого хода или логического вывода, может происходить переосмысление коммуникативной значимости высказывания, которому приписывается иллокутивная сила последующего речевого акта в силу «ассоциации по смежности».

Для решения проблемы интерпретации коммуникативного смысла косвенного речевого акта следует, на наш взгляд, учитывать неоднородность самих косвенных речевых актов.

Очевидно, стоит говорить о шкале конвенциональности косвенных речевых актов. На одном полюсе этой шкалы находятся такие косвенные речевые акты, которые в силу устойчивой, стереотипной связи с побудительной ситуацией однозначно воспринимаются коммуникантами как побуждения. Например, *X icmey alasыз ба? Could you/ Would you do X?* Автоматизация логических связей между формой и стереотипной ситуацией употребления приводит к тому, что происходит частичная или полная идиоматизация значений, которые иногда интерпретируются как прямые, например, в случаях с императивными фразеологизмами типа *Hege X ictemeske? X icteuge qalay qarayсыз? Why not to X? What about X? Would you care of X? Would you mind doing X?*

На противоположном полюсе шкалы находятся такие косвенные речевые акты, связь которых с ситуацией побуждения целиком определяется контекстом употребления, фоновыми знаниями коммуникантов. В этих ситуациях побудительной интерпретации подвергаются такие высказывания, которые нарушают тематическую связность дискурса или содержат упоминание запрещенных или обязательных действий адресата, или атрибутов таких действий, или формулирует какое-либо социальное правило. Например: *Биреу келе жатыр; Үйде нан жок; Бул жерде не истеп журсиз? Somebody's talking; I see chewing gum; Where does your dish go?*

Большинство косвенных речевых актов располагается между крайними точками шкалы, и их интерпретация осуществляется в процессе операций логического вывода на основе теории речевых актов и принципов кооперативного общения. Степень конвенционализированности таких промежуточных косвенных речевых актов зависит от степени устойчивости ассоциативных связей между формой и обстановкой общения (в транспорте,

в магазине, в ресторане, в кассе и т. п.). Так, на пути к конвенционализации, находятся формы типа *Can you pass the salt?* в английском языке, вопросительные предложения с отрицанием типа «Нет ли у вас спичек? Вы не могли бы помочь мне с вещами?» [8, с. 338], которые служат стандартными способами выражения просьбы.

Мы рассматриваем побудительный речевой акт как функционально-прагматическое целое, в котором объединены разноуровневые средства выражения побудительного коммуникативного намерения [9]. План выражения побудительного речевого акта отличается обилием и разноплановостью форм, которые различаются как по модальной семантике, так и по степени эксплицитности выражения побудительной иллокутивной цели. Признавая принципиальную возможность вариативности средств и способов выражения иллокутивной семантики речевого акта, мы используем термины «прямой» и «косвенный» речевой акт для обозначения способа оформления речевого акта.

Грамматическое ядро плана выражения побудительного речевого акта составляет императивная модальность, формы которой являются прямым конвенциональным средством выражения побудительного речевого акта и употребляются для выражения различных побудительных речевых актов, однако частотность императивных форм в речи уступает частотности косвенных форм, которые с семантической точки зрения находятся на периферии функционально-прагматического поля побуждения и связаны с условиями успешности побудительного речевого акта.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

Much attention to the ability to communicate at different levels (including cross-cultural) as a necessary quality of a professional engineer is paid not only in research but also in the existing regulations. For example, the Board of Engineers of Great Britain developed «The Standard for Professional Engineering Competence». Among the competences which we are interested in, related to the topic of this study, the «effective use of communication and interpersonal skills in communication» is distinguished [3, p. 8]. In practice, the presence of these skills should be reflected in the «ability to hold a discussion; to make a presentation; to generalize what was read; to write different kinds of documents» [3, p. 8]. In addition, this standard describes the rules of behavior which must be observed by the licensed Board of engineers. Among others - «treat all people

fairly, without prejudice, but with respect. ... If possible, avoid real or potential conflict of interests» [3, p.10].

As a developing and stable country in the Central Asian region, Kazakhstan has a wide range of economic and cultural relations with the developed countries of the European Union as Germany, France, and Italy. Traditionally, close cooperation in the field of industrial and technical relations with German business companies is held due to the historical background. Practically target acquisition and use of technical equipment of German companies in many sectors of Kazakhstan economy provides quality training of technical engineers, professional and technical staff. To implement the task of preparing competent experts the Ministry of Education and Science of the Republic introduced new disciplines as “Professionally-oriented foreign language” for undergraduates and “Professional foreign language” for graduates. These innovations are designed to supply the domestic labor market with young technicians, practically speaking foreign languages. The realization of this idea also implies the exchange of foreign countries teaching staff’s potential to share experiences and train young professionals in technical universities. So, for cooperation are invited and there are already close contacts with representatives of German corporations Siemens, GIZ (GTZ), Goethe Institute, DAAD and technical universities teachers in Germany.

Requirements for skilled technical specialties are growing; they are paid much attention by various competent organizations. So, in the last decade under the UNESCO auspices requirements for the engineer of the XXI century are developed. They were formulated by specialists of the authoritative international organizations FEANI (The European Federation of National Engineering Associations) and ABET (Accreditation Board for Engineering and Technology), as well as national professional-public organizations, in which requirement there are a lot of non-technical aspects.

Currently, the requirements for future specialists in different countries do not differ among themselves. Representatives from industry, business and education in one voice declare that a professional at this stage – it’s not just a narrow specialist in his field, but the personality who is initiative, able to work in a team and ready for the continuous development. Thus, in the report, the representative of Sweden Industry Federation says that «the industry needs a large number of well-educated scientists and engineers. However, the number is not the most important; much more important is available specialists’ competencies that need to be considered from different perspectives. On the one hand, excellent scientific knowledge is necessary, but not sufficient. We can not do without social competencies and other abilities. The ability to cooperate, creativity, responsibility are the requirements that are vital at this stage. Continuous personal development is also necessary for professionals» [4, p. 214-215]. Among the above-mentioned social competences teamwork, communication skills, language and culture proficiency are allocated.

So, all of this proves conclusively the need to train specialists not only with the knowledge of a foreign language (German, English) as a system, but also willing to carry out the professional cross-cultural communication. However, there are several challenges to this task. The main problem that both teachers and students face in the process of foreign language teaching in a technical college is the discrepancy of high requirements, laid down in the basic normative document «The concept of foreign language education development in the Republic of Kazakhstan», allotted to time possibilities.

Thus, according to the «Concept ...» adopted in 2006, the level of foreign language competence implies its use practically both in a professional (production and research) activity and for the self-education purposes. However, the implementation of this program is in doubt. Obviously, the main reason could be inconsistencies of the «Concept ...» with outdated standards and therefore Standard teaching programs of foreign language teaching in higher education, school students’ focus to passing UNT and ignoring foreign language teaching and others.

It can be concluded that there was a need to revise the regulations because they do not take into account the practical purpose of foreign languages teaching. If we consider the professionally-oriented English language training, the Standard does not reflect the role of English as the lingua franca. In our opinion, that role of English language is necessary to consider and explore the culture not only of the English-speaking countries but also the countries where that is highly developed industrial and scientific fields in which students specialize, as they are likely to have to communicate with the experts from these countries. Normative document should not be limited with the preference of only one language (such as English) as a potential for technical specialties. It is important to bear in mind the languages of the countries with a high scientific and technical potential, such as German, French and others.

In addition, currently foreign languages teaching, as well as the entire educational system, are being reformed in connection with the entry of Kazakhstan into the common European educational space. We can not agree with the opinion of the Russian scientist S.G. Ter-Minasova, who believes that «the traditional teaching of foreign languages in our country was reduced to reading texts» [5, p. 32]. It should be noted that a foreign language has always played an integral component of non-linguist student training, however, during the learning process, mainly, only one function was implemented – informative, even in a limited way, because «of the four language skills (reading, writing, speaking, listening comprehension) only one was developed, passive, focused on “recognition” – reading» [5, p. 32].

To sum up, it must be emphasized that in today’s social-political, economic and social-cultural context of Kazakhstan development there is every reason to consider foreign (German, English and other) language competence as a prerequisite for professional work of a significant number of graduates of

technical universities, who are potential participants in intercultural professional communication, which greatly improves the requirements for training precisely this kind of activity. Thus, despite the problems of foreign language training of technical specialists, there is every reason for its modernization and improvement through the approximation of the labor market and higher education.

## LIST OF REFERENCES

- 1 **Duan, Ping, Gu, Weiping.** Teaching Trial and Analysis of English for Technical Communication. Asian EFL journal. – Vol. 6, Issue 1, Article 5. – 2004.
- 2 **Brall, Stefan.** Überfachliche Kompetenzanforderungen in den Ingenieurwissenschaften. – RWTH Aachen University, 2009.
- 3 Engineering Technician Standard. – Engineering Council UK, London, 2005. – 14 p.
- 4 **Modeer, Camilla.** Federation of Swedish Industries, Stockholm. Competence demands for today and tomorrow: quality progress through interaction with industry. – DSTI/STP/TIP(99)2/FINAL, 1999.
- 5 **Тер-Минасова, С. Г.** Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Изд-во МГУ, 2004. – 352 с. – ISBN 5-211-04869-5.

Material received on 03.09.15

*М. С. Құлахметова<sup>1</sup>, А. С. Сәрсенбаева<sup>2</sup>*

**Кәсіби-бағытталған шетел тілін оқыту бағдарламасын жаңарту мәселелері**

<sup>1</sup>С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

<sup>2</sup>Қазақ гуманитарлық заң университеті.  
Материал 09.09.15 баспаға түсті.

*М. С. Құлахметова<sup>1</sup>, А. С. Сәрсенбаева<sup>2</sup>*

**Проблемы обновления содержания обучения профессионально-ориентированному иностранному языку**

<sup>1</sup>Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова, г. Павлодар.

<sup>2</sup> Казахский гуманитарно-юридический университет.  
Материал поступил в редакцию 09.09.15.

*Берілген мақалада шетел тілі жаңа парадигма үрдісінде мақсат ретінде емес яғни кәсіби нәтижелері мен компетенцияларын меңгеру ретінде қазіргі уақытта қарастырылады. Мемлекеттік*

*білім беру жүйесінде үнемі әр түрлі реформалар жасіі өткізіледі, соған орай білім беру нәтижесінің талаптары да қатаң қойылады, оқу бағдарламалары да арттырылады, шетел мемлекеттерінің жоғары білім салаларындағы белсенді тәжірибелік сапалары қабылдануда, Болон процесі бойынша мемлекеттік және шетел университеттері үйлесуде. Осыған орай, жоғары кәсіби білім беру жүйесіндегі мемлекеттік стандарттарын меңгеруде және олардың компетенцияларының ұғымдары мен классификациялары және де оның мазмұны белгіленеді. Осы үдерісте көптілділік пен шетел тілін меңгеру ерекше ролді атқарады.*

*Барлық осы үдерістер экономика мен еңбек нарығына жаһандандырудың кертартпасы деп санауға болады.*

*В данной статье отмечается, что в сфере новой парадигмы иностранный язык становится в современном понимании средством достижения профессиональной компетентности. Система образования в нашей стране систематически реформируется – меняются требования к процессу обучения, совершенствуются образовательные программы, перенимается опыт зарубежных высших учебных заведений, происходит сближение отечественных и иностранных университетов в рамках Болонского процесса. Также проводятся мероприятия по разработке и усовершенствованию государственных образовательных стандартов высшего профессионального образования в компетентностном формате, уточняются определения и классификация компетенций, а также их содержание. Во всем этом процессе немаловажную роль играет полиязычное образование и овладение иностранным языком.*

*Все вышеперечисленные процессы в образовании являются реакцией на явления глобализации в сфере экономики и рынка труда.*



**Г. А. Куребаева<sup>1</sup>, Д. Е. Капанова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>к.ф.н., и.о. доцента кафедры иностранной филологии, ГУ имени Шакарима, г. Семей; <sup>2</sup>к.ф.н., профессор кафедры иностранных языков, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар

## **О МЕХАНИЗМАХ ФОРМИРОВАНИЯ ИНОЯЗЫЧНОЙ РЕЧИ**

*В статье рассматривается вопрос о методологической основе формирования иноязычной речи.*

*Ключевые слова: психоллингвистика, механизмы речи, иностранные языки, языковая способность.*

Основная задача преподавания иностранных языков в настоящее время – это обучение языку как реальному и полноценному средству общения. Решение этой прикладной, практической задачи возможно лишь на фундаментальной теоретической базе. Научить людей общаться устно и письменно, научить произвольно создавать, а не только понимать иностранную речь – это трудная задача, осложненная еще и тем, что общение – не просто вербальный процесс. Его эффективность, помимо знания языка, зависит от множества факторов: условий и культуры общения, правил этикета, знания невербальных форм выражения, наличия глубоких фоновых знаний и многого другого.

Психоллингвистическое исследование механизмов речи и разработка методов ее формирования при обучении иностранным языкам взрослых людей очень актуально сегодня. Под механизмами понимается внутреннее устройство речи как сложного многостороннего явления, а под методами – внешние способы воздействия на эти механизмы с целью эффективного формирования иноязычной речи у взрослых людей [1]. Согласно Румянцевой И. М. механизмы речевыработки являются общими как для развития речи в онтогенезе, так и для развития иноязычной речи в разрезе акмеологии, общими являются и закономерности методов воздействия на это развитие с целью его ускорения и улучшения.

Автор представляет новую многоаспектную концепцию речи в единстве всех ее сторон языковой, психической, физиологической, деятельностной, а также базирующейся на этой концепции теоретическое описание действующей системы обучения иноязычной речи, которая так же многоаспектна и интегративна, как и само речевое явление, и каждой своей методической гранью направлена на соответствующие стороны речевого процесса, которые необходимо формировать. Эта система обучения

психоллингвистическая, поскольку ориентирована на развитие языковой и речевой способности, процессов речевосприятия и речепорождения через раскрытие механизмов их функционирования [2].

Данная концепция не только позволяет изучить речь в синтезе с лингвопсихологией, а также раскрыть ее теоретические и прикладные возможности, т.е. построение научной базы для создания инновационных тонких обучающих психоллингвистических технологий и создание конкретной интегративной интенсивной системы обучения иноязычной речи [3].

Сегодня проблема формирования языковой способности актуальна даже в языковой аудитории, поэтому необходимо применение групповой психотерапии и психокоррекции в виде психологических тренингов как нового орудия исследования речевого процесса, нового направления и методологической основы формирования иноязычной речи.

Кроме языковой способности существует понятие речевой способности как важнейшей составляющей речевого процесса. Изучение внешних и внутренних механизмов развития языковой и речевой способности, процессов речевосприятия и речепорождения, показало прямую связь между основными аспектами речи: когнитивным, психодинамическим и коммуникативным [2].

Согласно концепции Румянцевой И. М. обучение взрослого человека иноязычной речи возможно через развитие и коррекцию всех его психических функций, языковой способности и свойств личности по модели естественного развития речи в онтогенезе. Формирование иноязычной речи взрослого человека через развитие его психических функций в основных своих чертах совпадает с формированием речи в онтогенезе, что дает возможность говорить об общих закономерностях и механизмах речевыработки.

Основные специфические характеристики психических процессов описаны теорией Л. М. Веккера о единстве всех психических процессов [4].

Общий концептуальный аппарат, возникавший в значительной мере в качестве отклика на дефицит теоретического единства, формировался в пограничных областях, связывающих между собой психологию, нейрофизиологию, общую биологию, социологию, физику и технику.

Единая теория психических процессов охватывает многообразие фактического материала экспериментальной психологии, выделяет и расчленяет специфические характеристики психических процессов, подлежащие объяснению средствами общей теории. А это по необходимости ведет к конкретизации и, с другой стороны, к дальнейшему обобщению того понятийного аппарата, в основе которого – синтез смежных областей науки. Единый научный аппарат современной психологии складывается в результате взаимодействия пограничного, внепсихологического и собственно внутрипсихологического научного развития.



Результативное обучение иноязычной речи взрослых людей через систему воздействия на их психические функции доказывает верность концепции Л. С. Выготского и его последователей о том, что развитие психических функций, а вместе с ними и в их числе – речи, связано как с врожденными задатками, так и с внешними факторами, т.е. взаимодействием человека с социальной средой и обучением, но не заканчивается с завершением возрастных морфологических изменений, а может продолжаться всю жизнь. [2]

Речевой сигнал не поступает в мозг человека изолированно, лишь в виде языковых знаков и кодов, а всегда аккомпанируется массой экстралингвистических стимулов. Фонетические, грамматические, синтаксические, лексические явления сопровождаются целой гаммой чувственных и двигательных ощущений, в результате чего вырабатываемые нейронные связи, отвечающие за речевую способность, представляют собой не только «систему потенциальных языковых правил», но ее сплав с внутренними чувственно-двигательными кодами. В восприятии, распознавании, понимании и порождении речи действуют одни и те же законы: для правильного речевого развития и формирования языковые сигналы должны сопровождаться сенсорными, двигательными и эмоциональными стимулами. Отрыв языкового от психического при подаче речевого сигнала, что чаще всего и происходит в обучении иностранным языкам, приводит к ломке механизмов автоматизма при речевосприятии и речепорождении.

Необходимо отметить, что языковая система родного языка, уже укоренившаяся в языковом сознании человека, может не только мешать функционированию системы иноязычной, но и наоборот, при соблюдении онтогенетических правил формирования последней, способствовать ей в этом, поскольку на основе системы родного языка мозг порождает значительное количество языковых сравнений, ассоциаций и аналогий, ускоряющих овладение языком иностранным.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 **Румянцева, И. М.** Психология обучения иноязычной речи. Психотерапевтический подход. Автореферат на соискание ученой степени доктора психологических наук. – М. 2004.
- 2 **Выготский, Л. С.** Мышление и речь. 5-е изд., испр. – М. : Лабиринт, 1999. – 352 с.
- 3 **Виноградов, В. А.** Стратификация нормы, интерференция и обучение языку // Лингвистические основы преподавания языка. – М., 1983. – С. 44-65.
- 4 **Веккер, Л. М.** Психика и реальность: Единая теория психических процессов. – М. : Смысл: PerSe, 2000. – 685 с.

Материал поступил в редакцию 11.09.15.

*Г. А. Куребаева<sup>1</sup>, Д. Е. Капанова<sup>2</sup>*

### **Шет тілінде сөйлеудің қалыптасу механизмдері туралы**

<sup>1</sup>Шәкәрім атындағы мемлекеттік университет, Семей қ.;

<sup>2</sup>С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

Материал 11.09.15 баспаға түсті.

*G. A. Kurebayeva<sup>1</sup>, D. Y. Kapanova<sup>2</sup>*

### **About mechanisms of formation of foreign speech**

<sup>1</sup>Shakarim State University, Semei;

<sup>2</sup>S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 11.09.15.

*Берілген мақалада шет тілдерін оқытудағы сөйлеу механизмдерінің психолінгвистикалық зерттелуі және оның қалыптасу әдістерін дайындау туралы мәселелер қарастырылады.*

*In this article there is presented a psycholinguistic study of the mechanisms of learning foreign languages and elaborated the methods of its formation.*

**Б. Ш. Қожекеева, Б. С. Бегманова**

фил.ғ.к., Қазақ Ұлттық Педагогикалық қыздар университеті, Алматы қ.

**КЕСЕК ТҰЛҒАЛЫ АҚЫН – ШАРҒЫН ӘЛҒАЗЫҰЛЫ**

*Жетісу өңірінде дүниеге келген, өмірдің ащы дәмін бір адамдай татқан ел қамын ойлаған жанашыр, қоғам қайраткері, кесек тұлғалы ақынның бірі – Шарғын Әлғазыұлы (1903-1988). Шарғын Әлғазыұлының Қытай елін паналауына себеп болған 30-жылдардағы ашаршылық тауқыметі еді. Кіндік қаны тамған туған жер топырағын қанша қимаса да амалсыз тау асып, бас сауғалаған заман көшіне ілесті. Шарғынның Кеңес мектебінен алған ақындық мектебі Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтар жолы.*

*Шарғын ақын поэзиясы жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Туған жер, табиғат, гирбаты мол ақыл-нақылға толы өлеңдері, толғау, дастан, өсиет, жоқтау, қоштасу өлеңдері, мысал, әзіл-оспақ, айтыс-қағытулары ақынның өресінің биіктігінен хабар беретін мол мұра, асыл дүниелер.*

*Кілтті сөздер: қоғам қайраткері, поэзия, туған жер, ашаршылық кезеңі, жат жұрт, ел ертеңі.*

Жетісу өңірінде дүниеге келген, өмірдің ащы дәмін бір адамдай татқан ел қамын ойлаған жанашыр, қоғам қайраткері, кесек тұлғалы ақынның бірі – Шарғын Әлғазыұлы (1903-1988). Ол 1903 жылы қазіргі Алматы облысы, Ұйғыр ауданының Тиірмен (бұрынғы Жетісу облысы, Жаркент уезінің «Қожбанбет» болысында) деген жерінде дүниеге келіп, алғашқы сауатын да осында ашқан. Айдархан деген ауыл молдасынан арабша тіл сындырған. Содан соң әйгілі домбырашы, әнші Мақсұт Додабайұлынан Кеңес мектебінде білім алады. Содан да болар өлеңге, өнерге жаны құмар болып өседі. Бұл дәуір – қазақ халқының маңдайына небір асыл жауһарларын төге салған ғажап ғасыр. Бірақ, амал не маңдайға сыймаған небір дүлділ, атамекенімен жылай-жылай кош айтысып, басқа ел, бөтен өлке, жат жұрт құшағына жұтылып кете барды. Осыған дейінгі ақындарымыздың ел ауа көшуіне себеп 1916 жылғы үркіншілік болса, Шарғын Әлғазыұлының Қытай елін паналауына себеп болған 30-жылдардағы ашаршылық тауқыметі еді. Кіндік қаны тамған туған жер топырағын қанша қимаса да амалсыз тау асып, бас сауғалаған заман көшіне ілесті. Қолдан жасалған қызыл қырғын аштықтан зардап шекпеген адам кемде-кем еді: «1932 жылғы февраль айында жүргізілген Бүкілодақтық

мал санағы бойынша, 1923-29 жылдардағы 40мл. бас малдан – Қазақстанда санақ барысында 5.397 мың бас қана малдың қалғаны, яғни мал санының 85,5 процентке қысқарғаны мәлім болды» [1, Б. 17].

XX ғасырдың отызыншы жылдары келген зауалды шақпен теңесер кездің бола қоюы мүмкін емес. Сталиншілдер мен голошекиншілердің «асыра сілтеген», қолдан жасалған зобалаңынан қазақ халқының сүйегі жол бойында шашылып, көмусіз қалды. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің Төрағасы Ораз Исаевтың Сталинге жазған хатынан үзінді келтірсек: «...1931 жылы ерекше етек алған жаппай қонысынан ауу, басқа өлкелермен республикаларға кету қазір де тоқталмай отыр. Көптеген қазақ аудандарында 1929 жылмен салыстырғанда халықтың жартысы да қалмаған» [2, Б. 24]. Міне, елінен көрген осындай теперіштерден Шарғын Әлғазыұлы Шығыс Түркістан жеріне қоныс аударды. Оның осы кездің күйінен сыр шертетін өлеңі:

Болмайды өз еліндей кісі жері,

Басыңа үйседағы дүниені.

Қаншалық ойланбайын десендағы,

Көңілге келтіреді бірдеңені – деп айтылатын еді [3, Б. 172].

Бұл елде де қазақ халқы зорлық-зомбылықтың, қанаудың құрсауында өмір сүріп жатқан еді. Шарғын ақын келе сала оқу-ағарту, халықты сауаттандыру ісіне қызу кірісіп те кетеді. Алғашында мұғалім, кейін келе мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінің, мәдениет бөлімінің меңгерушісі, халық өкіметінің хатшысы, Іле қазақ автономиялы аймақтық комитетінің жауапты хатшысының орынбасары қызметтерін атқарады. Сол жолда халықтың қиын халіне қанатымен су сеуіп дегендей қол ұшын беріп жүрген Таңжарық ақын Құлжа қаласының үлкен ағартушыларының бірі Дәулеткелдімен танысады. Таңжарықпен бірігіп, тізе қоса жүріп азаттық алу жолындағы қиыншылықтармен бірге күресті. Шыңжаң Жазушылар одағының толық мүшесі болып сайланады. Өлеңдері Шыңжаң өлкелік «Шыңжаң малшылары», «Іле», «Іле жастары», «Іле пионері» газеттерінде, «Шыңжаң әдебиет-искусствосы», «Шұғыла» журналдарында жарияланып тұрды. Өлең жинақтарында да ақынның өлеңдері жарық көрді. Ақынның ақындық өнеріне, басқарушылық қабілетіне бас июші жерлесі, ұзақ жылдар ағартушылық саласында еңбек еткен, елді басқарудағы басқа да көптеген істің басында жүрген абзал азамат Т. Сақалов естелігіне құлақ түрсек: «Шәкенді 1941 жылы Іле аймағына қарасты Текес ауданының орталығы Қызылкүреде ашылған орталау мектептің бесінші класында оқып жүргенде, тұңғыш рет көрдім. Бір күні мектепке ұяң (тексеруші) келеді деп мұғалімдер де оқушылар да мазасыздана бастады. Мектеп, мұғалім, оқушы, әр класс реттеліп, күндегіден жинақталып қалды. Біздің класс та тексерушіні асыға, жүрексіне күттік. Өзгеге өтірік, өзіме шын, бір кезде Тілеуберді Тәшірұлы

деген мұғалім жағрапия сабағын бастай бергенде, залда аздап қозғалыс болып, класқа басында кара барқыт тақиясы бар, шокша сақалды, әдемі, сұйықтау мұртты, толық денелі, дөңгелек жүзді, үстінде тік жағалы қазақша бешпеті бар, аяғында былғары етік, сымның балағын қоныштың сыртына салған, меніңше түр-тұлғасы Абайдан аумайтын кара торы кісі баяу басып кіріп келе жатты... Менің атым Шарғын, әкемнің аты Алғазы. Сендердің мектептеріне келіп, оқуларың қалай екен, соны біліп қайтайын деп келдім. Отырындар!», – деді [4]. Т. Сақалов Кенес өкіметіне келгеннен кейін де Шарғын ақынмен ара қатынасын үзбей, араласып тұрады.

Шарғынның Кеңес мектебінен алған ақындық мектебі Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтар жолы еді. Сол жолмен жазған, халықты азаттық жолындағы күреске үндеген өлең жолдары:

Қамы үшін бір басыңның қайғы жеме,  
Еліңнің басыңды тік керегіне.  
Кіші менен үлкенді құрметтегін,  
Жетесің сонда азамат дегеніңе.  
От басы, ошақ қасы жан боласың,  
Мәз болсаң ішкенің мен жегеніңе.  
Қанат қақ қыран құстай биік шыңға,  
Көз таста дүниенің көлеміне.  
Адам деген атыңа кір қоспағын,  
Наданның тірісі не, өлгені не?! [4], – деп келеді.

Шығыс Түркістандағы (қазір Шыңжаң деп аталады. «Жаңа жер» деген сөз) қазақтардың Қытай отаршылдарының таптауы мен талауына түскендігі соншалық, надандықтың, сауатсыздықтың қалың құрсауына түсіп бара жатқан болатын. Дінін де, ділін де жоғалтып бара жатқан ел қамын ойлау көзі қарақты осындай ақындардың еншісінде еді. Себебі, қандай да бір ақын елінің ертеңін, болашағын ойлаумен өмір сүрер болар. Халықты басып-жаншып ұстауда небір құйтырқылықтарға баратын Қытай билеушілері енді ел ішіндегі бас көтерер адамдарды ұстап, түрмеге жауып, азаптап, айуандықтың небір түрлеріне барып қинай бастады. Кеңес елінде ел ішіндегі бас көтерер азаматтарды халық жауы деп ұстап әкетіп жатқан қалың науқан Қытай жеріне қырқыншы жылдарда Шың-Щицай лаңымен келіп жетті Шарғын ақын Құлжа түрмесіне тар қапасақ қамалды. Таңжарық ақын Үрімші түрмесіне жабылды. «Қамауда» деп аталатын ақын өлеңі сол кезден хабар берер айғақ тәрізді:

Қытайдың қалдық міне қамауында,  
Тұрады екі сақшы қарауылда.  
Бізді енді босататын емес сірә,  
Қалған соң бір ілініп қармағына.  
Тіл ұқпас түстік міне дүлей жауға,  
Шатады неше түрлі басты дауға.

Қаныпезер, қанқұйлы, озбыр екен  
Дайын тұр келе сала жалмауға да.

Зымиян алдарқатып күлген болып,  
Ұста екен амал қылып алдауға да.  
Шама жоқ қолдан келер, іш қайнайды,  
Күшіне зорагердің амал бар ма? [5, Б. 60].

1944 жылы Іле төңкерісі басталып, Іле, Тарбағатай, Алтай аймақтары гоминдаң әскерінен тазартылғаннан кейін ғана азаттық таңы атып, елде тыныштық орнағандай болады. 1949 жылы Қытай халқы толық азаттыққа қол жеткізеді. Әдебиеттің, мәдениеттің белең алып дамуы да сол жылдардың жемісі. Көптеген әдеби іс-шаралар мен көркемөнерпаздар сайыстары жандана бастайды. Осындай игі істердің бел ортасында Шарғын ақын да бар еді. 1957жылы Шыңжаң Жазушылар одағы құрылуына орай осы аймаққа арнайы сапармен барған Ғ. Мүсіреповпен кездесіп, әңгімелеседі. Ақынның елге оралуы 1959 жылға тура келеді. Басқа мемлекетке бел асып келген адамдарға ол кезде үлкен сенім көрсетіле қоймайтын заманда Шарғын ақын қарапайым өмір сүруге мәжбүр болды. Колхоздың кара жұмысына жегіліп, бақташы болып қарадүрсін күндері өтіп жатты. Көңілге медет тұтары туған елге, жерге оралуы. Бірақ өмірінің соңғы минуттарына дейін өлеңінен ажырамады. Көңілінің жұбанышы да, алға апарар үкілі үміті де – осы өлең. Өлеңімен жастарға, болашаққа бағыт-бағдар сілтеді, ғибрат берді, өсиет қалдырды, елімен қоштасты:

Қаншалық өмір сүріп шаттансаңда,  
Аяғы соғады екен мұңға барып.  
Қоштасып ел-жұртыммен бір қалайын,  
Сексен беске келгенімде бір қарманып [6, Б. 80].

1988 жылдың қазан айының 12-сінде дарынды ақын Ш. Алғазыұлы дүниеден озды. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Д. Ахметбайұлының естелігінен үзінді келтірсек: «Шарғын ақындығын былай қойғанда ақылдылығымен, кең пейілділігімен, алғырлығымен ел-жұртына қадірменді болған қария еді. Сондықтан ол кісінің намазына Іле бойынан тартып ауданның әр ауылынан кара қорым жұрт жиналды. Өлі күнге өкінемін. Ең болмаса солардың алдында ақын атаның өлерінен бір апта бұрын жазған «Ел жұртпен қоштасуы» да оқылмады. Ол тұрғыда ешбір ниет те болған жоқ. «Қытайда үлкен ақын болыпты» деген гу-гу әңгіме ғана құлақта әлі күнге дейін тұр. Бірақ «мұнда келгенде де ақындық биігін аласартпаған ақиықтың бірі осы Шарғын» деп дауыс көтерген ешкім болған жоқ. Неге?

Бұл сұрақтың тамыры терең. Қытайға барып елуінші, алпысыншы жылдары елім, жұртым деп қайта келгендерге қиғаш қарау, сенімсіздік көрсету күні кешеге дейін бәсендеген жоқ қой. Бұл әсіресе ол жақта тәуір қызмет істеп, мәртебесі көтерілген кейбір азаматтарға оңай соққан жоқ.

Солардың қайсыбіреуі моральдік жақтан соққыға ұшырады. Төменшіктеп, жасқаншақтап, тартынып қалды. Мен Шарғын ақынның басында да осындай күй болмады деп айта алмаймын» [7] – деп көкірегі қарс айырыла жазған еді. 2008 жылдың қараша айында ақынның өмірден озғанына 20 жыл толуына байланысты ақынын еске алып, ас берілді. «Абызы қара өлеңнің Шарғын ақын» атты жыр мүшайрасы өтті. Ақынның ұлы Тілеухан Алғазиев пен аудандық оқу бөлімінің бастығы Қуат Жанбаев, Шалкөде орта мектебінің директоры Нұрлан Құлмұханбетов, Шарғын атындағы әдеби бірлестіктің жетекшісі Әмина Әлімжановалардың басқаруымен өтті. 90 жылдық жыр мүшайрасы да өткен болатын. Аудандық оқу бөлімінің бастығы Қуат Жанбаев осы күнді жыл сайын ақын атындағы жыр мүшайрасын өткізуге арнауға уәде берді. Ш. Алғазыұлының өлеңдері өзінің өмір сүрген өлкесінде ақынның көзі тірісінде жария бетін көрген жоқ. Ол түсінікті де еді. Ақын өмірден өткеннен соң ғана 1992 жылы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Дәулет Ахметбайұлы Желдікбаевтың құрастыруымен Көш-керуен (1992) Атамекен (2005) өлеңдер жинағы шықты. Ақын шығармалары мен өмірбаяндық деректері туралы әр жылдардағы баспасөз беттерінде 1988 жылы ақын өліміне байланысты Хантәңірі газетінің ақын Ш. Алғазыұлының шығармашылығына арналған арнаулы басылымында жазушы Құрманбек Толыбаевтың «Артында сөзі қалған» деген мақаласы, Т. Сақаловтың «Армандап өткен ақын» атты мақаласы мен ақынның «Ала жүр елім, есіңе» атты елімен қоштасуы жарияланып, Шарғын ақынның Нәсілханмен, жеңгесі Күлшарханмен, Таңжарықпен айтыстары, «Өзіне айтып кеткен жоқтауы» тағы да бірқатар өлеңдері жарияланды Д. Ахметбайұлының [7], Ж. Айдарханұлының [8], [136], Ә. Тарақовтың [9], К. Сағымбеков [10] еңбектері баспасөз беттерінде жарияланды. Ақынның тұқым-жұраты бұл күнде Алматы қаласы мен қала маңайындағы елді мекендерде. Баласы Тілеухан Алғазиев мектепте математика пәнінің мұғалімі, ұлағатты ұстаз, Алматы қаласы, Өжет аулында тұрады. Тілеухан ағамен сөйлескенімізде Шарғын ақынның әлі де көптеген шығармаларының басылмай үйде сақталып тұрғанынан хабардар болдық. Қолжазбалары арабша төте жазумен жазылғандықтан оны осы күнгі әлпбиімізге көшіріп, жариялау ойында бар екен. Шарғын ақын поэзиясы жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Туған жер, табиғат, ғибраты мол ақыл-нақылға толы өлеңдері, толғау, дастан, өсиет, жоқтау, қоштасу өлеңдері, мысал, әзіл-оспақ, айтыс-қағытулары ақынның өресінің биіктігінен хабар беретін мол мұра, асыл дүниелер. Мысалы: «Қазақстан даласы», «Алатаудың баурайы», «Жетісу», «Ел мен жерім-мақтағым», «Шалкөде-жырдың жайлауы», «Айқайтас», «Тұзкөл», «Атамекен», «Текестің салалары», «Құпия сырларым көп білінбеген», «Өмір жолы», «Сақтаныңдар менмендіктен», «Жас ұрпаққа», «Жақсыдан сөз қалады», «Ғибрат», «Қыз ажалы (аңыз)», «Көк ат пен Шарғын ақын», «Мысал», т.б.

Таңжарықпен, Нәсілханмен, жеңгесі Күлшарханмен айтысы таныс. Ақынның албаннан шыққан Итбала батыр туралы дастаны мен Ақсұлу дастаны жарияланбай қалған. Ақын шығармаларын толық зерттеп, зерделеу, ғылыми айналымға қосу кезек күттірмейтін істің бірі. Бірқатар қолжазбалары Ғылым академиясында, Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақтаулы.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Зауал: Мақалалар, естеліктер. Құраст. Б. Қойшыбаев. – Алматы : Жазушы, 1991. – 272 б.
- 2 Қазақ қалай аштыққа ұшырады: (Қасіретті жылдар хаттары). Құраст. С. Әбдірайымов, И. Н. Бухонова, Е. М. Грибанова, Н. Р. Жағыпаров, В. П. Осипов. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 208 б.
- 3 Мәсімхан, Д. Сарап. Әдеби зерттеу мақалаларының жинағы. – Астана : Елорда, 2001. – 240 б.
- 4 Сақалов, Т. Армандап өткен ақын // Хантәңірі. – 1990. – 16 тамыз.
- 5 Алғазыұлы, Ш. Атамекен. – Алматы : Өлке, 2005. – 128 б.
- 6 Алғазыұлы, Ш. Көш-керуен. Өлеңдер, поэмалар және айтыстар. – Алматы, 1992. – 228 б.
- 7 Ахметбайұлы, Д. Өлеңнің туын тіккен Шарғын ақын // Советтік шекара. – 1990. – 16 тамыз.
- 8 Айдарханұлы, Ж. Шарғын ақын // Алатау нұры. – №1 (260).
- 9 Тарақов, Ә. Шабыты шалқар Шарғын ақын // Жас алаш. – 1991. – 29 қазан.
- 10 Сағымбеков, К. Тағдыры талқыда өткен // Жетісу. – 2008, сенбі, 8 қараша.

Материал 10.12.15 баспаға түсті.

*Б. Ш. Кожеева, Б. С. Бегманова*

**Выдающийся поэт – Шарғын Альгазыұлы**

Казахский государственный  
Женский педагогический университет, г. Алматы.  
Материал поступил в редакцию 10.12.15.

*B. Sh. Kozhekeeva, B. S. Begmanova*

**The outstanding poet – Shargyn Algazyuly**

Kazakh State Women Pedagogical University, Almaty.  
Material received on 10.12.15.



*В этой статье рассматривается жизнь и творчество казахского поэта, с Жетысуского края – Шаргына Альгазыулы. Его творчество как анкета, где ярко отражена вся жизнь поэта, по нему можно точно определить его пройденный, тернистый, жизненный путь. Главный лейтмотив поэзии поэта – свобода родного народа, бунтарский дух, стремящиеся к свободе. Жизненное кредо и поэтическая сила акына всесторонне раскрыты при художественном анализе его стихов. Поневоле оказаться в Китайской Народной Республике заставил великий голод на казахской земле в 30-е годы. Основной поэтической школой которой следовал Шаргын были пути таких поэтов как Мағжан Жумабаев, Ахмет Байтұрсынұв, Мырзақын Дулатов.*

*Творчество поэта отличается многосторонностью. В частности это произведения которые наполнены любовью к Родине и природе, а так же его стихи, наставления, импровизации, юмористичные стихи, прощальные стихи, эпосы являющиеся великим наследием для народа и говорящие о его высоком таланте.*

*This article explores the life and work of Kazakh poet, from Zhetysu region - Shargyn Algazyuly. His work is like a profile which vividly reflects the entire life of the poet, it makes it possible to accurately define his past and thorny life. The main leitmotif of the poetry of the poet are: freedom of nation and the rebellious spirit tending to freedom. Life credo and poetic force of poet is fully disclosed in the artistic analysis of his poems. The main reason of his relocation to People's Republic of China was the great famine in the Kazakh land in the 30s. The poetical school which he followed, were the ways of poets like Mağjan Jumabayev, Ahmet Baitursynov, Myrzhakyp Dulatov.*

*Creativity of the poet differs by its versatility. In particular, all of his works are filled with love for the motherland and nature, as well as his poetry, instruction, improvisation, humorous poems, farewell poems, epics are a great legacy for the people and they show his high talent.*

ӨОЖ 378.016:821.512.122

**Э. С. Құрманғожаева**

ф.ғ.к., Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті АҚ, Алматы қ.

## **СИМВОЛИЗМ АСПЕКТІСІНДЕГІ ҚАЗАҚ-ОРЫС ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСЫН БАЙЫПТАСАҚ**

*Бұл мақалада ХІХ ғасырдың 80-90 жылдардағы орыс әдебиетінің көркемдік-эстетикалық деңгейін көтерген модернистік агымның бірі болып саналатын – символизмнің өзіндік ерекшеліктері сөз етіледі. Осы кезеңде Қазақ әдебиеті мен мәдениеті басқа өркеніетті халықтармен рухани тығыз қарым-қатынас жасап, байланыс орнатты.*

*Сондай-ақ, басылымда символизм агымның аспектісіндегі орыс пен қазақ ақындарының әдеби байланысы, оның тигізген игі әсер-ықпалы да дәйекті түрде зерделеніп, көрсетілген. Жалпы, сол тұста төл көркем сөз өнеріміздің өркен жайып, осында Орыс әдебиетінің алар орны ерекше, сондықтан бұл жайыт та назардан тыс қалған жоқ.*

*Кілт сөздер: әдеби байланыс, модернистік агым, көркем сөз, лирика, поэзия, эстетика, абстракт, символизм, сөз өнері.*

Өткен ғасырлар тоғысындағы орыс лирикасына алдыңғы буын өкілдерінің дәстүрлі поэзиясы өте күшті ықпал еткені байқалады. «Жаңа поэзияның» эстетизм, стилизациялау, абстрактілік, патетика тәрізді негізгі нышан-белгілері оны («жаңа поэзияны») уақыт сынынан өткен, сұлу да бай сөзге назар аударуға итермеледі.

Сонымен қатар батыс әдебиетінің ықпалымен орыс поэзиясына жұғысты болған символизм агымы өзінің символдар жүйесін қалыптастырды. Ақындардың келесі буыны аталмыш жүйенің философиясын қабылдамады, қабылдағысы келмеді де. Олар үшін – бұл жауыр болған «әдемі, сырты жылтыр сөздер» ғана. Тарихи тұрғыдан алғанда мәселе күрделірек болды. Ғасыр соңындағы ақындар дәстүрлі сөз мүмкіндіктерін игерді және сонымен қатар, оның мағыналық құрылымын түбірімен өзгертті. Нақты айтқанда, әр қилы тәсілдер – тек жаңа символика мен бөгде лексиканы енгізумен ғана емес, сондай-ақ жаңа ырғақтар мен әдеттен тыс синтаксистік тіркестер, дыбыстық құрылымдар, ескі поэтикалық образдарды әсірелеу, т.т. арқылы өзгертілді. Символизм үшін дыбыстық емес, мағыналық құрылым маңыздырақ. Дегенмен фонетикалық құрылым өлеңді музыкаға, өнерге айналдыра алмады. Өлеңнің дыбыстық құрылымы, сөз өнері – поэзиядағы барлық нәрседей сөз мағынасына күшті ықпал жасайтын, дәстүрлі поэтикалық образдарды өзгертетін мағыналық фактор болып қалды да.

А. Блок «О современном состоянии русского символизма» атты мақаласында орыс символизмінің тарихын, оның тығырыққа тірелуін, абсолютті құндылықтардың орнын ендігі уақытта субъективтік, салыстырмалы, тек эстетикалық құндылықтардың басуымен түсіндірді [1, 255].

Блок шығармашылығы абсолюттілік іздеу ұмтылысынан тысқары болмайды, бірақ онда адам жалпы мәнді құндылықтармен немесе олардан айырылу трагизмімен бірлікте көрсетіледі. Блоктың көркемдік ізденістері ерекше теориялық қызығушылық тудырады, себебі оның поэзиясында дәстүрлілік пен жаңалық күтпеген құбылыс байланысқа түскен. Сондай-ақ, Блоктың лирикалық әлемі – басқа ешкімдікіне ұқсамайтын өзгеше әлем.

Блоктың шығармашылығына шашыраңқылық тән емес. Ол саналы түрде трилогиялық құрылым арқылы қарама-қайшылықтарды толығынан камтуға ұмтылады. Құрылым ішіндегі әрқилылық Блокқа лирикалық «менді» бейнелеу барысында жеке тұлғаның психологиясын емес, өз замандастарының сана-сезімін көрсету үшін қажет болды. Осыдан Блоктың ұстанымы туындайды. Бұл – лирикалық қаһарман тағдырының бірегейлігі және оның символикалық бейнелерінің көптігі.

«Стихи о Прекрасной Даме» шығармасына циклизация, лирикалық қаһарман, идея тұтастығымен айқындалған контекст тән болып келеді. Ең бастысы, бір өлеңнен екінші өлеңге ауысқан сайын контекст дами түсіп, онда (контексте) алғаш рет Блоктың өзіндік символдары жасалды, және де бұл символдар кейін ақын шығармашылығының өн бойында өзгеріске ұшырады. Бұл символдар бұрыннан таныс поэтикалық образдардан (жұлдыз, ымырт, тұман, жел, дауыл) жасалады. Аталмыш сөздер романтикалық стильге жатады. Блок бұл сөздерді бір лирикалық жеке тұлғаны, бір тағдырды көрсететін жеке контекст элементтеріне айналдыра алды.

Блоктың әдісі үшін негізгі нәрсе – тұрақты символдардың жасалуы. «Стихи о прекрасной Даме» шығармасында қалыптасқан Блок символикасы кейінгі поэзиясында да жалғасын тапты. Ол (символика) Блоктың поэтикалық әлеміне біртіндеп енген жаңа символдармен байланысқа түседі. Блоктың кейінгі өлеңдерінде де «ымырт, таң» сөздері кездеседі – кейде жаңа тіркестерде, кейде келмеске кеткен идеалды әлемнің белгілері ретінде кездеседі. Блоктың ертедегі өлеңдерінде өзгеріске түскен сөзден лексикалық, тіпті стилистикалық жағынан өзгертетін сөздермен бірдей; олар контекстіден жаңа мағынаға ие болса да, романтикалық поэзияның сөздігінен алынған. Кейінірек Блоктың тұрақты символдарының қатарына мәңгілік образдармен бірге уақыт табы бар басқа сөздер де енді. Блок поэзиясында бір рет пайда болған символдар кейін де ешқайда жоғалып кетпейді. Бұл ерекшелік Блоктың поэтикалық ойының негіздерімен байланысты. Бірақ «Стихи о Прекрасной Даме» туындысында декаденттік «жаңа поэзияның» белгілері

– урбанизм көрініс тапқан. Блок бейнелеген біртұтас сана – көпқырлы және қарама-қайшылықты, сондықтан да оның субъективтік, декаденттік мәні бар.

И открывает белой рукою  
 Потайную дверь предо мною  
 Молодая, с золотой косою,  
 С ясной, открытой душою.  
 Месяц и звезды в косах...  
 «Входи, мой царевич приветный»...  
 И бедный дубовый посох  
 Заблестит слезой многоцветной... [1, 124]

Ақын өлеңінде әйел бейнесі «алтын шашты ханшайымға», ай десе аузы, күн десе көзі, маңдайында жұлдыз жарқыраған ертегілік ханшайымға айналады.

Ханшайымды қоршаған тыныштық, «арман» Блок лирикасында әр түрлі қырынан көрінеді. Блокта «ұйқы» – көп мағыналы символ. «Соловьиный сад» өлеңіндегі «ұйқыға мас болған адамды», «Песня судьбы» өлеңіндегі «ақ үйден шығып, нағыз адамды іздеген адамды және ғашығын ұйқыдан оятып, өмірге көз ашу» тақырыбын ескерсек те жеткілікті. Мұнда – Әлем жаны, ертегілік ханшайым, сүйген жар, Отан қиылысады.

Осы іспеттес шығармаларды қазақ ақындарынан да кездестіреміз. Мысалы, Мағжанның «Шолпы» өлеңінде:

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...  
 Қанымды қайнатты құрғыр.  
 Шық- шық жүрекке тиеді,  
 Құлпара талқан боп сынғыр!  
 Сылдыр, сылдыр, сылдыр...  
 Өзекті өртеді құрғыр.  
 Әдейі іргеден жүреді,  
 Сұлу қыз санадан солғыр! [2, 84]

Шолпы сылдыры жүрек қылын шертіп, өлеңге әуен енгізеді. Шашына шолпы таққан сұлу қыздың суреті көз алдымызға келеді. Осыған қатысты ой-пікірді М. Жұмабаев шығармашылығы туралы жазған ғалым Ш. Елеукеновтің ғылыми еңбектерінен кездестіреміз: «Символизм ойды бейне арқылы өріп жеткізудің жаңа тәсілдерін алға тартты. Атап айтқанда, поэзия мен музыканың ауылын жақындастырды. Жүректің жан даусы енді дыбыс, сөз ырғағы арқылы да жеткізілетін болады» [3, 202].

«Страшный мир» шығармасында Блок әрбір ақын үшін күрделі болып табылатын мәселе – адамгершілік құндылықтардың бастаулары стилистикалық дәстүрмен бедерленбеген тұрпайы сөздің поэтикалық жетістігі мәселесін шешеді. Мұнда сөздің этикалық-эстетикалық әсері қорқынышты әлем мен осы қорқынышты әлемнің құрбаны әрі оның

жамандығын, эзәзілін мойынымен көтерген ақын үшін құнды адам тұлғасы арасындағы күрделі қарым-қатынастан туындайды.

«Унижение» өлеңінде жеке тұлға трагедиясы әділетсіздіктен жапа шеккендер трагедиясымен түйіседі. Өлеңде заттылық (нақтылық) басым. Және де өз заттылығын сақтап қалуымен бірге жаңа мағынаға да ие болады, мұнда да Блок әлемінің белгі-символдары көрініс табады...

Блок поэзиясындағы нақтылықтың тамаша үлгісі – «На островах» өлеңі. В. М. Жирмунский Блок поэзиясындағы бейнеленген жағдаяттың қайталанатынын атап көрсетеді. Жағдаяттың символикалық мәні ақынның өз сөздерінде ашылады [4, 28].

«На островах» өлеңі жағдаятты заңдастырады. Бұның өз дәлелі бар – ақын идеалдық ұстанымдарынан үміт үзеді. Бұл тұста нақтылық – жан жалғыздығының белгісі. Бірақ бұл өлең – тұйықтықты білдірмейді. Ол Блок контекстінде, алдымен В. М. Жирмунский атап көрсеткен ақын өлеңдері контекстінде, олардың (өлеңдердің) заттық антитезасы ретінде өмір сүреді. Сондай-ақ, жалпы Блок трилогиясының контекстінде өмір сүреді, сол арқылы “қар, ымырт, жел” символдары беріледі. Мұндағы «қар» – «Снежная маска» шығармасындағы «қарға» ұқсамайды. Бірақ Блоктың контекстер поэтикасының заңдылықтары бойынша «жел» мен «қар» «Снежная маска», «Файна» және т.б. шығармаларының символикасын да өз бойына сіңіреді.

«На островах» – бұл құмарлықты тарту ету туралы жазылған өлең. Блок бұрынғы символдарын қайта қарап, оларды нақтыландыра, заттандыра түседі. Сондықтан аталмыш өлеңдегі символиканың екі түрлі мәні бар, яғни құмарлық сезімі мен табиғат көрінісі астасып берілген:

...Да есть печальная услада  
В том, что любовь пройдет, как снег.  
О, разве, разве клясться надо  
В старинной верности навек ?...  
Я чту обряд: легко заправить  
Медвежью полость на лету,  
И тонкий стан обняв, лукавить,  
И мчатся в снегу и темноту [1, 167].

Блок өмірінің соңына дейін әлемді символикалық тұрғыдан бейнелеу әдісіне адал болады. Бірақ ақын үшін поэтикалық түрлендіру материалы не екенін білудің маңызы зор. Олай болмағанда «Стихи о прекрасной даме» мен «Родина» циклының арасында елеулі айырмашылық болмас еді. Бұл тұста ақын өз мақсатында кітаби символиканы қолданама әде әрдайым жаңарып отыратын тәжірибеге сүйене ме – осының басын ашып алу шешуші роль атқарады. Мұнда Блок өз елінің тарихи болмысында және замандастарының санасында болып жатқан процестерді түсіну қажет болғанда поэтикалық образдардың қайнар көзін ашты.

Жоғарыда келтіргеніміздей, А. Блок поэзиясы қазақ ақындары М. Жұмабаев пен Б. Күлеев творчестволарына айрықша әсер етіп, шығармашылық шеберлігінің шыңдалуына барынша ықпалын тигізді. Бұған Мағжан өлеңдерін оқи отырып, көз жеткізуге болады. Ақынның «Жаралы жан» өлеңінде лирикалық кейіпкердің зары былай берілген:

Сауықшыл есіл елім-ай,  
Сарыарқа сайран жерім-ай!  
Күмістей таза суы бар,  
Айдын шалқар көлім-ай!

Қиналдың ау, шыбын жан,  
Тоқталсайшы, ыстық қан!  
Зарлайсың ғой жерім боп,  
Бесікте қалған балапан! [2, 45]

Бұл жерде ақын «қан, жан, тамұқтың уы» сөздері символ ретінде алынып, «өмір мен өлімнің тайталасынан философиялық түйін түюге ұмтылады».

Әлбетте, Блок поэтикасы – стилизация гүлденген дәуірдегі стильдер поэтикасы. Бұл кезеңде стилизация дайын құндылықтар үлгісімен бедерленді. Стиль дүниетанымды тікелей бейнелейді, идея мен форма бірлігі сияқты эстетикалық құрылымды тікелей жүзеге асырады. Стилизация бұрыннан бар эстетикалық форма арқылы іске асады. Эстетизм және стилизация – бір-бірімен байланысты ұғымдар. Стилизация бір кезде қоғамдық және рухани өмірді айқындаған құндылықтарды өз тарихи ортасынан жұлып алған таза эстетикалық материал ретінде пайдаланылды.

Блок поэзиясы күні бүгінге дейін өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Ақын поэзиясы – өткенінің баға жетпес мұрасы, тарихи өткен дәуірдің айнасы, адамзат үшін маңызды құндылықтарды ту етіп көтерген поэзия болып табылады.

Түйіндей айтқанда, Блок пен Мағжан шығармашылығының символизм аспектісінде үйлесім табуын, біріншіден сол тұстағы саяси-әлеуметтік жағдаятпен байланыстырсақ, екіншіден қазақ ақынының орыс символистерінің ықпалында болғанынан деп білеміз. Бұл пікіріміз басқа да зерттеушілердің пікірімен орайласатыны анық.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Блок, А.** Собрание сочинении. В 8-ми томах. Т.5. – М., 1998. – С. 225.
- 2 **Жұмабаев, М.** Сүй, жан сәулем. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы : Жазушы, 1999. – 254 б.
- 3 **Елеуқенов, Ш.** Мағжан (Өмірі мен шығармагерлігі). Оқу құралы. – Алматы : Санат, 1995. – 384 б.

4 Сүтжан, С. Рухани алмасу арналары. Монография. – Павлодар : «Кереку» баспасы, 2003. – 18 б.

Материал 12.11.15 баспаға түсті.

Э. С. Курмангожаева

**Развитие взаимосвязи казахско-русской литературы в аспекте символизма**

АО «Международный университет информационных технологий», г. Алматы.  
Материал поступил в редакцию 12.11.15.

E. S. Kurmangozhaeva

**The development of Kazakh-Russian literature connections in terms of symbolism**

International IT University, Almaty.  
Material received on 12.11.15.

*В статье рассматриваются особенности модернистского течения символизма, который повлиял на развитие художественно-эстетических особенностей русской поэзии 80-90-х годов 19 века. В это время казахская литература устанавливала тесные духовные связи с культурой процветающих в то время народов. Вместе с тем, в аспектах символистского течения русских и казахских поэтов показана литературная взаимосвязь и взаимовлияние. Отмечается роль и место русской литературы в то время и ее влияние на развитие художественного слова в казахской литературе.*

*The article deals with the problem of the investigations of Russian poetry in the 80-90s of XIX century and the peculiarities of symbolism are described. It has made a huge contribution to growth of the Kazakh literature and encouraged substantial broadening of its horizons. It is necessary to pay attention to the genre originality of their works, connected with symbolism and to examine their artistic and aesthetic peculiarities.*

*One ought to admit that symbolism didn't find proper overall examination in the Russian and Kazakh literature, and also in literatures of a number of other countries. Only starting with glasnost, this world literary school has started to be consequently studied as a tendency and philosophic cognition that has set forward the Russian literature.*

ӨОЖ 792(574)

**А. Маемиров**

докторант, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы қ.

## **КЛАССИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ САХНАЛАУДАҒЫ РЕЖИССЕРЛІК ІЗДЕНІСТЕР**

*Мақалада Республикамыздың бірнеше театрында сахналанған әлемдік және орыс классикалық қойылымдарындағы режиссерлік шешімдер мен актерлік шеберлік жан-жақты талданады.*

*Кілтті сөздер: театр, шығармашылық, классика, спектакль, режиссер, актер.*

Қазақ театры өз шығармашылық жолының алғашқы жылдарынан бастап-ақ репертуарына қазақ шығармаларымен қоса әлемдік классиканың шоқтығы биік туындыларын жоғары деңгейде қойып келеді. Тәуелсіздік жылдарында бұл дәстүр өз жалғасын тауып, сонымен қатар кеңес дәуірінде сахна төріне көп шыға қоймаған, қазақ көрермені үшін жаңалық болып келген драмалық шығармалар театр репертуарынан өз орнын алды. 1991 – 2014 жылдар аралығында қазақ театр ұжымдары әлемдік драматургияның өшпес мұраларынан талай дүниелерді сахнаға шығарды. Олардың ішінде бұрын-соңды қойылып жүрген У. Шекспир, Ж.-Б. Мольер, А. П. Чехов, Н. В. Гогольдің пьесаларымен қатар, ұлттық сахна төріне алғаш шыққан П. Мериме, Г. Ибсен, Ф. Кафка, Г. Гауптман, Ж. Ануи, Ю. О'Нил, Т. Уильямс, Э. Олби шығармалары барлық жағдайда ойдағыдай шыға бермесе де қазақ көрерменін әлемдік классикалармен таныстырды.

М. Әуезов атындағы драма театр аударма шығармаларды сахналауда үлкен мектептен өтті. Осы аударма шығармалардың ішінде К. Гоцийдің «Турандот ханшайым» пьесасы режиссер Т. Жаманқұловтың режиссерлігімен репертуарда біраз уақыт сақталды. «Турандот ханшайымның» орыс сахнасына 1922 жылдың 27 ақпанында шыққан премьерасы бүкіл Еуропа театры өнеріндегі үлкен оқиғаға айналды. Мәскеу Көркем театрының Үшінші студиясында Е. Б. Вахтангов қойған бұл спектакль режиссер есімін мәңгілік етіп, театр өнері тарихына жазып кетті. Қазақ сахнасында тұңғыш рет қойылған «Турандот ханшайым» қойылымы да театр мамандары мен қалың жұртшылықты бірден елең еткізді. Себебі режиссер қойылымға дайындық кезінде шығарманың табиғатын ұғынып, актерлерлік өнердің жаңаша бір қырынан көрсетуге саналы түрде барған еді. Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясында Т. Жаманқұлов шеберханасынан бітірген 1994 жылы түлектер ат салысқан қойылымның сәтті қадамы алғашқы премьерадан кейін-ақ белгілі болды.



Қоюшы-режиссер актерлерге барыншы еркіндік беріп, кеше ғана академия қабырғасынан шыққан студент-актерлердің актерлік тапқырлықтарына сенімділік танытқан. Режиссер сенімі ақталғандай, себебі шешендік өнер мен нағыз қазақы мінез-құлықты бойына сіңдіре білген жас актерлер өз мақсаттарына жету жолында бөгеліп қалған жоқ. Әсіресе, «...Турандот пен Калафтың қызықты оқиғалары қоюланған сайын, олардың кейіпкерге берген мазмұнды трактовкасы, шығарма идеясына лайық көркем мизансценалар арқылы өзінің шарықтау нүктесіне жетеді. Спектакльде кекесін мен күлкінің, келеке мен қалжыңның өзара астасуына режиссердің мағыналы интерпретациясы негіз болды» [2, 484 б.], – деп театртанушы Б. Нұрпейіс сахнадағы әрекеттерді орынды байқаған. Т. Жаманқұлов спектакльдің өзіне ғана тән даму қарқынын, ырғағын тапқан. Сахнадағы барлық қозғалыс, мизансценалар, жарық пен музыка режиссерлік шешімге бағындырылған. «Режиссер Т.Жаманқұлов ...қазіргі қазақ тұрмысы мен жай-күйіне, еліміз басынан кешіріп отырған саяси, қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық-материалдық, рухани-моральдық ауыртпалықтарына қатысты ащы, өткір шындықтарды актерлер аузымен кейде жай хабар-ошар, енді бірде әзіл-оспақ, сайқымазақ, сойқы ащы сатира түрінде қойылым арнасына араластырып жіберген. Осы арада өзгеше бөліп айтатын нәрсе – Тұңғышбай заман талабымен сабақтас келетін интермедия, экспромт, импровизацияға баса мән беремін деп жүріп, пьеса-ертегіде айтылатын сюжеттік желіні бір сәтке де естен шығарып алмауға ерекше назар салған» [23] – деген театртанушы Қ. Уәлиевтің пікірі де оңды.

Одан бөлек, режиссер кейіпкер мінездерінің актерлердің табиғи бітім-болмысына жақын таңдап алғандықтан қойылымның ұтымды тұстарын арттырып тұр. Басты рөлдегі Д. Жүсіптің рөл алдындағы ізденісі мен дайындығын анық аңғаруға болады. Бұл актриса әдемі пластикалық қозғалыстың иесі болғандықтан ерке қылығымен, соған сай өжеттілігі қосарланып келісті үйлесім тапқан. Ол Турандоттың тәкаппарлығын, өз сұлулығымен өзі тамсанатын, ақылымен мақтанатын бойжеткен аруды нанымды шығарды. Тек Калафты көрген сәттен бастап жас ханшайымның бойын махаббат сезімі билегенін актриса бет-әлпетінің өзгеруімен, болар-болмас қимылдарымен көрсете бастады. Ал оның бір жағынан қарсыласы, екінші жағынан сүйіктісіне айналған Калаф жас бола тұра өз дегеніне қолын жеткізе алатын, қайсарлықтың үлгісін көрсетті. Калаф роліндегі Е. Біләлов алғыр да өжет, қиыншылықтан қорқпайтын, махаббаты үшін өлімге де бас тігетін жігітті бейнеледі. Спектакль мазмұнын ашуға көмектесіп тұрған рөлдердің тағы бір парасы А. Омар (Альгоум), Б. Әлпейісов (Тарталья), Д. Ақмолдаев (Бригелла), А. Боранбаев (Панталоне), Ж. Маханов (Труфальдино), Ш. Асқарова (Адельма), сынды актерлерге де тән. Режиссер мен орындаушылар ойы тұтастық тауып, импровизацияны орынды

қолданған. Актерлар сөз бен қимыл-қозғалыстың бірлігін сақтап, кейіпкердің психологиялық көңіл-күйін дәл тауып, бір-бірін толықтырып, еліктіріп әкетіп отырды. Олар туралы Б. Құндақбайұлы: «Бұлардың орындауындағы әзіл, юмор, пародия элементтері сахналық көріністерге көркемдік көрік беріп, көрерменді күлкімен көмкеріп отырды. Жалпы, мұндағы кейіпкерлердің барлығы да сахналық баламаларын толық тапқан. Халық өнерінің бай мұрасына дарын мүмкіншіліктеріне сүйеніп, сахнада шығармалық суырып салма еркіндігіне барудың, күлдіргі әрекеттерге көшудің қисынын табу, сөзді ойната білу, би мен өлеңге де шеберлікпен бару осы орындаушылардың өнеріне тән» [13, 48 б.], – деп жазады. Сондықтан да болар, ұтымды таңдалған актерлік ансамбль мен жұмыр жазылған драматургияның, терең ойластырылған режиссураның арқасында театр сахнасында ұзақ уақыт бойы жүрген қойылымдардың қатарынан табыла білді.

Сонымен қатар қара шаңырақ театры репертуарында ұзақ жылдарға тұрақтаған әлемдік классикалық қойылымдардың бірі неміс драматургі Герхардт Гаупманның «Ымырттағы махаббат» драмасын айтуға болады. Пьеса Германияға фашизмнің келе бастаған тұсында жазылғандықтан, шығарманың желісі қарапайым тұрмыстық сюжетке құрылғанымен, елде болып жатқан саяси өзгерістер астарлы ойлармен керемет жеткізілген. «Семейная история читается как смена эпох. Семья Клаузенов – своеобразная модель современной Гауптману Германии, в которой филистерская среда уже в 1920-е годы обнаруживала явную склонность к грубой силе, а в начале 1930-х позволила ей прийти к власти» [26, 95 б.] – деп ресейлік театр зерттеушісі И. Холмогорова айтқандай қарт Маттиас Клаузен ескі Германияны бейнелесе, оның балалары жаңа фашистік саясатты ұстанған, ескі тәртіпке қарсы шыққандар жағын көрсетті. Пьеса 1932 жылы жазылса да, құндылығы мен тақырыптық өзектілігіне байланысты Р. Андриасяның режиссерлігімен қазақ сахнасынан бүгінге дейін түспей келе жатыр. Бас кейіпкер Маттиас Клаузеннің жан дүниесі жас Инкенге деген махаббатқа толы. Бұл сезімнің жетегінде жүрген Клаузен оқиға барысында балаларының бұрын-соңды білмеген мінез-құлқын байқайды.

Спектакльдегі табыс – актерлік өнердің биігінен көрінген Клаузен роліндегі КСРО халық артисі Асанәлі Әшімов. Актер Клаузен бойындағы байсалдылық, парасаттылық, сонымен бірге, оның тұрпатына тән қарапайымдылық, мейірбандық, әділет, табиғатынан адамға деген сүйіспеншілік сияқты асыл қасиеттерді дұрыс аша білген. Спектакльдің екінші жартысында А.Әшімов ойынында трагизм басым. Мұнда ол сүйген жарына қосыла алмауының бірден-бір себебі – өзі мәпелеп өсірген ұл-қыздарына деген өкініш-ренішін биік трагедияға көтерген. Қойылымның ұтымды шыққан тұстарының бірі ретінде ашуы әбден шегіне жетіп жындалған Клаузеннің сахнасын айтуға болады. «Асанәлі жасаған бейне психологиялық

Һәм философиялық мән-мазмұндылығымен, сахналық ауқымының кеңдігімен дараланған. Ол жасаған Маттиас Клаузен зұлымдық пен әділетсіздікке, жамандыққа қарсы күрескер болып көрінеді. Мұнда кейіпкердің ішкі әлемі мен сыртқы пластикалық үлгісі сай шыққан. Сахналық әрекеттің негізі сөз десек, Асанәлі мұны толық меңгерген. Дауыс, үн, ырғақ бәрі де сахнадан айтылатын сөздің астарын ашуға, кейіпкердің өзіне ғана тән мінезін ашып сипаттауға бағындырылған» [9, 303 б.], – деп Б. Құндақбайұлы орынды атап өткен. Ал қойылымның жалпы болмысына келер болсақ, нақты бір жаңа көзқарас көрсетілмегендіктен, махаббат тақырыбы да көмескіленіп көрінбей қалған. Инкен рөліндегі актриса Н. Қарабалина кейіпкер әлеміні толық ене алмағандықтан, еркін қимылдай алмай, қысылып жүрді. Бұл турасында Ә. Шаншарова қойылым туралы жазған мақаласында: «Н. Қарабалинаның әлі де ізденетін, рөлді ширата түсетін тұстары өте көп. Олардың бастысы кейіпкерлердің айтар сөзін толық меңгеру, сахнадағы қимыл-әрекеттің сөзден туындайтынына ерекше мән беру мәселесі» [27], – деп ашып айтып өтеді. Мұндай тақырыптар режиссерлік шешім тұрғысында жинақылық пен нақтылықты талап ететіні белгілі. Ал, режиссер Р. С. Андриасян автор көрсетіп кеткендей шығарманың терең, саяси астарына бармай, қойылымды қарапайым отбасылық конфликтке, егде жастағы адамның жас қызға деген бақытсыз махаббатын ғана суреттеген.

Қазақ театры сонау 1928 жылы Жұмат Шаниннің сахнаға шығарған «Гамлетінен» бастап, Шекспир шығармашылығынан бүгінгі күнге дейін қол үзбей келуде. Тәуелсіздік жылдары ағылшынның ұлы драматургінің пьесаларын еліміздің барлық режиссерлары жаңа интерпретацияда қоюға тырысып, заманауи тыныста өмір сүруге мүмкіндік берді. Жиырма жылдан астам уақыт ішінде қазақ көрермендерінің алдында Гамлеттің, Лир патшаның, Ромео мен Джульеттаның, Отеллоның бейнелері жаңа қырынан ашыла түсті. Енді олар бұрыннан таныс классикалық кейіпкерлер емес, қасымызда жүрген замандас бейнесінде көрінді.

Шекспир трагедияларының көшбасын құрайтын «Ромео мен Джульетта» пьесасы тәуелсіздік жылдары қазақ сахнасында бірнеше рет қойылған дүниелердің бірі болды. Пьеса тақырыбының өзектілігіне назар аударатын болсақ, болашақта да сахналануын тоқтатпайтын ұлы шығармалардың бірі болып қала бермек. Нәтижесінде бір-біріне өлердей ғашық екі жас Ромео мен Джульеттаның сезімі ежелден жау екі әулет Монтеки мен Капулеттилердің қарсылығына ұшырап, қалайда үйленбек талпыныстары ақыры қайғы-қасіретпен аяқталатынын білмейтін көрермен кем де кем.

«Ромео мен Джульетта» трагедиясы Ғ. Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында чех режиссері Йозеф Кацоуректің, Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театрының сахнасында режиссер Қуандық Қасымовтың, М. Әуезов атындағы театрда өзбек режиссері Олимжан

Салимовтың бір-біріне мүлдем ұқсамайтын шешімдерімен өз көрерменін тапты.

2001 жылы ТЮЗ-дің сахнасына «Махаббат айдыны, немесе итальяндық фрескалар» деген атпен шығарған қойылымда арнайы шақыртылған режиссер Й. Кацоурек шығарма сюжетін қысқартып, мәтіннің сөздерінен бас тартып қауырт қымылға, пластикаға құрылған, не бары елу минуттық дүние жасады. Ал, 2007 жылғы Орал театрының сахнасында режиссер Қ. Қасымовтың қойған «Ромео мен Джульеттасында» екі ғашықтың бір-бірімен қосыла алмауының басты себебі – дін мәселесінің болуы спектакльдің көтерген идеясының ауқымын кеңейтіп, жаңа мазмұнға ие болды. Бұл жөнінде театртанушы А. Еркебай: «Шымылдық ашылғанда сахнаның екі жағында бір-біріне қас Монтеки мен Капулеттидің отбасылары. Жай тұрған жоқ, режиссерлік шешім бойынша Капулетти жанұясы креске табынып шоқынып тұрса, Монтекилер мұсылман киімін киіп намаз оқып тұр. Осы бірінші мизансцена арқылы режиссер бірден екі жанұяның бір-біріне деген қастығының төркіні – дін екенін анық көрсетеді. Және бүкіл қойылымды осы идеяға бағындыруға тырысқан. Режиссердің бұл ойынан пьесаның трагедиялық бояуын қалыңдатып, әлеуметтік тартысты күшейтіп көрсету мақсаты танылды» [28, 411 б.] және «...Қойылымдағы Қ. Қасымовтың шығармашылық ізденісі сәтті нәтижеге жеткен. Режиссер автор идеясын, өзінің ойын актер ойыны арқылы жүзеге асырған. Және ең бастысы Қайта өрлеу дәірінің ұлы драматургі Уильям Шекспирдің жазып кеткен өлмес шығармасын бүгінгі күннің мәселелерімен үндестіріп отырып қоюында. Режиссердің тақырып аясын қоюлатып, шығарманың трагедиялық желісін тереңдеткен. Осыдан біз Қасымовтың бұрынғы дәстүрлерге сүйенбей, тың ізденіс, өзіндік тапқырлық танытқан режиссер ретінде қабылдаймыз» [28, 415 б.] – деп режиссердің шешімін құптағанын көреміз.

М. Әуезов атындағы академиялық драма театрының сахнасында О. Салимовтың режиссерлігімен жарыққа шыққан «Ромео – Джульетта» театрдағы жас актерлерінің жалынды ойынымен көркем қойылым деңгейіне жетті. «Бұл пьесаны ұлттық театр өнерінің талантты режиссерлерінің бірі Қайрат Сүгірбеков марқұм қоймақ еді. Басын бастағанымен, мақсатына жете алмай, дүниеден өтіп кетті. «Жазмыштан озмыш жоқ» дейді қазақ. Сөйтіп, Қайрат Сүгірбеков бастаған бұл қойылымды Өзбекстанның Жастар театрының көркемдік жетекшісі, танымал режиссер Олимжан Салимов мырза жалғастырып, сахналап отыр. Қойылымда тың трактовкалар бар, оның үстіне, жас артистер жағы көбірек қамтылған» – дейді Е. Обаев спектакльдің қойылу тарихы туралы [29]. Қойылымның негізгі идеясы болған «жаулық пен өшпенділік атадан балаға мирас болмауы тиіс» ұраны ұрпақтың жадына барынша сіңірілгендей әсер берді. Көрермен қойылымды тамашалау барысында ұлы махаббат деген қасиетті ұғымның қанды оқиғаға айналуының

тірі куәсі бола алады. Қойылым адам бойындағы менменшілдік, пендешілік сынды қасиеттерді жан-жақты қырынан ашуға тырысады. Дегенмен спектакльдің идеялық көркемдік жағынан кемшіліктері бар дейтін пікірлер де бар. Бірақ, біз бұл пікірмен келіспейміз, өйткені әлемдік тәжірибе бойынша классикалық туындылардың әр түрлі ракурста сахналанып жатқандығы белгілі. Бұл спектакльдің біздің театрдағы формасы классикалық үлгіден аса алмай отырғандықтан, сол көзқараспен қарағанда қазіргі театрдағы мүмкіндіктерді барынша оңтайлы пайдалана білген, идеялық көркемдік деңгейі жоғары қойылымның бірі деп бағалауға болады.

Спектакльде әсіресе актерлық ансамбльдің ойынына баса назар аударуға болады. Себебі, театр корифейлері мен жас әртістер ойынының өзара үндестік таба білуі қойылымның басты жетістіктерінің бірі. Ғазиза Әбдінабиева, Айдос Бектемір, Бактияр Қожа, Бекжан Тұрыс, Еркебұлан Дайыровтың ойындарымен қатар, басты кейіпкерлерді сомдаушы С. Бақаева мен М. Мұхтарұлының жарасымды жұптасып, сахнада салтанат құруы қойылымның көркемдік деңгейінің көтерілуіне басты себепші болып тұрды.

С. Бақаева Джульетта бойынан сұлу сымбаттылықты, жұмсақ мінезділікті, қыз бойына тән нәзіктілікті баса көрсетуге ұмтылған. Ал, М. Мұхтарұлы Ромеоның өмірге құштарлығын, сүйген ғашығы үшін түрлі әрекеттерге барудағы жас бозбалаға тән албырттығын да нанымды жеткізген.

Спектакльде трагедия ерекшелігін, оның көркемдік-идеялық мазмұнын, автор ойын, замана келбетін, кейіпкерлер мінезін актерлар мен режиссер дұрыс түсінген. Режиссерлік жұмысы жұмыр, мизансценалық шешімдері орынды бұл қойылымның репертуарлық тізімде әлі біраз уақыт тұратындығына сеніммен қараймыз.

Польшалық шекспиртанушысы Ян Котт: «Гамлета» нельзя сыграть просто. Наверное, поэтому он так манит режиссера и актера. В «Гамлете» находили свои черты многие поколения. Может быть, именно в том и гениальность «Гамлета», что можно смотреться в него, как в зеркало. Идеальный «Гамлет» был бы одновременно и самым шекспировским, и самым современным» [30, 67 б.] – демекші, Шекспирдің ең әйгілі трагедияларының бірі «Гамлетке» еліміздің бірден екі жетекші театрлары – Алматыдағы М. Әуезов атындағы академиялық драма театр мен Астанадағы Қ. Қуанышбаев атындағы академиялық музыкалы драма театры назарларын аударды.

Осынау күрделі бейнені жасап шығару әрбір әйгілі театр шеберінің өзінен ерен еңбекті талап етері ақиқат. Гамлет ролін мардымды шығару үлкен сын, зор мақтан. Қоюшы-режиссерлар Юрий Ханинга-Бекназар мен Болат Ұзақов бұл шығармаға жаңа заман талабынан келуге деген ұмтылушылықтары бірден байқалады.

Әсіресе, М. Әуезов театрының сахнасында Ю. Ханинга-Бекназардың интерпретациясындағы «Гамлет» трагедиясының уақытпен үндестігін табуы, спектакльдің сахналық үлгісін де дәуір лебінің, сол кезеңнің тұрмыс-тіршілігінің бояуын шартты түрде бере отырып, Гамлет өмірі арқылы бүкіл адамзат тағдырын дәл бүгінгі күн биігінен қарастыруды міндет еткен. Ендеше режиссер мен спектакльдің суретшісі Е. Тұяков Гамлет ғұмыр кешкен ғасырдың осы күнмен алшақтығын, жылдар өткен сайынғы адам санасының өзгеруін жіті қадағалап, ескере өзгеше бір қырынан келуді диттеген. Сахнаның бүкіл техникалық мүмкіндігін пайдаланған суретшінің арқасында қойылымның пластикалық шешімі ұтымды шыққан.

Әдетте әлемдік деңгейдегі режиссерлер мен актерлер Гамлетті бірінші кезекте ойшыл қылып суреттесе, А. Сатыбалдының Гамлеті бүгінгі таңда оны зұлымдықпен, жалғандықпен арпалысқа түсе алар күрескер етіп бейнелеген. Актердің керемет физикалық мүмкіндігін осы қойылымнан байқауға болады. Бір тыным таппай, әр сөзін әрекетпен жалғастыруы, бүгінгі экшн фильдеріндегідей түрлі трюктармен толықтыруы да замана ағымына сай келген.

Ресейдің атақты шекспиртанушысы А. В. Бортошевич: «Гамлет» обладает необъяснимым свойством, подобно чуткому сейсмографу, улавливать и отзываться на малейшие колебания исторической почвы, движения социального времени. Эта пьеса, говоря словами Шекспира, призвана «держат как бы зеркало перед природой, являть... всякому веку и сословию – его подобие и отпечаток». У всякого времени, всякого поколения, как известно, свой Гамлет» [31, 485 б.] – деп айтқандай режиссер Ханинга-Бекназар қойылым ырғағы мен сахналық тұтастықты сақтап, келісті актерлық ансамбль құрып, қазіргі көрерменге жақын өз Гамлетін сахнаға шығарды.

Ал, Астанадағы академиялық театрдың сахнасындағы Гамлет арқылы режиссер Б. Ұзақов азып-тозған орта, қоғамдағы жайсыздықты тереңінен философиялық тұрғыда ашқысы келген. «Режиссердің ой-тұжырымы бойынша Гамлеттің ой арпалысы, Эльсинордағы оқиғалар бір-бірімен байланыс тауып, бүгінгі біз өмір сүріп отырған қоғамды көрсетеді. Сатқындық пен шарасыздық атмосферасы бүкіл қойылымды жаулапалған. Болат Ұзақовтың «Гамлет» қойылымында ағылшын драматургі суреттеп кеткен өмір философиясын, болмыстың көлеңкелі тұстарын көрсетуі арқылы адамзаттың трагедиясын жеткізген» [32, 323 б.] – деп А. Еркебай айтқандай «Гамлет» басты кейіпкердің кек қайтаруы жайындағы трагедия емес, бұл әлемдік өнердегі аса ұлы философиялық трагедияның бірегейі. Осындай күрделілікті барлай отырып, театр ұжымы таразылап, саралап, елеп-екшеп барып асқан жауапкершілікпен қарап, бөлекше шешім табуға күш салған.

Астаналық Гамлет – Н. Өтеулов шиыршық атқан шындық пен адалдық, әділеттік үшін жанын қиюға даяр биік тұлға, жігерлі азамат. «Ол өз

уақытына тән алысу-жұлысу, жұдырықтасу, қанжар, қылыш сияқты суық қаруларды айқас үстінде қалай пайдалану жағынан да замандастарынан бір иық озық тұрған жасұлан, бірақ ұр да жық емес. Ол сезімтал, ойшыл. Жүзінің ашықтығымен сөзді анық жеткізетін дауысының құлаққа жағымды әуездігімен, түрмеге ұқсас ғимараттың бұрыш-жақтауларымен нағыз цирк әртістерінше бір жоғары шығып, бір төмен түсіп, қиналмай емін-еркін қозғалатын ептілігімен де ол көрерменді өзіне бірден баурап алады» [33] – деп өнертанушы Өтен Ахмет актердің жұмысына өз бағасын берді.

Гамлет заманының азып-тозғандығын шартты түрде көрсеткісі келген режиссер мен суретші сахнаны қараңғы түнекке ораған. Режиссерлік ой-тұжырым мен тапқыр шешімдер, жас актерлардың жарасымды ансамбль тапқан әдемі ойын өрнегі, өзіндік ұстаным, пайымдары – бүкіл адамзатқа ортақ келелі мәселелер төңірегіндегі ойға бағындырылған.

Еліміздің жас режиссерлерінің бірі – Дина Жұмабеваның әлемдік классикадағы қадамы Көкшетау театрындағы «Король Лирмен» жалғасты. Шымылдық ашылысымен бірден көзге түсіп, назарды аударған мизансцена бар. 3 билік, қарапайым 3 үстел арқылы көрініс табады. Режиссерлік шешім бойынша ол үстелдер ағайынды қыздардың қарым-қатынасына қарай бөлініп, ажыратылып отырады. Патша десе бірден ойға оралатын сән-салтанаттан ада, тіпті ханның тәжі де жағымсыз темірлерден құралған. Тек қыздардың киім үлгісінде ғана патшалық сәннің кейбір бөліктері сақталған. Атап өтетініміз, режиссер Шекспир мәтінін едәуір қысқартып, пьесаға қатысатын жиырма кейіпкердің жетеуін ғана қалдырған.

Режиссерлік шешім сәтті актерлік ойынмен толықты. Актер К. Жұмабеков кейіпкерінің мінез сырын ашуда сахналық бейнелеу құралдарынан сөздің айтылу толқындарына, ырғақ интонациясына, керекті қимыл-қозғалысқа мән беріп, асқан дәлдікпен пайдалана білген. К. Жұмабеков оқиға барысында Лир мінезінің ерекшелігін, көңіл-күйін бірден жайып салмайды, ол оның бойындағы өзгерістерді, сезім қалтарыстарын, ішкі жан дүниесіндегі дүмпүлерді байыппен бірте-бірте айқындайды. Қорытындысы ретінде «Әл-Тарази Таразға шақырады» атты халықаралық театр фестивалында Лир патша рөліндегі Кеңес Жұмабеков сахнадағы өнімді еңбегі үшін марапатталғанын атап өтуге болады.

Спектакльдің сыртқы пластикалық шешімі жөнінде премьерадан кейін газет бетіне жарияланған мақалада біз толық қосылатын мынадай пікір бар: «Декорации завораживают. По сути, их нет. Сцена как бы вывернута наизнанку. Зрители видят ее темное нутро, черный квадрат, который обычно скрывают за расписными задниками. Нависающие над площадкой ряды осветительных приборов – бескомпромиссный технократический фон. Его дополняет лежащее на полу полотно, напоминающее шкуру, содранную с какого-то гигантского хищника.

По шкуре во все стороны ездят три струганных стола на колесиках. Впереди стоит жестяная емкость с водой. В руках артистов – ножи, рыбины и битый эмалированный таз (найденный на помойке).

На мужчинах бесформенные балахоны, не фиксирующие принадлежность к определенной культуре. Все обуто в солдатские ботинки с металлическими набивками и шипами. Две старшие безжалостные дочери одеты в черное и красное платья. И только младшая Корделия – воплощение чистоты и света – носит белое.

Происходящее на сцене завораживает. Режиссер открывает, как устроен мир, из которого вырезали компонент радости. В атмосферу небытия погружает трек на итальянском языке «Я улетаю» из музыкального оформления цирка «Дю Солей»: «Ты будешь помнить каждый момент прекрасного безумия... Мы будем воспевать с ностальгией всё наше противостояние. Я взлетаю. Я улечу» [34]. Жалпы алғанда, қойылым режиссері мен бүтіндей театр ұжымының спектакльді қоюдағы мәдениеті, бүгінгі күн сипатын беруі, пластикалық шешімін ұтымды таба білуі шығармашылық ізденістер аясының кеңдігін танытады.

Жас режиссер Д. Жұмабеваның трагедияны өзінше түсініп, сахнаға қоюға тың жолмен, өзіндік ой-тұжырыммен келгендігі қуантарлық жайт.

«Асауға тұсау» Әуезовтің тамаша аудармасымен қойылған Шекспирдің бұл комедиясы қазақ театры сахнасынан берік орын алды. 1943 жылы О. Пыжова мен Б. Бибиқовтың қойылымымен сахнаға шыққан спектакль халықтық ойын-сауық дәстүрінде шешілген болатын. Қойылым осылайша өзінің көркемдік ерекшелігі жағынан қазақ ғана емес, әлемдік театр жемісі дәрежесіне көтерілді. 70 жылдан астам сахнада жүріп келе жатқан комедияда қазақ актерлерінің барлық буындары түгел өнер көрсетіп, актерлік шеберліктерін ұштады. Бұған алғаш қатысқан сахна шебері Қ. Қуанышбаевтың сөзімен айтқанда, «аударма деуге аузың бармайды» [35].

Заманауи үлгіде қойылған спектакль комедиялық ситуацияларға құрылған. Өр мінезді Петручио қикар Катаринаны баурап, әзіл арқылы тентектігін женеді. Катарина тұрмысқа шыққан соң сіңілісі Бьянкаға сөз салушылар көбейіп, әкесі Баптиста екінші қызын да ұзатады.

Астана Жастар театрында сахналанған спектакльдің қоюшы режиссері режиссері Н. Жақыпбай: «Мен бұл қойылыммен проблема шешейін деп ойлаған жоқпын. Материал ұнады. Бұл Шекспирдің ұлы шығармаларының бірі. Оның шығармалары ешуақытта қартаймайды. Күлкілі, жеңіл спектакль дүниеге келді деп ойлаймын. Жас театр. Бірақ, соған қарамай, басқа қолтаңбамен, толғаныспен ойнады деп ойлаймын» [36], – деп пьесаның құндылығы мен оны тандап алудағы себебін айтқан болатын.

Қойылымның басты ерекшелігі – қоюшы-режиссерден бөлек, Бекболат Құрманғожаев пен Дәурен Серғазиннің де ас салысқандығы. Үш бірдей



режиссердің жұмысын айқын көруге болады. Нәтижесінде Жастар театры сахнасына астарлы әзіл мен көтеріңкі көңіл күйдің атмосферасы пайда болды. Спектакльдің сәтті шығуына – жас актерлердің түбегейлі табыстарымен бірге көпшілік сахналарындағы жәрмеңкелік ойындар мен билердің көркемдік шешіміне тікелей байланысты. Режиссерлік шешімдерден бөлек, әуен мен би үндестігі, декорация жанр ерекшелігіне сай ойластырылған. Қоюшы-суретші Ерлан Тұяқов жұмысынан байқағанымыз – сахнада кеңістік пен қажырлы еңбек бар.

Спектакльде Петручионың алар орны зор. Шәкен Айманов салған сара жолды Ыдырыс Ноғайбаев жалғаса, Жастар театрындағы туындыда актер Әділ Ахметов алып жүрді. Фактура мен қимыл-әрекет тұрғысында режиссер таңдауда шалыс баспады. Бұл таңдаудағы ақтаудағы еңбекті актердің сөз саптасы мен сахнадағы жүріс-тұрысынан байқауға болады. Актер жұмысының ұтылған, ұтқан тұстары жөнінде жас театртанушы Н. Жұмабай: «Сөзі анық, әрекеті нық. Кейіпкерін барынша жанды етіп шығаруға тырысқан. Солай бола тұрса да, Әділ ойынына сәл зиялылық жетіспейтіндей көрінді. Петручионың да тоғышар топтың ортасында киіп алар бетпердесі бар. Бірақ ол бетперденің озық ойлы, алғыр азамат Петручио парасатын, өре биігін, оңаша қалғанда ой қорытар таным көкжиегін көлегейлеуге хақысы жоқ. Осыны актер толыққанды түсінгені абзал. Асауға тұсау саламын деп біртоға дөрекілікке кетіп қалу бас кейіпкер табиғатына апарар жолда жаңылыстырады. Сондықтан да асауды тұсар азамат кейпінде жүрген актер мінезінде адуындылықтан бөлек, серіктесінің мысын басар ақыл-парасат, ішкі тереңдік, тіпті, серіліктің ұшқыны да сезіліп жатса, ризашылық сезіміз еселене түсер еді» [37], – деп сабақтайды. Театртанушы ойымен келісетін тұстарымыз да бар. Дегенмен, бірінші қателікті Катаринадан іздеу керек сияқты. Себебі, Катарина тым асау болып кеткендіктен, Петручио одан асып түсіп бағындыру мақсатында қаталдығы мен дөрекілігін арттырған деп ой түйгіміз келеді. Қойылымда эпизодтық рөл болса да мазмұнды ойын көрсете білген Грумио (Жандәулет Батай), Люченцио (Дәурен Серғазин), Гортензио (Нұрлыбек Төлеген), Гремио (Бейбіт Құсанбаев), Баптиста (Азамат Есқұлов) бейнелері өзіндік бояуымен есте қалды.

Театр тек бір адамның қолынан келмейтін, ұжымдық өнер екенін ескерсек, Жастар театрының жас актерлерінің жұмысын тамашалап, сахналық өнерлеріне тәнті болып келеміз. Театрдағы еңбек өтілдерінің аздығына қарамастан «Асауға тұсау» сынды классикалық туындыларға үлкен батылдықпен, әрі оны оны абыроймен алып шығуға деген ұмтылысы труппа еңбегінің үлкен жемісі. Еліміздегі жастарға деген қолдау ары қарай жалғасын таба берсе, театр өнеріміз де жаңаша бір лепке ие болып, театр өнерінен де дамыған елдермен тереземіз теңесе бермек.

«Шекспир – XVI ғасырда өмір сүрген адам. Бірақ арада бірнеше ғасыр өтсе де оның пьесалары әлі әлем театрларының сахнасынан түспей келеді. Өйткені, қаншама ғасырлар өтсе де, заман өзгерсе де, адам табиғаты өзгермейді. Қай заманда өмір сүрсе де адам бойындағы жақсы көру, қызғану, сүйсіну сияқты сезімдер сол күйінде қалады. Әсіресе, билікке, таққа таласу – адамзаттың өмірлік мәселесі болып қала береді» [38, 11 б.] – деп профессор С.Д.Қабдиева Шекспир драматургиясының өміршендігіне баға беруі арқылы қазақ сахнасындағы да режиссерлардың қызығушылығының да төркінін түсіндіргендей болды.

Әлемдік аренадағы драматургтердің ішінде А. П. Чехов ең көп қойылатын драматургтердің бірі. Өз заманының жаңашыл драматургі Чехов пьесаларының қай-қайсысы болмасын өзінің дәуір тынысын, уақыт рухын шынайы бейнелеуімен құнды. Чехов шығармаларында басты қаһармандар жоқ, ондағы кейіпкерлер көпшілік, қалың жұртшылық.

«Каждая страна и каждый художник теперь имеет право на своего Чехова, на свой путь к нему, и из суммы этих общих, разрозненных в пространстве усилий складывается феномен мирового чеховского театра» – деп ресейлік театртанушы Т. Шах-Азизова айтқандай Чеховтың шығармашылығына қазақ театры ашылғаннан бері бірнеше рет оралып отырды [39, 100 б.]. Әсіресе, М. Әуезов театрының сахнасында режиссер Ә. Мәмбетовтың 1982 жылы қойған «Ваня ағай» мен 1998 жылы Б. Атабаев сахналаған «Шағала» қойылымдары жұртшылықты елең еткізді. Егер біріншісі театр мамандары көркемдік деңгейі жоғары қойылымдардың қатарына қосып, ұлттық театр тарихына алтын әріптермен енгізсе, екіншісіндегі режиссерлік шешімдерді қабылдамады. 2013 жылы «Апалы-сіңілі үшеу» де осы театрдың сахнасында алғаш рет көрерменге жол тартты. Қоюшы-режиссер Р. Андриасян өз спектаклінде психологиялық сарынға басымдық берген. Классиканы өз деңгейінде оқи білу мен оны сахнада тірілту үлкен режиссура мен үлкен актерлік талантты қажет ететіні белгілі. Бұл қойылымнан ұтымды режиссерлік жұмыспен қатар, кәсіби актерлер ансамблі де қатар көруге болады.

Режиссурадағы нақтылық пен айқындық орындаушылардың өз рөлдерін дұрыс ұғып, жан-жақты меңгеруге жетелеген. Д. Темірсұлтанова (Ольга), Н. Қарабалина (Маша), З. Кәрменова (Ирина) сынды таланты мен сұлулығы қатар үйлесім тапқан актрисалардың шынайы ойындары арқылы небір күрделі әлемдік классикаларды қазақ тілінде тірілтуге қабілетті екендігімізге көзіміз жетті. Өмірдің мәнісін жоғалтқан, не өздерін, не өзгені түсінуге шамалары таусылған, өмір сүруге деген талпыныстарынан гөрі өкініштері көп апалы-сіңілілердің бар арманы «Мәскеуге!» деген ұранның астында өтуде. Ал, қыздардың қолы жетпей тұрған Мәскеулері – орындалмайтын армандардың, алдамшы үміттерінің символы болып қала береді.

Жалпы спектакль барысы туралы: «...Бұл пьесаның қазақ театрындағы қойылымы классиканы игеру жолындағы үлкен ізденіс деп айтуға болады. Драмада негізінен өмір мұраттарының орындалмас құр арман, бекер әурешілік екені бейнеленеді. Чехов драматургиясының осындай идеялық ерекшеліктерін дұрыс түсінген режиссер көрерменге айтар сыры мол спектакль тудырған», [40] – деп театрсыншысы А. Еркебай орынды бағалап өтеді.

Ал қойылымды көркемдеген суретші В. И. Кужельдің жұмысын ерекше атап кетуіміз керек. Ол пьесаның әрекет орнын анықтап, киім-кешек эскиздерінің дәуір келбетіне сай келуін қадағалаумен бірге, спектакльдің бейнелік пішін-үлгісін шығарманың көркемдік ерекшелігіне қарай тапқан.

**«Қазақ театрларындағы классикалық пьесалардың интерпретациясы»** атты бөлімде, соңғы жиырма бес жыл ішінде ұлттық сахна төрінде қойылған классикалық шығармалардың қазақ театрының бүгінгі дамуына үлкен үлес қосудағы ізденістері мен ерекшеліктері сараланды. Тәуелсіздік жылдары қазақ сахнасында жүріп жатқан әлемдік классикалық драматургия әр театрдың шығармашылық мүмкіндігін көрсетумен бірге, режиссура мен актерлік өнердің дамуына, тың белестерге шығуына ықпал жасады.

Тәуелсіздігіміз қолымызға тиген жылдары әлемдік классикалық драматургияға да қызығушылық арта түсіп, бұрын-сонды қазақ сахнасына қойылмаған Ж. Ануидың, Г. Ибсеннің, Г. Гауптманның, Т. Уильямстың, Э. Олбидің драматургиясымен қатар, орыстың ұлы жазушылары А. П. Чеховтың, Н. В. Гогольдің пьесалары да жұртшылық назарына ұсынылды. Бұл дүниелерді Б. Атабаев, Қ. Қасымов, Н. Жақыпбай, Т. Теменов, Б. Ұзақов, т.б. режиссерлармен қатар, өзге ұлт театрларының белді Р. С. Андриасян, Ю. Ханинга-Бекназар, т.б. және шетелден арнайы шақыртумен келген Й. Кацоурек, О. Салимов, Р. Виктук, Л. Петрушевская т.б. сынды режиссерлердің сахнаға шығаруы – ұлттық режиссураның дамуына, тың белестен көрінуіне ықпал жасады. Сонымен бірге, бұндай ізгі бастамалар шетелдермен мәдени байланыстарды нығайтуға, қазақ театрының шеңберін кеңейтіп әлемдік театр процесінен өз орнын табуға көмектеседі деп сенеміз.

Қорыта айтқанда, тәуелсіздік жылдарында қазақ театрлары әлемдік классикалық шығармаларды тың ізденістермен жаңартып, қызықты режиссерлік интерпретацияларды ұсынды деп айта аламыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Нүрпейіс, Б.** Қазақ театр режиссурасының қалыптасуы мен даму кезеңдері (1915–2005): Монография. – Алматы : «Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2014. – 520 б.

2 **Құндақбайұлы, Б.** Театр туралы толғаныстар. – Алматы : Өнер, 2006. – 320 б.

3 **Құндақбайұлы, Б.** Заман және театр өнері. – Алматы : Өнер, 2001. – 517 б.

4 **Уәлиев, Қ.** «Турандот ханшайым» – қазақ сахнасында // Қазақ әдебиеті. – 13.05.1994.

5 **Холмогорова, И.** Герхардт Гауптман: Драма заката. – М. : Российский университет театрального искусства – ГИТИС, 2012. – 224 с.

6 **Шаншарова, Ә.** Ымырттағы махаббат // Қазақ әдебиеті. – 2011.

7 Қазақ сахна өнері. Тәуелсіздік кезеңі. – Алматы : «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. – 488 б.

8 **Смағұлова, Қ.** «Әкемтеатр» алдағы жылды Шекспирмен бастайды // Жас қазақ. – 28.12.2007.

9 Котт Ян. Шекспир – наш современник / Пер. с польского В. Климовского. – СПб. : Балтийские сезоны, 2011. – 352 с.

10 **Бартошевич, А. В.** Для кого написан «Гамлет»: Шекспир в театре. XIX, XX, XXI... – М. : Российский университет театрального искусства – ГИТИС, 2014. – 638 с.

11 Астана: от геополитического статуса к культурному разнообразию. Очерки. – Алматы, 2014. – 428 с.

12 Өтен А. Қазақ Гамлеті қалай шықты? Астана ақшамы

13 <http://www.nv.kz/2014/06/12/73996/>

14 Мұхтар Әуезов энциклопедиясы – Алматы, 2011.

15 Елордада Уильям Шекспирдің «Асауға тұсау» пьесасы сахналанды // 19.12.2013, <http://astana.gov.kz/>

16 Заманауи үлгі, жаңаша леп // Егемен Қазақстан. – 12.02.2014.

17 **Қабдиева, С.** Кембридж, Оксфорд университеттерін бітірмесе де, өте білімді адам болған // Аңыз адам: Уильям Шекспир. – № 8 (116) – Сәуір – 2015.

18 Шах-Азизова Т. Ритмы чеховского театра // PRO SCENIUM. Вопросы театра. – М. : КомКнига, 2006. – 416 с.

19 **Әбілғазиева, С.** Апалы-сіңілі үшеу // Қазақ әдебиеті. – №18-19 (3339)

Материал 16.11.15 баспаға түсті.

*А. Маемиров*

**Режиссерские поиски в постановках классических произведений**

Казахская национальная академия искусств имени

Т. Жургунова, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 16.11.15.

*А. Маемиров*

**The directing searches in raising classical work**

*В статье широко проанализированы режиссерские решения и актерское мастерство в мировых и русских классических спектаклей, поставленных в нескольких театрах Республики.*

*In this article there are widely analyzed the directorial decisions and acting in the world and Russian classical performances, staged in several theaters of the Republic.*

UDC 811.111:37.091.33

**K. K. Mussagozhina**

master, L. N. Gumilyov Eurasian National university, Astana

## **INCIDENTAL VOCABULARY ACQUISITION FROM LISTENING**

*The present article describes the process of incidental vocabulary acquisition from listening of foreign speech.*

*Key words: incidental vocabulary acquisition, listening, vocabulary learning, reading, authentic texts.*

Vocabulary learning is one of the main difficulties and problems of students in foreign language acquisition. Especially, in order to speak a foreign language fluently, students have to learn by heart the thousands of new words. In this case, some students lose their motivation to learn languages, and for the purpose of acquiring new vocabulary, we must find some solutions. As stated Milton [1, 228], it appears impossible that vocabulary can be learned and acquired only through explicit teaching and studying, but actually there is a widely spread belief among teachers and scholars that much vocabulary is acquired incidentally. In that case, students need to listen to foreign speech much, in order to remember new words and enjoy learning foreign languages.

In listening comprehension, our sense receptors start to differentiate a sound system from the unknown one. Unfamiliar words and phrases begin to be perceived and while repetition them more than once, words and phrases remain firmly in memory. Systematically, the differentiation of a new sound system perception start to form its image in memory. More we listen, better we speak and if we do not have much experience in listening, our speech will sound alien. Besides, if

we listen to native speakers' speech, we easily acquire the right pronunciation, vocabulary and speak fluently. While listening we automatically and incidental fix words, phrases in our minds. Thus, unfamiliar words and phrases are reflected in our sense receptors and we begin to fix them in our memory.

Vocabulary acquisition is one of the main tasks in foreign language learning, because we understand and comprehend people's speech, if we know the right meaning of definite words and phrases and how their meaning can be changed in context according to specific situations. In order to comprehend written and spoken texts, learners must acquire vocabulary. Turning to the words of S. Meiramova [2, 19], the importance of vocabulary in improving language proficiency does not receive deserved attention. At the present moment vocabulary acquisition plays an important role in language learning, because in order to acquire a language people should learn thousands of necessary words, word combinations and phrases, and as a result they will be successful in communication. In addition, teachers consider vocabulary learning as the main tasks in teaching process. Consequently, foreign language learning demands vocabulary acquisition in order to master a foreign language and as a result, it is the main issue of teachers and methodologists.

Howatt and Dakin [3] identified listening as the ability to identify and understand what others are saying. Teaching listening comprehension of foreign is one of the main issues in methodology, because it is considered as a complicated process. Listening aids in communication with foreigners, in acquisition of pronunciation and vocabulary. In order to realize educational and developing objectives, it is necessary to listen to authentic texts in foreign languages, and will give many opportunities to achieve the above objectives. As a result, when we listen to authentic texts, we acquire a language quicker.

It is obvious that in vocabulary acquisition and listening learners face many problems and according to Mearu, as cited in S. Nation [4], language learners admit that they face considerable difficulties with vocabulary even they upgrade from an initial stage of acquiring a second language to much more advanced level. Underwood found out seven potential difficulties in listening comprehension, they are:

- lack of control over the speed at which speakers speak,
- not being able to get things repeated,
- the listener's limited vocabulary,
- failure to recognize the signals,
- problems of interpretation,
- inability to concentrate,
- established learning habits [5].

In order to cope with vocabulary acquisition and listening problems, learners should listen to foreign speech much without focusing on vocabulary learning and after that, there will occur incidental vocabulary acquisition from listening.

Many scholars argue that incidental vocabulary acquisition occurs when learners do not pay attention to vocabulary acquisition, but to the content and others say that they focus on vocabulary, but do not try to fix words and phrases in their memory. Laufer [6] pointed out that incidental vocabulary learning should be defined in contrast to intentional learning. Intentional vocabulary acquisition refers to an activity aiming at committing lexical information to memory. Incidental vocabulary acquisition means that learners acquire the vocabulary incidentally when they are carrying through other learning tasks, e.g. reading articles, listening to English songs. Obviously, many researchers gave definitions to incidental vocabulary acquisition from different aspects, and there is no authoritative definition yet.

Scholars are interested in incidental vocabulary learning, but previous studies were predominantly based on incidental vocabulary acquisition from reading. According to R. Joseph Ponniah [7], every time readers read unfamiliar words they acquire at least partial meanings, and repeated exposure to such words will result in a considerable amount of vocabulary development. It is obvious that incidental acquisition of vocabulary occur, when learners read or listen without focusing on vocabulary, but meaning of a text. As defined by Vagovich and Newhoff [8, 316], children acquire partial word knowledge in a single exposure when they encounter a word through natural reading. In order to study the phenomena of incidental acquisition of vocabulary from listening, there should be made many explorations, and they should be investigated from different aspects of learning foreign languages. Thus, incidental acquisition of vocabulary is being investigated nowadays and many scholars try to study the process of incidental learning in a foreign language teaching.

There were only several studies, due to incidental acquisition of vocabulary from listening compared to reading. In 2003, Vidal [9, 219] investigated incidental vocabulary acquisition from listening and in 2011 made a comparison between listening and reading on this issue. The primary finding shows that both reading and listening lead to vocabulary knowledge gains, incidental vocabulary acquisition from reading being considerably higher than from listening. There were given three notable differences, they were the significance of vocabulary learning from reading and listening, in terms of the context and the last concerned the frequency effect. The results show that learners gain vocabulary knowledge better from reading than from listening. Consequently, this field of study is now developing, and there is only several studies related to incidental vocabulary acquisition from listening.

Thus, we think that incidental vocabulary acquisition from listening will be successful, effective if learners of foreign languages listen to authentic texts they like to listen, and they have to be important and close to them not only focusing on vocabulary, but the meaning. Experience shows that if they listen to such kinds of topics, they will master vocabulary quicker and for a long time of period. Learners

should listen to foreign speech in their free time, songs and after the continuance of this process; they will understand foreigners better, improve pronunciation and acquire new vocabulary. Finally, some words will be acquired quickly and for a long time in incidental vocabulary acquisition from listening, it depends on many factors, but also it is necessary to combine intentional and incidental acquisition of vocabulary.

## LIST OF REFERENCES

- 1 **Milton, J.** "Vocabulary uptake from informal learning tasks". – Language Learning Journal. – 2008. 36(2). – 227-237 p.
- 2 **Meiramova, S. A.** New strategies in EAP and ESP teaching in Kazakhstan: Task-based approach application. – Journal of the English for Specific Purposes Special Interest Group: Professional and Academic English, 2012.
- 3 **Howatt, A., & Dakin, J.** Language laboratory materials. – 1994. – Retrieved 2014 from <http://www.ericdigests.org/pre-9219/prior.htm>
- 4 **Nation, S.** How large vocabulary is needed for reading and listening? – 2006. Retrieved from [citeseerx.ist.psu.edu/viewdoc/summary?doi=10.1.1.184.4620](http://citeseerx.ist.psu.edu/viewdoc/summary?doi=10.1.1.184.4620)
- 5 **Underwood, M.** Teaching listening. – Longman Handbooks for Language Teachers, 1994.
- 6 **Laufer, B.** Reading, Word-focused Activities and Incidental Vocabulary Acquisition in a Second Language. – Prospect, 2001. – 16(3).
- 7 **R. Joseph Ponniah.** The Reading Matrix. Incidental Acquisition of Vocabulary by Reading. National Institute of Technology, 2011.
- 8 **Vagovich, S. A., & Newhoff, M.** The single exposure: Partial word knowledge growth through reading. American Journal of Speech-Language Pathology, 2004. – 13(4). – 316- 328 p.
- 9 **Vidal, K. A.** comparison of the effects of reading and listening on incidental vocabulary acquisition. – Lang. Learn. 2011, – p. 219-258.

Material received on 16.11.15.

*К. К. Мусагожина*

**Тындап түсіну әрекеттері арқылы сөз қорын еріксіз меңгеру**

Л. Н. Гумилев атындағы  
Еуразиялық ұлттық университеті, қ. Астана.  
Материал 16.11.15 баспаға түсті.

*К. К. Мусагожина*

**Непроизвольное овладение словарным лексиконом через аудирование**



Евразийский Национальный университет  
имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.  
Материал поступил в редакцию 16.11.15.

*Бұл мақала шетел тілде тыңдап түсіну әрекеттері арқылы сөз қорын еріксіз меңгеру үдерісін суреттейді.*

*Настоящая статья описывает процесс непроизвольного овладения словарным лексиконом через аудирование иностранной речи.*

ӘОЖ 811.512.122.

**Г. Ә. Мұсаева**

ф.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, Алматы қ.

## **ТІЛДІК МАТЕРИАЛДЫ МЕҢГЕРУ АЛГОРИТМІ**

Мақалада екі негізді жай сөйлемді меңгерудің алгоритмі ұсынылады. Сөйлем құрылымын меңгеру үдерісінің алгоритмі арқылы тіл меңгеруші қазақ тілі грамматикалық жүйесінің жұмыс істеу ұстанымдарымен тереңірек танысып, сөйлемдердің пропозициядағы виртуалды бейнесін, коммуникативтік қажеттілігіне орай өз еркінше түрлендіріп жұмсай алуға үйренеді. Грамматикалық материалды арнайы алгоритм арқылы ұсынудың мақсаты – сөйлем құрылымын модельдеу және оны меңгеруді алгоритмдеу арқылы үйреніп жатқан тілде сөйлеуді қабылдау мен тудыру дағдысын қалыптастыруды жеңілдету. Сөйлем құрастырушы компоненттердің бір-бірімен байланысу тәртібін, функциялық қызметін нақты түсінген тіл меңгеруші алған білімін коммуникативтік қарым-қатынаста еркін түрлендіріп жұмсай алуға үйренеді. Бұл жағдайда сөйлем құрастырушы әрбір элемент сөйлемнің мағыналы бөлігі, яғни синтаксема ретінде меңгеріледі.

*Кілтті сөздер: құрылымдық лингвистика, алгоритм, жай сөйлем құрылымы, виртуалды стемма, меңгеру.*

Қазақ тілін меңгеруді жеңілдету мақсатында тіл білімі саласында бірқатар ғылыми еңбектер жарық көрді. Біздің ұсынып отырған жұмысымыз бірнеше жыл тәжірибеден өтіп, ғылыми түрде теориясы негізделген әдістемелік тәсіл болып табылады [1; 2; 3; 4]. Инофонның тіл меңгеруі үшін қажетті грамматикалық білімді сөйлемнің құрылымын бірқалыпқа түсірілген

виртуалды модельдері бойынша сөйлем құрастырушы әрбір түйіндерді жеке-жеке кадамдарға бөліп, арнайы алгоритмдердің көмегімен беруді ұсынамыз. Сөйлемнің әрбір жаңа элементі сөйлемнің жалпы құрылымы негізінде алгоритмдеу әдісі бойынша меңгеріледі. Бұл мақаламызда екі негізді жай сөйлемді меңгерудің алгоритмі көрсетілген. Біздің грамматикалық материалдарды беру алгоритміміз бойынша құрылған кадам – сөйлемнің предикатымен жұмыс істеу.


Қазақ тіліндегі сөйлемдерде есім сөздер ешқандай көмекші етістіксіз (зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктер) баяндауыш қызметінде жұмсала береді. *Мен оқытушымын. Сен әдемісің. Сіз біріншісіз* деген сөйлемдер басқа, мысалы, орыс тілінде «есть» көмекші етістігі, ағылшын тілінде «to be» көмекші етістігі арқылы жасалынады. Орысша *я преподаватель, ты красивая, вы первая* немесе дәл аудармасы *я есть преподаватель. т. с.с.*, ағылшын тілінде *I am a teacher, you are beautiful, you first* болып қолданылады. Қазақ тілінің есім сөзден болған баяндауыштарының негізгі өзгешелігі – олардың (III жақтан басқа) жақтық көрсеткішінің болуында: *мен студентпін, сен студентсің, сіз студентсіз, ол студент*. Қазақ тілінде I, II жақта айтылғанда жіктеу есімдіктерсіз-ақ әңгіме кім туралы екенін біліп отыруға болады. Ал III жақтағы есім баяндауышта орыс тіліндегідей немесе ағылшын тіліндегідей жақтық көрсеткіш болмайды және бастауышсыз қолданылмайды. *Я – студент. (I am a student), Ты – студент. (You are a student), Вы – студент. (You are a student), Он/она – студент/ка. (He/ she is a student)* [5; 6; 7;].

Сонымен қатар есім сөздер көлемдік (жатыс, шығыс) септіктерді, тәуелдік жалғауын қабылдап жіктеліп, сөйлемнің баяндауышы қызметін атқара алады. Мысалы *Мен Кореяданмын. Мен осындамын. Мен жиырма бірдемін. Райхан – менің досым.*

Қазақ тілінің екі негізді жай сөйлемдерінің бастапқы кезеңдегі алгоритмі төмендегідей болмақ:


- 1) есім сөзден болған баяндауыш;
- 2) шығыс және жатыс септік тұлғалы баяндауыш;
- 3) *бар, жоқ* сөздерінен болған баяндауыштар;
- 4) етістіктен болған баяндауыштар.

Баяндауышы есім сөзден болған сөйлемдерді меңгеру алгоритмі. Бұл кадамда, ең алдымен, сөйлемнің ядролық түйіні: бастауыш пен баяндауыштан тұратын екі негізді жай сөйлемнің виртуалды стеммасы беріледі. Мұнда N – сөйлемнің бастауышы, V – сөйлемнің баяндауышы. Сөйлемнің екі мүшесін байланыстырып тұрған екі жақты бағыты бар түзу сызық бастауыш пен баяндауыштың арасындағы өзара жақтық және сандық қиысуын көрсетеді. Сөйлемнің баяндауышы есім сөзден болғанын көрсету үшін V = N деп алып, сөйлемнің виртуалды стеммасы өзгертіледі.




1. Қазақ тілін үйрену барысында екі негізді жай сөйлемнің ішінде баяндауышы есім сөзден болатын құрылымдарды меңгерудің төмендегідей ретін ұсынамыз. Сөйлемінің бастауышы мен баяндауышы бір-бірімен жіктік жалғаулар арқылы жақтық қиысуы немесе мағыналық байланысуы мүмкін [8;9]. Тәжірибе көрсеткендей, баяндауышы есімнен болған сөйлемдердің ең алдымен мағыналық қиысу түрі меңгерілуі тиімді.


1-қадам. Сөйлемнің N – субъектісі сілтеу есімдігінен, V – предикаты зат есімнен болған сөйлемдер: *Бұл – кітап. Бұл – студент. Бұл – Асан.* Виртуалды стемма:



2-қадам. Сөйлемнің N – субъектісі сілтеу есімдігінен, зат есімнен, V – предикаты сын есім + зат есімнен немесе тәуелдеулі зат есімнен болған сөйлемдер: *Бұл – жақсы сөздік. Бұл – менің досым. Асан – менің мұғалімім.* Сөйлемдердің виртуалды стеммасы беріледі.




3-қадам. Сөйлемнің N – субъектісі тәуелдеулі зат есімнен, ілік септігі + зат есімнен, V – предикаты зат есім, сын есімнен болған сөйлемдер: *Менің отбасым үлкен. Менің атым – Арман. Менің ағамның аты – Рақым. Ағамның отбасы кішкентай.* Сөйлемнің виртуалды стеммасы беріледі.




4 – қадам. Келесі кезекте жай сөйлемдердің екі негізгі мүшесі жіктік жалғау арқылы қиыса байланысқан түрлерінен баяндауышы мамандық атауларын білдіретін зат есімдер мен адамның сын-сипатын білдіретін сын есімнен болған сөйлемдер енгізіледі.

Сөйлемнің N – жіктеу есімдіктері немесе адам аттары мен тәуелдеулі туыс атаулары, V предикаты мамандық атауларын білдіретін зат есімдерден болған сөйлемдер: *Мен студентпін. Асан – дәрігер. Менің әкем – инженер.* Бұл кезеңде сөйлемнің бастауышы мен баяндауышы белгілі жіктік жалғаулары арқылы бір-бірімен жақтық, сандық формада қиысатыны баса көрсетіледі. Бұл қадамда тіл меңгерушілерге жіктік жалғауларының кестесі және сөйлемнің виртуалды стеммасы беріледі.




Жіктік жалғау кестесін беріңіз. Жіктік жалғауларына жаттығулар жасатып, дағдылануға көмектесу қажет.

5-қадам. Сөйлемнің N – жіктеу есімдіктері немесе адам аттары мен тәуелдеулі туыс атаулары, V – предикаты адамның сын-сипатын білдіретін сын есімдерден болған сөйлемдер меңгеріледі: *Сен әдемісің. Менің шешем қайырымды.* Сөйлемнің виртуалды стеммасы беріледі.



Сын есімдердің жіктелуіне жаттығулар беріп, сөйлемдердің мағыналық ерекшеліктерін түсіндіріңіз. Адамның мінезін, түр-сипатын білдіретін сапалық және қатыстық сын есімдерді антонимдік жұппен беру есте сақтауда тімдірек болмақ: *Ол пысық. Мен жалқаумын.* Сондай-ақ сын есімнің күшейтпелі шырайын бірге меңгерген дұрыс. *Менің балаларым өте ақылды.*


6-қадам. Сөйлемнің N – субъектісі жіктеу есімдіктері немесе адам аттары мен тәуелдеулі туыс атаулары, V – предикаты шығыс септігіндегі ел, жер, қала атауларын білдіретін жалқы есімдерден болған сөйлемдер: *Мен Америкаданмын. Нам Ун Сеул қаласынан. Менің жеңгем Батыс Қазақстаннан.* Сөйлемнің виртуалды стеммасы беріледі.



6-қадам 1.

Шығыс септігінің меңгерілу алгоритмі. Алдымен шығыс септігінің (O<sub>6</sub>) стеммасы беріледі. Бұл жағдайда шығыс септігінің тек *қайдан?* сұрағына жауап беретін, іс-әрекет иесінің шыққан орнын, қайдан, қай жерден келгенін білдіретін мағынасы ғана меңгеріледі.


O<sub>6</sub> – мағынасы:



O<sub>6</sub> – жалғаулары:

n + O <sub>6</sub>	
n +	-дан/-ден   I, II, л, р, й, (и), у, з, ж
	-нан/-нен   м, н, ң
	-тан/-тен   V

6-қадам 2. O<sub>6</sub> – толық стеммасы:



-дан/-ден I, II, л, р, и, у, з, ж

-нан/-нен м, н, ң / poss III

-тан/-тен V


6-қадам 3. Шығыс септігі жалғауларын ел, қала атауларын беру арқылы жаттығулар-мен бекіту керек. Стамбул қаласы, Қытай Республикасы сияқты меншіктілік емес, заттық ұғымды білдіретін атаулар бір мүше ретінде енгізіледі.

6-қадам 4. Шығыс септігіндегі сөздің жіктелуі беріледі.

sing.	pl.
Мен Түркияданмын	Біз Түркияданбыз
Сен Түркиядансың	Сендер Түркиядансыңдар
Сіз Түркиядансыз	Сіздер Түркиядансыздар
Ол Түркиядан	Олар Түркиядан

Топтағы оқушылардың өзі, туған-туыстарының елі, туған жері, туған қаласының және жиі қолданылатын Қазақстанның қалалары, облыс, аудандарының атауларын беріп жаттығулар жүргізіңіз. Сондай-ақ өзінің немесе досының, туысының аты-жөні, мінезі, сын-сипаты, қайдан екені, оның елінің, жерінің, қаласының сипаты туралы шағын мәтіндермен жұмыс істеуге болады.

7-қадам. Баяндауышы жатыс тұлғалы сөзден болған сөйлемнің алгоритмі. Сөйлемнің N – субъектісі жіктеу есімдіктері немесе адам аттары мен тәуелдеулі туыс атаулары немесе *менің жасым, сенің жасың ...* т.с.с. түйінді, V – предикаты бесінші объекті жалғауын қабылдаған сан есімдер немесе зат есімдерден болған сөйлемдер меңгеріледі: *Мен жиырма бестемін. Пак Шин Е жиырма бірде. Менің әкем елу алтыда. Менің жасым жиырма бесте. Мен жиырма бес жастамын.* Сөйлемнің виртуалды стеммасы беріледі.




Жатыс септігінің меңгерілу алгоритмі дәл шығыс септігінің меңгеру алгоритмімен сәйкес беріледі де бекіту жаттығулары сөйлем құрылымы аясында жүзеге асады. Септіктерді ұсынудың мұндай бірізділігі тіл үйренушілердің қабылдау дағдысын қалыптастыруға алып келеді. Жатыс септігі жалғауларын жаттығулармен бекіту керек. *Не қайда? Кім/не кімде/қайда?* сияқты модельдермен жұмыс істеледі. Тіл меңгеру барысында жатыс септігінің адамның жас мөлшерін білдіретін мағынасы енгізіледі. Алдымен 1-100-ге дейінгі есептік сан есімдер беріліп жаттықтырылады. Содан кейін бесінші объектінің адамның жас мөлшерін білдіре отырып, баяндауыш қызметін атқаратын сөйлемдер құрылымының үш түрі көрсетіліп жаттығулар жүргізіледі. 1. *Менің жасым жиырмада.* 2. *Мен жиырма жастамын.* 3. *Мен жиырмадамын.*

Баяндауышы *бар / жоқ* сөздерінен болған сөйлемдерді меңгеру алгоритмі. Қазақ тілінде поссессивтік мағынаны білдіретін тағы бір форманың түрі – баяндауышы *бар / жоқ* сөзінен болған сөйлемдер [10, 141 б.]. Қазақ тіліндегі баяндауышы *бар / жоқ* сөздерінен болған жай сөйлемдер басқа еуропа тілдерінің *бар / жоқ* сөздерінен болған сөйлемдерден өзгешеліктері бар. Мысалы, орыс тілінде сөйлем моделі *У кого есть кто/что? У кого нет кого/чего?* болып өзгереді. Бірінші жағдайда *есть* сөзі номинатив формалы субъекті мен екінші объектіні қажет етсе, екінші жағдайдағы *нет* сөзі екі түрлі мағынадағы (*у кого нет, нет кого/чего*) екінші септік (родительный падеж) формасын қажет етеді.

Қазақ тілінде *Кімде/қайда не/кім бар/жоқ?* моделі екі жағдайда, *бар* болған, *жоқ* болған жағдайда да, бесінші септік формасы мен атау септігіндегі субъектіні қажет етеді. Бұл модель арқылы тіл үйренуші: *Менің отбасымда әкем, шешем, ағам бар. Менің әпкем жоқ. Менің отбасымда бес адам бар* сияқты сөйлемдерді құрай алады.



1-қадам. Алдымен *кім/не бар/жоқ?* моделі бойынша жаттығулар жүргізіледі.





2-қадам. Жатыс тұлғалы жіктеу есімдіктері мен кейбір қажетті сілтеу есімдіктер беріліп, жаттығулар жүргізіледі.

Мен – менде	Біз – бізде	бұл – бұнда
Сен – сенде	Сендер – сендерде	мынау – мында
Сіз – сізде	Сіздер – сіздерде	осы – осында
Ол – онда	Олар – оларда	сол – сонда

3-қадам. *Қайда/кімде не/кім бар/жоқ?* моделімен жаттығулар жасалады: *Менде кітап бар. Менде жақсы сөздік бар. Менде телефон жоқ.*



4-қадам. *Кімнің/ненің не/неде қандай/қанша кім/не бар/жоқ* моделі бойынша күрделеніп жайылма жай сөйлемдер құрауға арналған жаттығулар жасалады. Сөйлемнің виртуалды стеммасы және шынайы стеммасы беріледі.



Инофонның тіл меңгеруі үшін қажетті грамматикалық білімді сөйлемнің құрылымын бірқалыпқа түсірілген модельдер бойынша, ондағы сөйлем құрастырушы әрбір түйіндерді жеке-жеке қадамдарға бөліп, арнайы алгоритмдердің көмегімен беруді ұсындық. Сөйлемнің әрбір жаңа элементі сөйлемнің жалпы құрылымы негізінде алгоритмдеу әдісі бойынша жүзеге асады.

Біріншіден, тіл меңгеруді сөйлемнің қарапайым моделінен бастап күрделендіру; екіншіден, сөйлемнің терең құрылымын әрқашан негізге



ала отырып, әрбір грамматикалық материалдың іштей өзіндік меңгерілу алгоритмінің ретін сақтау. Нақтырақ айтқанда: материалдың жеке мағынасымен танысу; оның грамматикалық көрсеткішімен танысу; - оларды жеке жаттығумен бекітіру; қажетті түйін көлемінде (адъективті, адвербиалды, етістікті) стеммасын беріп, жаттығумен бекітіру; бір негізді сөйлем көлемінде стеммасын беріп, жаттығумен бекітіру; сөйлемнің анықтауышпен күрделенген стеммасын беріп, жаттығумен бекітіру; сөйлемнің пысықтауышпен күрделенген стеммасын беріп, жаттығумен бекітіру; алдыңғы меңгерілген сөйлемнің трансформациялық компоненттерімен байланыстырып, жаттығумен бекітіру. Бұл берілген трансформациялық компоненттердің бәрі сөйлемнің терең құрылымына үстемелеу негізінде жүзеге асады.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Теньер, Л.** Основы структурного синтаксиса. – М. : Прогресс, 1988. – 656 с.
- 2 **Хомский, Н.** Аспекты теории синтаксиса. – М. : Изд. МГУ, 1972. – 117 с.
- 3 **Нуршанхова, Ж. А.** Алгоритмизированный синтаксис. – Алматы, Қазақ университеті, 2002. – 294 с.
- 4 **Садуақасұлы, Ж.** Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдердің құрылымдық типтері: филол. ғыл. д-ры дис. – Алматы, 1997. – 305 б.
- 5 **Арват, Н. Н.** Семантическая структура простого предложения в современном русском языке. – Киев, 1984. – 50 с.
- 6 **Богданов, В. В.** Семантико-синтаксическая организация предложения. – Л. : Изд. Ленинградский университет, 1977. – 202 с.
- 7 **Арутюнова, Н. Д.** Предложение и его смысл. Логико-семантические проблемы. – М. : Наука, 1976. – 383 с.
- 8 **Қордабаев, Т., Қалиев, Ғ.** Жалпы тіл білімі. – Алматы : Дәуір, 2004. – 36 б.
- 9 **Аманжолов, С.** Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы, 2002. – 366 б.
- 10 **Ахметжанова, З. К.** Сопоставительное языкознание: казахский и русский языки. – Алматы, 2005. – 408 с.

Материал 30.11.15 баспаға түсті.

*Г. А. Мусаева*

#### Алгоритм усвоения языкового материала

Казахский национальный университет  
имени аль-Фараби, г. Алматы.  
Материал поступил в редакцию 30.11.15.

*G. A. Musayeva*

#### Algorithm of assimilation of the language material

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty.

Material received on 30.11.15.

*В статье предложен алгоритм усвоения двусоставного простого предложения казахского языка, для того чтобы овладеть умением перенести внимание с внешней информации на внутреннюю, уметь воспринимать информацию в алгоритмическом изображении и передавать ее на естественный язык. Цель алгоритмизированной подачи грамматического материала заключается в упрощении структуры изучаемого естественного языка с помощью моделей и алгоритмов предложения для восприятия и порождения информации, для умения использовать их в речевом акте. При алгоритмизированном процессе усвоения структуры простого предложения казахского языка, инфон может свободно работать со структурой предложения, рассматривая его с функциональной позиций. Для этого каждое новое слово усваивается как функционирующий член предложения, т.е. как синтаксема.*

*In article the algorithm of assimilation of a two-part simple sentence of the Kazakh language is offered to seize ability to transfer attention from external information to internal, to be able to perceive information in the algorithmic image and to transfer it to the natural language. The purpose of algorithmic supply of grammatical material consists in simplification of structure of the learned natural language by means of models and algorithms of the offer for perception and generation of information, for ability to use them in the speech act. In the algorithmic process of mastering the structure of the simple sentence in the Kazakh language an inofon can work freely with the structure of the sentence, considering it from the functional position. For this purpose each new word is acquired as the functioning sentence part or as the syntaxem.*

**Э. Ж. Мыкышева**

магистрант, Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби,  
г. Алматы

## **ОСОБЕННОСТИ СОВРЕМЕННОГО АМЕРИКАНСКОГО АНТРОПОНИМИКОНА**

*В статье рассматриваются основные особенности американского антропонимикона в тесной связи с культурой Американской нации, рассмотрены некоторые статистические данные, проведена параллель между онимами американскими и онимами других народностей, приведены основные примеры образования американских имен и аспекты истории, повлиявшие на американский именник. Также в статье затронут вопрос употребления личных имен во фразеологизмах и освящена тема придуманных имен наравне с примерами библеизмов и «загубленных» имен.*

*Ключевые слова: антропонимикон, онимы, американские имена, орфография американских имен, популярные имена.*

Каждая народность имеет свои особенности имянаречения и семантика имен отличается в зависимости от культуры и исторической эпохи нации. Одной из интереснейших культур является культура США, а американский антропонимикон представляет собой обширную область для исследования лингвистов. Антропонимия (антропонимикон) – совокупность антропонимов, то есть собственных имён для именованного человека в каком-либо языке. Иногда, терминологически в узком смысле, под системой антропонимов понимается именослов. Изучением антропонимов занимается антропонимика. Антропонимия какого-либо языка включает в себя все имеющиеся или бывшие в употреблении имена людей; в противоположность этому выделяется понятие имённика – то есть имена, активно использовавшиеся в какой-либо исторический период, в какой-либо социальной группе, на какой-либо ограниченной территории. Именник, в отличие от антропонимикона, предполагает учёт реальной частотности имён [2]. Собственное имя (оним) – (от греч. *опота* – имя, название) – слово, словосочетание или предложение, которое служит для выделения именуемого им объекта из ряда подобных, индивидуализируя и идентифицируя данный объект. В отличие от других слов, онимы не связаны непосредственно с понятием; основное их значение заключено в их связи с денотатом и они являются слоем лексики, не

требующей перевода. В состав имен собственных могут входить любые части речи, артикли, предлоги.

На становление американского антропонимикона повлиял ряд причин самого различного характера. Во-первых, США представляет собой смесь различных наций, этнос американского сообщества неоднороден по своему составу. Культуру США также отличает богатая история, которая имеет свое отражение в антропонимиконе нации. Следует выделить следующие типы американских имен:

- Образованные под влиянием традиционной, англосаксонской культуры – древнеанглийской, древнегерманской, канонические имена Ветхого и Нового завета (William, Abraham, Henry, Robert, John, Mary)

- Заимствованные из других этнических групп – индейцев, испанцев, русских и многих других, населяющих территорию Америки (Tatiana, Xing, Eduardo, Federico), а также образованные диминутивные формы существующих имен отдельных этнических групп (Anyu, Tanya, Nico, Leo)

- Самостоятельную группу формируют вымышленные имена и имена, образованные путем изменения орфографии уже существующих имен (Aaren – Aaron, Abbi – Abbey – Abbigail – Abbigail). В этой же группе можно назвать имена, преобразованные из женского в мужские и наоборот (Adria – Hadrian, Alberta – Albert).

Во многих европейских языках, таких как испанский, итальянский, французский и другие, в которых есть грамматические показатели, ясно указывающие, является ли имя мужским или женским, не существует никаких трудностей в создании женских эквивалентов мужских имен. В английском же языке, не имеющем грамматической категории рода, способы создания новых женских имен были заимствованы непосредственно из французского, испанского, итальянского и других языков. Соответственно и некоторые суффиксы из этих языков, используемые для этой цели, стали широко применяться в английском языке. Однако, ряд суффиксов был создан самими англоговорящими. Примером вышеизложенного может быть мужское имя Marcus, от которого были образованы следующие женские имена путем использования суффиксов различных языков: Marcelle, Marcia, Marsha, Marcelline, Marcie, Marcy. Хотелось бы также привести пример деривации одного из самых популярных имен в Америке за последние десятилетия – имени Jacob. Как показывает статистика Управления социальными страхованиями США, с 1999 по 2012 год имя Jacob было первым в рейтинге наиболее популярных имен среди новорожденных этого периода. Существует ряд объяснений подобного рода популярности, мы также рассматривали этот вопрос на одной из Международных Конференций [3], см. рисунок 1 и 2.

формы: Coby, Jake, Jeb, Kobu, женские производные имена: Coba, Jacoba, Jacobina, Jacobine.



Рисунок 1 – Количество новорожденных в США с именем Jacob от общего процента населения




Рисунок 2 – Рейтинг популярности имени Jacob в США (указано занимаемое место в рейтинге)

Любое личное имя английского языка может продолжить свое существование путем изменения орфографии – удвоение согласных или гласных, изменение одной из букв на заглавную, прибавление апострофа, а также изменение одной буквы на другую. Женские американские имена имеют большее количество орфографических вариантов одного имени по сравнению с мужскими. В качестве примеров можно привести варианты имени Katelyn – Caitlin, Caitlyn, Kaitlin, Katelynn, Kaitlyn, Caitlynn, Katelin, Katlin, Katlynn. Все эти имена имеют одинаковую фонетическую реализацию.

Для американского именнаяречения также специфично использование сокращений, применение апострофов, дефисов и изменения ударений в имени для образования новых имен. Примерами могут послужить имена ClarElta, LeeAnn, Loise-May, De'An.

В американском антропонимиконе зафиксированы однобуквенные и двухбуквенные имена: Aa, Ca, Da, Do, Dl, Dm, Db, Kc, Ty, T, J, A. Такого рода имена также встречаются в современном телевидении среди участников

показаны несколько участников с именами Ку, ЕЛ, АК. Объяснением данному феномену может быть стремление к языковой экономии. Этот принцип часто используется для создания рекламы, новых брендов, общения в интернете и в политической сфере.

Интерес лингвистов вызывает взгляд на семантику личных имен с точки зрения фразеологии. Фразеология тесно связана как с историей, культурой, так и традициями и литературой народа, говорящего на данном языке. Эта связь наиболее четко прослеживается в тех фразеологических единицах, в состав которых входит имя собственное. Многие фразеологические обороты этого типа связаны с фактами давно забытых дней, мотивация имени собственного (и всей фразеологической единицы) давно стерлась и может быть установлена только путем этимологического анализа. В синхронном плане такие фразеологизмы давно утратили свою мотивацию. Когда англичане употребляют выражение Hobson's choice «отсутствие какого-либо выбора», они зачастую не знают, что Hobson – фамилия реально существовавшего владельца конюшни, который не давал своим клиентам права выбора лошади. Имена собственные, образованные от библеизмов, встречаются в ряде фразеологизмов, употребляемых в современном английском языке:

1. A doubting Thomas – Фома неверующий,
2. The apple of Sodom – красивый, но гнилой плод
3. Balm in Gilead – «бальзам в Галааде», утешение
4. The old Adam – «Ветхий Адам», испорченность человеческой природы.
5. To raise Cain – учинить скандал, поднять шум.
6. Job's comforter – горе-утешитель
7. A Juda kiss – поцелуй Иуды
8. As roog as Job – нищий человек

Мужские и женские личные имена встречаются во многих фразеологизмах, благодаря этому имена Mary, John, Betty, Tom, Jack приобрели особую окраску. Например, «every Tom, Dick and Harry» имеют значение «всякий, каждый, первый встречный». Другие выражения с именем Том: «more know Tom Fool than Tom Fool knows» – «дурак, болван», «Tom o'Bedlam» – «сумасшедший». «Jack and Jill» – «неразлучная пара, влюбленные». «John Trot» – «мужлан, деревенщина».

С 1640 года до середины 19 века в Америке господствовали библейские имена. Широкое распространение среди темнокожих американцев имели имена Калейб, Гидеон, Джейкоб, Джошуа, Джосая, Мозес, Икабод, Обада. Среди остальной части населения имели популярность имена Руфь, Рахиль, Юдифь, Кассия, Емима, Абигайль, Ревекка, Девора, Тавифа, Эсфирь, Абрам, Исаак и Нафанаил. В английском произношении эти имена звучат следующим

образом: Рут, Рейчел, Джудит, Кезая, Джемайма, Абигейл, Ребекка, Дебора, Табита, Эстер, Эйбрам, Айзак, Натаниэл. Также использовались имена всех библейских пророков. В настоящее время среди протестанских христиан данная тенденция сохраняется. Примером служит семья из 21 человека, участники передачи «19 детей и это не предел», проживающие в Арканзас, США. Имена семейства следующие: Мишель, Джим, Джошуа, Джана, Джон-Дэвид, Джилл, Джесса, Джинжер, Джозеф, Джосая, Джой-Анна, Джедидая, Джеримая, Джейсон, Джеймс, Джастин, Джексон, Джоанна, Женнифер, Джордин-Грейс, Джоузи. Восемь имен из вышперечисленных являются библейскими.

На Юге и Среднем Западе США были зафиксированы имена, имеющие не только привлекательное звучание, но и определенный смысл: Лавли Флауэрс (нежные цветы), Пришис Харт (драгоценное сердце), Литл Бит Уайт (немножко белый), Лемон Грин (лимонно-желтый), Хандсом Мэн (красивый мужчина), Клорина (светлозеленая), Блума (цветущая), Дьюдроп (капля росы). Такие имена, как Джой – Радость, имеют духовную ценность и поэтому свойственны культурам многих народов [1].

Займствования и перемещения имен происходят при смене религии. Но в таких случаях имена приспособляются к культуре принявшей их народности. Например, английское имя Джон имеет одинаковое значение с немецким именем Йоханнес и русским именем Иван. В переводе эти имена обозначают «Йоханан» – «Бог милует» [4].

Из «загубленных библеизмов» можно выделить имена Херод (Ирод) и Джудас (Иуда). После событий 11 сентября в Америке загубленным остается имя Усама.

Интересной особенностью личных американских имен является то, что фамилии могут использоваться в качестве личного имени. Например, Синклер Льюис и Аптон Синклер – два известных писателя, но у одного из них Синклер – это фамилия, а у второго – это имя. В качестве первых имен стали употребляться фамилии известных личностей: Мэдисон, Вашингтон, Франклин, Джефферсон и другие.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 **Суперанская, А.** Ваше имя должно вам нравиться [Текст]: научное издание /А. Суперанская// Наука и жизнь, 1991. – №5. – С. 106-111

2 Википедия Свободная энциклопедия [Электронный ресурс]: дата обновления: 29.04.12 —URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/Антропонимия> (дата обращения: 23.05.15)

3 **Мыкышева, Э.** Современные методы исследования семантики английских имен [Текст]: / Э. Мыкышева // XI Международная научно-

практическая конференция «Структурные изменения и развитие общества», Алматы, 2014. – С. 395-401. – ISBN 978-601-80343-6-7

4 **Суперанская, А.** Имя и культура [Текст]: /А. Суперанская// Наука и жизнь, 1991. – №11. – С. 79-85.

Материал поступил в редакцию 03.12.15.

*Э. Ж. Мыкышева*

### Қазіргі американдық антропонимиконның өзгешеліктері

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ.  
Материал 03.12.15 баспаға түсті.

*E. Mykysheva*

### Peculiarities of modern American anthroponymy

al-Farabi Kazakh National University, Almaty.  
Material received on 03.12.15.

*Бұл мақалада американдық антропонимиконның Американдық ұлт мәдениетімен байланысты негізгі ерекшеліктері, статистикалық мәліметтер, американдық онимдер мен басқа ұлт онимдерінің арасында параллель жүргізіліп, американдық аттардың жасалу жолдарына әсер еткен тарихи аспектілер қарастырылған. Сонымен қатар мақалада жалқы есімдердің фразеологизмдерде қолданылуы және ойдан шығарылған аттар библеизмдер мен «жойылған» аттармен қатар қарастырылған.*

*The article discusses the main features of the American anthroponymy in close connection with the culture of the American nation, considers some statistics, a parallel between the US onims and the onims of other nationalities, it also gives the main examples of the formation of American names and aspects of the history that influenced the American list of names. The article also covered the use of personal names in phraseologisms and consecrated the topic of invented names on a par with examples of biblicisms and «ruined» names.*



**Г. Ә. Сағынаева**

PhD докторант, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

## **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ КАТЕГОРИЯСЫН ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ**

*Мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық категориясын жоғары мектепте оқытудың дидактикалық, философиялық ұстанымдары жайлы сөз етілген.*

*Кілтті сөздер: дәстүр, жаңашылдық, оқыту, ұстаным, парадигма, педагогика, психология, философия, таксономия.*

Оқыту теориясы белгілі ғылыми негіздерге сүйеніп құрылатыны белгілі. Оқытуға ниет қылғанда алдымен нені оқытамыз, қалай оқытамыз деген заңды сұрақ туындайды. Оқыту талаптарын білмейінше, оқыту үдерісін нәтижелі ету қиын. Педагогика тарихында оқыту талаптары туралы зерттеулер мен тұжырымдар көп. Солардың алғашқысы әрі педагогика ғылымында үлкен бетбұрыс жасаушы ғалым Ян Амос Коменский. Чех ғалымы «Ұлы дидактика» еңбегінде алғаш оқыту талаптарын саралай отырып, басты ұстанымдарды жүйелеп берді. Оқытуға қолайлы уақытты таңдап ала отырып, академиялық сағаттарда оқу үдерісін мақсатты жүйеде жүзгізуді міндеттеді [111]. Атап айтар болсақ:

- 1) ынталандыру ұстанымы (уәждік ұстаным);
- 2) жүйелілік ұстанымы (оқу материалын біртіндеп күрделендіру);
- 3) саналылық ұстанымы (оқу материалын саналы меңгерту);
- 4) қажеттілік ұстанымы (анық пайда келтіретін нәрсені ғана оқыту);
- 5) даралық ерекшелікті ескеру ұстанымы (бала табиғатын ескеріп оқыту);
- 6) материалды меңгерту үшін мүмкіндігінше сыртқы сезімдерді қалыптастырып оқыту;
- 7) жеңілден күрделіге сатылы оқыту;
- 8) көрнекі құралдармен оқыту ұстанымы.

Осы аталған ұстанымдардың барлығы да білім берудің классикалық үлгісі ретінде тірек-нысанына, дидактиканың өзегіне айналғаны анық.

Бүгінгі білім берудің жаңа парадигмасынан туындайтын дидактикалық талаптар педагог-ғалымдардың жаңа зерттеулеріне түрткі болып отыр. Бұл ретте өзгермелі уақыт үдерісінде оқыту ұстанымдарының бірнеше

жіктемелері қалыптасты. Әрине, оқыту ұстанымы оқу мақсатына байланысты анықталатын болғандықтан, түрлі мақсаттар өз қажеттілігін қанағаттандырарлық түрлі оқу ұстанымдарын жүйелейді. Солардың ішінде біздің оқу мақсатымыз бен мүддемізге сәйкестілік жағынан жақын келетіндерінің бірі ретінде З. А. Исаеваның жүйесін айтуға болады.

Педагог-ғалым жоғары оқу орындарының оқыту ұстанымының екі жүйесін ұсынады. Олар болашақ мұғалімдердің зерттеу мәдениетін қалыптастырудың ұстанымы ретінде тұтастырылған. Атап айтқанда: кәсіби шығармашылық-бағыттылық, ғылымилық, шығармашылық белсенділік, жүйелелік, жеке және топтық жұмыстардағы белсенділік, интеграция, өзін-өзі жетілдіруге бағыттылығы [112, 85-91].

Қазіргідей қоғам құрылысында үлкен өзгеріс болып отырған жағдайда оқыту ұстанымдарының қайсысын ұстануға міндеттіміз деген заңды сұрақ туындайды. Іздену жолымен ненің бізге керек, ненің керек еместігіне сын көзімен қарау, оларды сұрыптай білудің маңызы бөлек.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық категориясын жоғары мектепте оқытқанда білімнің ғылымилық негізде болу ұстанымы күмән туғызбайды. Өйткені бұл ұстаным әр оқу пәнінің өзі тектес ғылым мазмұнымен заңды түрдегі байланысуы және пәннің сол ғылым жетістігіне сүйенуін қарастырады. Яғни білімгердің нақты ғылыми фактіге сүйенуін, оның заңы мен теориясын білуін қамтамасыз етеді.

Әдебиеттану ғылымында осыған дейін анықталған ұғым-түсініктерді саралай тану арқылы, «қазақ поэзиясындағы дәстүр жалғастығын» жаңа ғылыми парадигмалар негізінде зерттеп-зерделеу мақсаты ғылымилық ұстанымның өзегінде жүзеге асырылады. «Адам және поэзия» концепциясы өрісінде талдаудың нәтижесінде «дәстүр» мен «жалғастық» туралы студент түсінігін нығайту қазақ поэзиясын жан-жақты тануға мүмкіндік береді. Жалпы поэзияда және қазақ поэзиясына қатысты шетел ғалымдарының көзқарастарын салыстыра қараудың да маңызы зор.

Сол үшін әрбір сабақта өтілгелі отырған материалдың әдебитанымдық жағын анықтап, күн бұрын сабаққа материал дайындау, сол сабақта қандай ғылыми негізге сүйенуге, дұрыс түсінік беруге болады дегенді де күн бұрын ойластыру қажет.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық категориясын жоғары мектептепте оқытқанда дәстүр жалғастығын, поэзиядағы жаңа ізденістер, жаңашылдық белгілер туралы әдебиетші ғалымдардың зерттеулері және мүмкін болған тұстарда ол туралы жүргізілген әдеби талдамаларды таныстыру мақсаттары көзделіп, түрлі практикалық жұмыстарды (өлең мәтіндеріндегі салыстырмалы шумақтарды теріп жазу, сипаттама жазу, жекелегін ұғымдар мен сөздердің қайталануын, ой қайталауларды дәйектеу сияқты жұмыстарды) көбірек жүргізу қажеттігі айқындалады.

Бұл талаптардың орындалуына мүмкіндік беретін жұмыс түрлері – студентке проблема туғызу, оған қолайлы жұмыс түрі лабораториялық, практикалық жұмыстарды көбірек орындату, поэзиядағы өзгешеліктер мен өзгерістерді бақылату, оны жазып алып, жинақтап және шыққан нәтижелерді талдауға үйрету.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық категориясын жоғары мектепте оқыту үшін тиісті оқыту теорияларын зерделеуде де ғылымилық ұстанымға жүгінеміз. Себебі оқыту теориясы мен оқыту технологияларының философиялық негіздерін түсінбейінше оқу үдерісін тиімді жүргізу күрделі. Оқыту үдерісі тек педагогикалық нысаннан өзге психологияға, оқыту теориясы мен философиясына тікелей қатысты. Ендеше субъектіні оқытуда аталған ғылыми негіздердің интеграциялық байланысын ескерген абзал.

Келесі бір маңызды оқу ұстанымы – жүйелілік және бірізділік. Игерілетін білімнің жүйелі, біріне-бірі жалғасты болуы білім, білік, дағдының берік болуына және өмірде орынды іске асырылуына, студент құзіреттілігінің қалыптасуына пайдалы болады. Алғашқы игерілетін білім одан кейінгі білімді түсінуге жол ашатындай белгілі бір тәртіппен жүргізіліп, оқу материалдарының бір бөлшегі екінші бөлшегімен мағыналық байланыста болуы мазмұндық және логикалық желіде болуы студенттің ойлау жүйесіне де ықпал етеді.

Бірізділік және жүйелілік ұстанымының оқу үдерісінде үнемі сақталуын психолог ғалымдар да өте қажет деп есептейді. Бүгінде тұлғаның құзіреттілігін қалыптастыруда синергетикалық, әлеуметтік, педагогикалық жүйелер саласындағы білімдерді меңгерудің маңыздылығы, формализациялау, құрылымдау және жүйелеу бірліктері мен дағдыларын меңгеру талаптары педагогикалық болмысты тұтас қабылдауға және жүйелі ойлауға қабілетті болу қажеттігін уақыт айқындап отыр. Сондықтан ең әуелі бұл ұстаным әрбір жеке пәннің бағдарламасын жасауда басшылыққа алынуы қажет. Әрбір жеке мамандыққа арналған пәннің оқылуында да бірізділік, жүйе болуы шарт. Пәннің типтік бағдарламасы мен оқу-жұмыс бағдарламасында да аталған ұстаным қатты ескерілуі тиіс. Яғни пәннің пререквизиті мен постреквизитін дұрыс анықтаудан өзге әр тақырыптың өзінің кіріспесі мен түсініктің түп негізі неде дегенді айқындау қажет. Барлық білім мазмұны жүйелі байланыстырып отырғанда ғана, әдеби таным кеңейтіліп, күрделеніп, толығып оң нәтиже береді. Мәселен, қазақ поэзиясында қалыптасқан үрдіс уақыт кеңістігінде айқындалады. Поэзиядағы белгілі бір әдіс-амал, сөз саптауы мен өлең өлшемі кейінгі буында қалай тереңдей түскенін немесе жаңаша түрленгенін, өлең өрнегінің өзгеше реңк алғанын байқату үшін де жүйелі бақылау мен бірізді білім мазмұны қажет болады.

Арнайы педагогикалық, психологиялық зерттеулердің негізінде және оқуды іске асырудың ұзақ жылдардағы тәжірибе нәтижесінде өзінің

тиімді екендігін әбден дәлелдеген – көрнекілік ұстанымы. Бұл ұстаным бойынша тиімділік тұлғаның қабылдауына барлық мүшелерінің қатысты болатындығынан. Мысалға, неғұрлым оқу материалдарын сезіммен қабылдау жан-жақты болса, соғұрлым ол мықтап есте қалады, жете меңгеріледі. Бұл айтылғанның күмәнділігі жоқтығын педагог-психологтар Я. А. Коменский, К. Д. Ушинский, Л. В. Занков та растайды.

Бұл ұстанымның орындалуы сабақта қолданылатын түрлі сурет, айтылған қағида мен ережелерді, немесе түрлі сипаттаулар мен баяндамалардың анықтығын дәлелдеуге, растауға арналған ресми материалдарды көрсету арқылы, оқу ресурстарын лабораториялық, практикалық жұмыстарда қолдану арқылы іске асады. Соңғы жылдары көрнекілік озық тәжірибелі оқытушылардың ізденуі мен түрлі дидактикалық-оқу материалдарымен толықтырылуда. Мәселен сабақта интерактивті оқыту құралдарын белсенді қолдану, студенттік күнделікті өмірінде қолжетімді интернет материалдарын да оқу-таным үдерісінің бір ресурсы ретінде қарастыру қажеттігі туындауда. Студенттерге семинар сабақтарын «Вебинар» үлгісінде ұйымдастыру мүмкіндіктері мол. Студенттердің жұптық, топтық жұмыстарында ұялы телефондарын пайдалану арқылы «Бүгінгі қазақ поэзиясындағы жаңалықтар», «Жас ақындардың поэзиясындағы дәстүр жалғастығы» т.б. мақсатқа лайық ізденіс аймағындағы мәселелерді көтере отырып, сауалнама (интервью) алу, таныстырылым даярлату, сабақ үдерісіне лайықты «Ispring quizmaker» жүйесінде тапсырмалар даярлату мүмкіндіктері бар. Бүгінгі білім беруде көрнекіліктің тиімді екенін айта отырып, жөнсіз көп қолданудың залалды екенін де ескерген дұрыс. Өйткені оқу-таным үдерісі тұлғаның абстрактылы-логикалық ойлауын жетілдіруді назардан тыс қалдырмауды талап етеді.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық категориясын жоғары мектепте оқытқанда ерекше ескерілетін бір ұстаным – шығармашылық бағыттылық.

Кәсіби бағыттылық оқыту мақсатынан тысқары болмайды. Оқу үдерісінің бағыттылық ұстанымы оқыту үдерісінің үйлесімділігіне соның нәтижесінде қалыптасатын субъектінің жан-жақты дамуына тікелей ықпал етеді. Болашақ маманның тұлғалық дамуында оның өзінің оқу-таным үдерісін белгілі мақсаттарға лайықты құра білуі маңызды екендігі белгілі. «Ғылымды ақиқат мақсатпен білмек үшін үйрену» тұлға құзіреттілігінің қалыптасуының да кепілі. Жалпы педагогика мен ұлттық педагогикада бұл идеялар бұрыннан айтылып жүр. Дегенмен шығармашылық-бағыттылық ұстанымын негізге алуымыз болашақ маманды тұлғалық жетілдіруді мақсат етуімізден туындайды. Шығармашылықтың ең қарапайым ұғымында бүгінге дейін жеткен жетістіктер деңгейінен ілгері даму деген түсінік жатқаны рас. Сол қарапайым түсініктен ілгерілесек шығармашылық-

бағыттылыққа тұлғаның шығармашылық ойлауына мүмкіндік беретін, өз оқу-танымдық іс-әрекеттерін шығармашылық бағытта ұйымдастыруына ұйтқы бола білу міндеттері жатады. Студенттің филологиялық білім, білігі немесе педагогикалық іс-әрекеттердің әртүрлі бағыттарын зерттеуге қабілетін қалыптастыру бағытындағы іс-әрекеттерді жүйелеу, сараптамалық-эмпирикалық зерттеу қабілетін дамыту арқылы шығармашылық ізденіске тарту, оқу үдерісін студенттердің шығармашылық қарым-қабілетін үнемі жетілдіруге деген ынта-жігерін оятуға бағыттау, рефлексиялық және өзін субъективті бағалау негізіндегі тұлғалық маңызды жаңа сапаға жетуге түрткі болу, жаңа идеяларды қабылдауға икемділік қабілетін дамытуды көздейміз. Аталмыш ұстаным негізінде студенттің өздік жұмыстары, ғылыми жобалары, қазақ поэзиясындағы дәстүр жалғастығы мен жаңа үрдістер мәселесін нысан еткен мақала, рецензия, аннотациялар, эссе мен кейстер жаздыру жұмыстары арқылы тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамыту жүзеге асырылады. Сондай-ақ, болашақ маман ретінде оқу-үдерісін тиімді ұйымдастыру, жобалау мен оқу-таным үдерісін жоспарлау бағытындағы іс-шараларды ұйымдастыру шығармашылық-бағыттылық ұстанымын негізге алады.

Шығармашылық-белсенділік ұстанымы саналылық пен белсенділік негізінде жүзеге асырылады. Оқу үдерісі екі жақты болғандықтан оқытушы мен студенттің бірлігінің нәтижесінде оқу объектісін тиімді игеру, оқу үдерісінде екеуінің ынтымақтастықта әрекет етуіне шығармашылық-белсенділік ұстанымы негіз болады. Әдетте білім алушының тұлғалық белсенділігі, білім алуға мотивациясының жоғары болуы оқу үдерісінің әр деңгейінде маңызды. Ол белсенділік студенттің жаңа білімді білуге деген ұмтылысынан көріну керек. Өз бетінше жаңа білімді, мазмұнды меңгеруі, бір фактілерді өз бетінше тексеріп көз жеткізуі, өзінше бір қорытынды жасап жинақтауы, әлдеқандай түсініктерді нақтылап айтуға тырысуы, мәліметтердің дәйектілігін сыни көзқараста анықтауы, оны түзетуі сияқтылар арқылы студент белсенділігі көрінеді. Сөйтіп шығармашылық пен белсенділік тығыз байланысты болып, бір ұстаным негізінде көрінеді және бұл екеуі де тұлғаның ақыл-ойын дамытуда ерекше роль атқарады. Бұл ұстаным репродуктивті оқу үдерісінен басталып, эвристикалық, эмпирикалық ізденіске мол мүмкіндік туғызады. Қазіргі қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық және оны жоғарғы мектепте оқытудың дидактикалық ұстанымдарымен қатар оқытудың жаңа технологияларының философиялық негіздерін саралаудың да маңызы зор.

Жалпы білім беру саласына еніп жатқан жаңа технологиялардың философиялық негіздері Б. Блум таксономиясына сүйенеді. Америкалық ғалым Бенджамин Блум бір топ әріптестерімен бірге 1956 жылы «таксономияның» танымдық саладағы мақсаттарды сипаттайтын бірінші бөлімін жарыққа шығарады. Таксономия – (taxis – деген грек сөзінен шыққан,

«тәртіп, орналастыру, құру» және *homos* – «зан» дегенді білдіреді). Осу бағытында бірінен соң бірі орналастырылған және өзара тығыз байланыстағы нысандарды жіктеу және жүйелеуді білдіреді. Бүгінде Б.Блум таксономиясы – танымдық саладағы мақсаттарды сипаттайтын тиімді жүйе екендігіне көз жетіп отыр.

Таксономия идеяларды бүкіл әлем педагогикалық жұртшылығында таным және ойлау әрекеттерінің деңгейлерін, оқу мақсаттарын айқындауда кеңінен қолданыс тапты.

1. *Білім* – ақпаратты, оқу материалын (қажетті деректерді, нақты фактілерді немесе бүтін теорияларды) есте сақтау мен қайталау (репродукция).

2. *Түсіну* – оқу материалын бір формадан екінші формаға, бір белгі жүйесінен басқа жүйеге түрлендіру (интерпретация), ауыстыру, оқу мәліметін өздігінше игеру, салдары мен нәтижелерінің қандай болатындығы туралы алдын-ала болжау, жорамалдау.

3. *Қолдану* – оқу материалын жаңа жағдайлар мен ситуацияларда қолдану. Мәселен, ережелерді, түсініктерді, заңдарды, қағидаларды қолдана отырып қандай да бір жағдаятты шешу.

4. *Талдау* (анализ) – оқу материалын құрамдас бөліктерге жіктеп олардың арасындағы байланыстарды анықтау, бүтіннің қалайша құрылатындығын түсіну және түсіндіре білу.

5. *Синтез* – оқу материалын пайдалана отырып, шығармашылық тұрғыдан жаңа мазмұн құрастыру. Мәселен, баяндама немесе эссе жазу, жоспар немесе схема құрастыру.

6. *Бағалау* – оқу материалының маңызын бағалау: салыстыру және айырмашылықтарын айқындау, дәлелдеу арқылы шешім қабылдау.

Дәстүрлі білім беру жүйесінде оқу-танымдық әрекеттер көбіне білім, түсіну, талдау деңгейінде жүргізілгені белгілі. Мәселен, жоғары оқу орындарындағы дәріс сабақтарының көбі студенттерге белгілі бір ақпарат туралы мәлімет беруге бағытталады. Әдебиеттану салаларынан оқылатын дәрістердің көбінде басты нысанға білім қойылып келді. Білімнің маңыздылығын ешкім жоққа шығара алмайды. Білім алғашқы қозғаушы күш екендігіне ешкім де шек келтірмес. Дегенмен, сол білімнің адам танымына, түйсігінің тереңіне жетуі, содан туатын студенттің қызмет әрекеті барлығынан да маңызды. Сондықтан ендігі жерде білімді талдау мен жинақтаудың, түсіну мен қолдана алудың, өзінің және өзгенің білім деңгейін бағалай алу қабілеттерінің маңыздылығы артып отыр. Б.Блум таксономиясының алты деңгейіндегі студенттің оқу-танымдық әрекетін сипаттап көрейік:

1) Оқу-таным үдерісінің қай түрінде болсын (соның ішінде дәріс сабақтары да бар) білім дайын күйінде көшірілмей, тұжырымдар нақты талаптар тұрғысынан болуы тиіс. Сол білім көзін ашуда басты талап



студенттің өмірлік тәжірибесі мен ұстанған көзқарастарына негізделетін немесе оқытушының ұсынысынан туындайтын болуы қажет.

Қазіргі уақытты білімнің категориялық мәні кеңейе түсті. Мәселен, білім – қайталау немесе тану арқылы мәліметтердің есте қалай сақталғанын тексеру, мағлұмат пен деректерді еске түсіру арқылы жүзеге асырылатын категория. Білім деңгейінде тестілеу, қалдырып кеткен белгілерді орнына қою, анықтамалар мен атауларды жаттау немесе қайталау, үдерістердің өрбу немесе орын алу тәртібін қайталау сияқты тапсырмалар орындалады. Студенттердің басты мақсаты – ақпаратты жадында сақтау және іздеп табуы болып табылады.

«Білім» деңгейі – таным мен ойлаудың басқа деңгейлерінің негізін құрайды, өйткені онсыз қалғандарының жүзеге асуы мүмкін емес.

2) Б. Блум таксономиясының екінші деңгейін түсіну категориясы құрайды. Түсіну дегеніміз мәліметті таныс, анық күйге ауыстыру арқылы өзіндік түсінік қалыптастыру. Бұл деңгейде студенттер мағлұматты тек есте сақтамайды, олар оның ауқымы мен көлемін ұлғайтпаса да, сол берілген мөлшерде басқаша қылып көрсетеді. Олар есте сақтаған мәліметтерді басқа жүйеге түрлендіреді. Студенттер есте сақтаған мәліметтерді басқаға жеткізу жолдарын айқындайды, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтайды, салыстырады, нәтижелерді суреттейді.

Бұл деңгейдегі тапсырмалар «Білім» деңгейімен салыстырғанда, студенттерден белсенділік талап етіледі. Олар ақпаратты өздеріне таныс жүйеге көшіріп, түрлендіреді де, сол арқылы оны есте сақтауды жақсартады.

3) Б. Блум таксономиясының үшінші деңгейі қолдануға қатысты. Қолдану деңгейінде – қандай да бір жағдаятты шешу үшін мәліметті іс жүзінде қолдану, жүзеге асыру қажет. Бұл деңгейде студенттер оқытушының көмегінен таныс емес жағдаятты өздігінше шешуі маңызды. Мұнда қорытынды маңызды мәселе болып қалмай, сонымен бірге шешім іздеу үдерісінің өзі де маңызды болып танылады: студенттің шешім іздегені шешімнің өзінен де маңызды болуы мүмкін.

Бұл деңгейге мынадай тапсырмалар мен сұрақтар жатады: Қалай қолдануға болады? Өздеріңіз жасап көріңіздер. Не білгіңіз келеді? Қалай жасау керек? Кесте жасаңыз, өзіңіз тапқан ой-түйініңізді тұжырымдаңыз, анықтама, рецензия жазыңыз, метадологиялық карта түзіңіз т.б.

Әрине, қазіргі қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселесінен студентке «тыңнан дәстүр қалыптастыр, жаңалық тудыр» демесіміз анық. Әйтсе де, белгілі бір тұжырымдарды өздері тарапынан жазу, салыстыра отырып ой тую, эссе жазу, әдеби тұлғаның поэзиясындағы жаңалықтың іздеріне болжам жасау, оны нақты мысалдармен дәйектеу, қолдану деңгейіндегі тапсырмалар ретінде танылады.

4) Таксономияның талдау деңгейі әдеби білім беруде аса маңызды. Мәселен «қолдану» деңгейі шешім қабылдау үшін құрамдас бөліктерді

біріктірсе, «талдау» деңгейі, керісінше, бүтін, тұтас нәрсені оның қалайша құрылғандығын түсіндіру мақсатында құрамдас бөліктерге бөлуді нұсқайды. Әдебиет сабағында мәтін талдау, образдық талдаулардың барлығында дерлік пайдаланылады. Бұл деңгейде зерттеу нысаны белгілі бір нәтижеге жету үшін қалайша бірге жұмыс жасайды. Студенттер жауап беру үшін ой қозғап, өз жауаптарының логикалық тұрғыдан мінсіз болуын қадағалау керек.

«Талдау» деңгейінің «түсіну» деңгейіне ұқсастықтары бар. Түсінік – нәтижені суреттеу, сипаттау, ал талдау – нәтижеге қалайша жеткендігін түсіндіру.

5) Таксономияның синтез деңгейін – жаңа мазмұн мен бүтін ұғым тудыру мақсатында жеке бөліктерді шығармашылықпен біріктіру деп түсінуге болады. Әдебиетті оқытуда талдау мен жинақтау әдістері оқу үдерісінде бұрыннан қолданылып жүргені белгілі. Талдау үдерісі қаншалықты маңызды болса, жинақтау да соншалықты маңызды. Студенттердің білімін саралай, жинақтай алу қабілеттерін дамыту оқу үдерісінің маңызды деңгейі болып есептеледі.

Синтез шығармашылық үдерістің бірі. Мұндағы зерттеу жұмыстары «қолдану» деңгейінен де, синтезге де жатуы мүмкін. Бірақ «қолдану» жаңа ұғымды құрастыруды талап етпейді, ал синтез студенттердің жеке тәжірибе негізінде жаңалық енгізеді, жаңа шешім шығарады. Синтез – болжау, шарттылық, мүмкіндік ұғымдарында қолданылып, құрамдас бөліктердің қалайша бірігіп, жаңа мазмұн, құрылым, модель құрайтындығын көрсетеді.

6) Б. Блум таксономиясының алтыншы деңгейі – бағалау. Бағалауда күмәнді, даулы және пікірталас туғызатын мәселелер бойынша шешім қабылдап, оны нанымды дәлелдер арқылы айғақтау жүзеге асырылады. Мұнда да шығармашылық әрекеттердің маңызы зор.

Бұл деңгейде студенттер өз жауаптарында дәлдік, нақтылық, логикалық жүйе, дәйектілік секілді талаптарды қолданады, сөйтіп олар өздерінің таңдау жасап, шешім қабылдай алатындығын көрсетеді.

Бағалауда студенттер алдымен өз ойлары, идеяларды пайымдаулары қандай талаптар негізінде құрастырылатындығын анықтап, содан кейін осы талаптарды қолдана отырып, өз ойларын келтіреді. Бұл талаптар студенттердің 1) қандай мәдени және әлеуметтік құндылықтар дәстүр жалғастығында көрініс тапқанын таңдағанына, 2) діни-рухани және тарихи идеалдардың жалғастық үдерісін таңдағанына, 3) ақынның тұлғалық ерекшеліктері мен шығарманың құндылықтарына негізделеді.

Тұжырымдай айтқанда, қазіргі қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық категориясын жоғары мектепте оқытудың дидактикалық ұстанымдарын айқындау үшін тұлғаның болашақ маман ретінде педагогикалық үдерістегі сипаттамасының қандай болатынын бағдарлау қажет. Ол үшін оқу үдерісі нәтижесінде қалыптасатын білім мен іскерліктің



өзара бірліктегі тұтас құзіреттілік кешенін құрған абзал. Оқу-таным үдерісінде тұлғаның шығармашылық бағыты мен іскерлігін қалыптастыру мақсаты айқын дидактикалық ұстанымдарға сүйенгенде ғана жүзеге асырылады.

Оқыту педагогика, психология, оқыту философиясымен бірлікте жүзеге асатын үдеріс болғандықтан оқу пәнінің философиялық заңдылықтары, ұстанымдары дидактикалық талаптары тұтас құрылым ретінде қарастырылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Коменский, Я. А.** Великая дидактика // Коменский Я. А. и др. Педагогическое наследие / Сост. В. М. Кларин, А. Н. Джуринский. – Москва : Педагогика, 1989. – С. 11-106.

2 **Исаева, З. А.** Формирование исследовательской культуры выпускника университета как педагогическая проблема // Формирование личности учителя: межвузовский сборник научных трудов. – Москва : Прометей, 1994. – С. 85-97.

Материал 16.11.15 баспаға түсті.

*G. A. Sagnaeva*

**Обучение в высших школах категории традиции и новизны в современной казахской поэзии**

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.  
Материал поступил в редакцию 16.11.15.

*G. A. Sagnaeva*

**Teaching in higher education the category of tradition and novelty in modern Kazakh poetry**

Kazakh State Women Teacher Training University, Almaty.  
Material received on 16.11.15.

*В статье говорится о дидактических и философских позициях обучения в высших школах категории традиции и новизны в современной казахской поэзии*

*The article refers to the didactic and philosophical positions of training in high schools the category of tradition and novelty in modern Kazakh poetry.*

UDC 81'33

**A. Sarsenbayeva<sup>1</sup>, M. Kulakhmetova<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>master of philology, senior lecturer, Kazakh Humanities and Law University;

<sup>2</sup>candidate of philological sciences, docent, S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar

## THE USE OF DIGITAL STORY-TELLING IN THE PROFESSIONALLY-ORIENTED FOREIGN LANGUAGE CLASSROOM

